

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**  
**5В030100 – «Құқықтану» мамандығы**  
**бойынша білім беру бағдарламасы**  
**Пән: Мемлекет және құқық теориясы**

**Пән: Мемлекет және құқық теориясы**

**4. Дәріс кешені**

**1 – тақырып. Мемлекет және құқық теориясы пәні және әдістері. Жалпы сипаттама 1 апта, 1 сағат.**

**Мақсаты:** «Мемлекет және құқық теориясын» құқықтық институт ретінде, ғылым және оқу тәртібі ретінде ашу, муниципалдық құқықпен байланысын көрсету.

**Сұрақтар:**

1. Мемлекет және құқық теориясының пәнінің ерекшеліктері.
2. Мемлекет және құқық теориясының әдістері.
3. Мемлекет және құқық теориясының атқаратын қызметі.
4. Заң ғылымының жүйесі.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- мемлекет және құқық теориясы туралы алған білімін көрсетуге;
- мемлекет және құқық туралы теоретикалық білімін тәжірибеде қолдануға;
- мемлекет пен құқықты басқа құрылымдардан бөліп қарауға;
- әлеуметтік құбылыстар жүйесіндегі мемлекет пен құқықтың орнын анықтауға;
- мемлекет және құқық теориясының қайнар көзі болып табылатын актілерді анықтай білуге және олармен жұмыс істей білуге;

Әр ғылымның немесе оқу пәнінің өзіндік зерттейтін, оқытатын пәні болады. Ғылымның немесе оқу пәнінің заты – ол зерттейтін мәселелердің жиынтығы.

*Мемлекет және құқық теориясының (МҚТ) пәні – бұл мемлекет пен құқықтың пайда болуының, дамуының және қызмет атқаруының жалпы заңдылықтары, олардың мәні, құрылымы, негізгі бөлшектері, принциптері, институттары. Сонымен қатар МҚТ қазіргі мемлекеттік құқықтық болмыстарды да қарастырады және жалпы құқықтық түсініктерді зерттейді.*

Мемлекет пен құқықты басқа құрылымдардан бөліп қарауға, сондай-ақ әлеуметтік құбылыстар жүйесіндегі олардың орнын анықтауға, сөйтіп, мемлекет пен құқықтық мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Мемлекет пен құқық өте тығыз байланысты. Құқықсыз мемлекет өмір де сүре алмайды, қызмет те істей алмайды. Сондықтан мемлекет пен құқықтың пайда болу заңдылықтары да ұқсас. Мемлекет пен құқық теориясының пәнін былай кестелеуге болады.

Мемлекет және құқық теориясының пәні - өте күрделі ұғым. Осы пәнді толық зерттеу үшін төмендегі сұрақтарға аса көңіл бөлу қажет:

1. мемлекет және құқықтың мәні.
2. кез келген типті және кез келген жүйедегі мемлекет және құқықтың жалпы сипаттары.
3. мемлекет және құқық пайда болуының жалпы заңдылықтары.
4. мемлекет және құқықтың типтері мен формалары (нысандары).
5. мемлекет және құқықтың дамуы мен қызмет етуінің жалпы заңдылықтары, принциптері, механизмдері.

б. мемлекет және құқықтың бір-бірімен және басқа қоғамдық құбылыстарымен байланыс етудің жалпы заңдылықтары.

Заң ғылымдары арасында мемлекет және құқық теориясы ерекше орын алады. Мемлекет және құқық теориясының ерекшеліктері мыналардан тұрады:

– біріншіден, қоғамдық ғылым, өйткені оның пәні мемлекет және құқық, бұлар қоғамдық құбылыстар болып табылады. Бұл ғылым (мемлекет және құқық теориясы) басқа ғылымдардың біразынан (табиғат зерттеу, техникалық тәрізділерден) осы айырмашылықтары арқылы ерекшеленеді;

– екіншіден, саясат пен заңдарды зерттейтін ғылым, мұндай зерттеулерде мемлекеттің саясат пен билікке жататын немесе ғылыммен тікелей байланысты қызметтік іс-әрекеттерін қарастырады. Міне, осындай сипатты айырмашылығына байланысты мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық қондырманы тікелей зерттейтін басқалай да қоғамдық ғылымдардан ерекшеленеді;

– үшіншіден, ғылым мемлекет пен құқықтың негізгі және жалпылық заңдылықтарын, жалпыламалық сипаттарын зерттейтін жалпытеориялық ғылым болып табылады. Осы айырмашылығы арқылы арнайы заң ғылымдарынан ерекшеленеді;

– төртіншіден, методологиялық сипатындағы ғылым. Мемлекеттік-құқықтық қондырманың жалпы заңдылықтарын баяндап түсіндіргенде мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеудің амал-тәсілдерін, жолдарын қарастырып, олардың әдістемелік мәселелерін де шешеді.

– бесіншіден, заң ғылымдарының бәріне тән тұғырнамалық сипаты бар ғылым. Өйткені барлық заң ғылымы пәндерінің "өне бойын көктей өтетін" құқықтық құбылыстарды зерттейді.

Сонымен мемлекет және құқық теориясын – мемлекет пен құқықтың негізгі және жалпы заңдылықтарының, олардың мәні мен тағайынының фактілерге негізделген дамуын қорытындылаған білімдер жүйесі дейміз.

### **Мемлекет және құқық теориясының әдістері**

Ғылымның пәні дегеніміз – оның зерттейтін мәселелері.

Ғылымның әдістері дегеніміз – пәнін танып анықтау үшін сол ғылымның зерттеу барысында қолданатын *тәсілдері, жолдары мен амалдары*.

Әдіс және әдіснама (методология) деген түсініктерді ажыраату керек. Әдіснама екі мағынада қолданылады;

а) әдістер туралы ілім;

б) әдістер жиынтығы

Осы әдістер арқылы ғылым өз пәнін зерттейді. Мемлекет және құқық теориясының әдістері мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеуде ғылыми жолмен, қамтамасыз ететін теориялық принциптердің, логикалық әдістері мен арнайы тәсілдердің жиынтығы болып табылады.

Мемлекет және құқық теориясының қолданатын негізгі әдісіне *диалектикалық әдіс* жатады. Мемлекет және құқық теориясы диалектиканың үш заңына сүйеніп зерттеледі.

Олар:

1. *Сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге ауысу заңы*. Дағдылы іс-тәжірибеде бұл мына жәйттерді білдіреді. Кез келген мемлекет өзінің қызмет атқаруы барысында бүкіл жүйесін дамытуды көздейді, мысалы: құқық қорғау органдары құрылымында және тағы басқаларда да Қазақстан Республикасында 1995 жылға дейін тергеу ісімен байланысты әрекеттермен прокуратура тергеушілері де айналысатын. Қоғамдағы демократиялық процестер дамуы барысында тергеу ісі мен оны қадағалау ісін бір органның қолына берудің ағаттығы айқындалды. Осыдан соң ҚР Президентінің "Прокуратура туралы" Жарлығы жарияланып, онда прокуратура құзырына қылмыстық істерді жүргізуде қадағалау қызметтері қалдырылды.

2. *Теріске шығаруды терістеу заңы.* Бұл заң бойынша қазіргі күнде теріске шығарылып жатқан қайсы бір болсын құбылыс, ертең я болмаса оның арғы күні (яғни өзінің заманы туғанда) қабылдануы және болмыста іске асып жатуы ықтимал жәйт деп саналады. Қазіргі заманнан біраз ғана бұрын қоғам өміріндегі құбылыстарға мемлекеттің толығынан араласып, оған ықпал жасауы жалпы көпшіліктің бәрі танып мойындаған қағидат деп келген болсақ, енді міне заман өзгерген қазіргі сәтте қоғам өз болмысындағы құбылыстарға мемлекеттің араласып, ықпал жасау мүмкіндігін шектеуге талаптанғанын өзіміз іс жүзінде күнделікті өмірде көріп жүрміз.

3. *Қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі заңы.* Бұл заңның айқындауында белгілі бір орында (жерде) және белгілі бір мерзімде (уақытта) бірін-бірі жоққа шығаратын құбылыстар болуы ықтимал екен. Мысалы: 1) Құқық бұзушылық және заңды жауаптылық құбылыстар бірге жүреді; 2) Қазақстан Республикасы билік бөлінісі жүйесін жариялады. Сонымен қатар мемлекеттік билік біртұтас, үш биліктің арасы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет және құқық теориясының өдістері бірнеше түрлерге жіктеледі.

**Жалпы ғылымдық әдістер:**

а) *диалектикалық әдіс* (диалектика-даму);

б) *абстрактілік ойлаудан нақты* (конкретті) *ойлауға өрлеу әдісі.*

Мысалы: мемлекет нысаны (формасы) деген ұғымды алып мемлекеттің әр түрлерін талдай бастасақ, онда "мемлекет нысаны (формасы) ұғымы өзінің құрамдас бөліктерінің "басқару тұрпаты" деген ұғыммен толықтана бастайды. Сонда мұндағы алғашқы ұғым "мемлекет нысаны (формасы)" талдау барысында кейін жаңа нақты белгімен, яғни ерекшелікпен толықтырылғанын байқаймыз. Ал енді керісінше құқық бұзушылық ұғымының бірнеше, яғни қылмыстық, әкімшілік, азаматтық түрлерін зерттеу барысында нақтылықтан (конкретіден) абстрактілікке қарай өрлесек, онда құқық бұзушылық туралы жалпы ұғымды тұжырымдауға қол жеткіземіз;

в) *тарихи әдіс.* Бұл әдіс – мемлекет пен құқықтың тарихилығына, оның өзгермелілігіне және әрқашан да дамуда болатын құбылыс екендігіне негізделеді. Бұл әдісті қолдану барысында зерттелініп отырған мемлекет пен құқықтың өз қызмет бағыттарын атқарып отырғанда қандай тарихи ортада, қандай дәстүрлер мен қандай аумақтық ерекшеліктер мен халықтар болатындығының ескерілуі қажет екендігін байыптаймыз;

г) *жүйелілік әдісі.* Мемлекет және құқық - құрылымы күрделі болып келетін жүйелілікті білдіретін ұғым. Мысалы, мемлекет мемлекеттік органдар жүйесінен, ал құқық – құқық салаларынан тұратынын осы әдісті қолданып пайымдаймыз.

Мемлекет және құқықты біртұтас жүйе ретінде қарастырып зерттегенде ғана оны толығынан танып білуге болады.

Мемлекет және құқық теориясын зерттеп барып пайымдаудың **арнайы және ғылыми дербес әдістері** де бар:

а) *формальды – логикалық әдіс.* Бұл әдісті қолдану арқылы құқтың ішкі құрылымы, қайнар кездері, оны (құқықты) жүйелеудің әдістері зерттелінеді, сөйтіп пайымдалады. Мемлекет табиғатын зерттеу барысында бұл әдіс мемлекет нысанын (формасын), сондай-ақ оның құрылымын талдағанда қолданылады;

б) *салыстырмалы мемлекеттану мен қиықтану әдісі.* Бұл әртүрлі еддердің мемлекеттік және құқықтық жүйелерін зерттеуде негізге алынатын әдіс;

в) *нақты – әлеуметтік әдіс* – нақты әлеуметтік зерттеулерге негізделген әдіс. Бұл зерттеулерді жүргізгенде қоғамдағы заңдарға, мемлекеттің тікелей өзіне немесе оның құрамдас бөліктеріне қоғам қандай пікірде, қандай қайшылықтарда екендігі анықталынады. Бұл әдіске тән амал-тәсілдерге:

– байқау жүргізу;

– анкеталау;

– интервью алу (сұраққа жауап алу);

– эксперимент жасау жатады.

Жоғарыдағыларды тізбелегенде атап өтетін бір жәйт мемлекет және құқық теориясы әдістерінің сан қилы болып келетіндігі. Дегенмен осы әдістер өздерінің мемлекет және құқықы қоғамның күрделі құбылысы деп жан-жақты тануға мүмкіндік береді.

### **Мемлекет және құқық теориясының атқаратын қызметі.**

Заң ғылымдарының қоғам өміріндегі мақсаты оның атқаратын қызметінен көрінеді.

Мемлекет және құқық теориясы барлық заң ғылымдарына негіз болады, зерттеу жолын көрсетеді.

МҚТ қызметтері әртүрлі.

1. *Онтологиялық қызметі.* Мемлекет және құқық теориясы бұл қызметін атқаруда осы ғылым пәнінің теориялық негіздерін зерттейді. Мемлекет және құқықтың не екендігін, оның қалай пайда болғанын түсіндіріп береді. Сонымен бірге қазіргі замандағы мемлекеттің қырлары мен сырларын ашып, ол туралы түсініктеме жасайды.

2. *Гносеологиялық қызметі,* басқаша айтқанда *түп-тұқияндық қызметі.* Бұл қызметті жүзеге асыру барысында, мемлекет және құқық теориясы аталып отырған пәнді танып білу үшін зерттеп, байыптауды жүзеге асырудың теориялық тәсілдерін даярлайды, ал мұның өзі түбінде құқықтық танымның дамуына жол ашады.

Заң ғылымының *түп-тұқиянын* білу нәтижесінде құқық, оның жүзеге асырылуы және барлық құқықтық құбылыстар танылады. Құқықтық болмысты талдау барысында *құқықтық ұғымдар, түсініктер, құрылымдар* қалыптасады да, олар құқықтық құбылыстарды одан ары танып-білудің құралдарына айналады. Құқықты тану үшін ерекше теориялық амал-тәсіл (концепция) қолданылады. Құқықтық бір мәселені зерттеп тану үшін бірнеше, өзара пікір таластыратын теориялық тәсілдер қолданылуы мүмкін. Осындай шығармашылық пікір таластыру нәтижесінде шындықты ашуға, ақиқатты айқындауға мүмкіндік туады. Мысалы, құқықтың қандай әлеуметтік құбылыс екеніне анықтама беру үшін оған *нормативтік, философиялық және қоғамтану* тұрғысынан қарау қажет.

3. *Методологиялық қызметі.* Мемлекет және құқық теориясы іргелі ғылым болғандықтан, оның зерттейтін заты, яғни пәні де бар. Олай болса бұл ғылымның сол пәнді зерттеуге, соның барысында зерделеуге қажетті тәсілдері мен амалдарының жолдары да бар. Осылар арқылы заң ғылымдарындағы ұғымдар, санаттар, құбылыстар зерттелініп, талданып, ғылымда өздеріне тиісті орындарын алып жатады.

Заң ғылымының дүние тануы құқықтық құбылыстарды зерттеуге, пайда болу жолдарын анықтауға байланысты. Шынайы дүние танушылық – ғылыми ізденістің нәтижеге жетуінің шарты. Осы уақытқа дейін заң ғылымдары марксизм-ленинизмнің дүние тану тәсілін қолданып, басқа тәсілдерден бас тартқандықтан, құқықтың шын мәнін зерттеп білуге мүмкіндік болмады. Марксизм-ленинизм құқыққа тек қана таптық тұрғыдан қарағандықтан, оның әлеуметтік мән-мағынасын толығынан, жан-жақты түсіндіре алмады.

4. *Идеологиялық қызметі.* Идеология ұғымына халықтың, қоғамның, оның белгілі бір әлеуметтік топтарының көзқарастары мен ұстанатын принциптерінің жүйесі жатады. Қайсы бір реттерде халықтың немесе ұлттың көпшілік бөлігіне арналған бірыңғай (жұмылдырушы) идеология орын алып жатады. Мысал ретінде бұрынғы КСР Одағын алуға болады. Мұнда тек қана бір марксистік-лениндік идеология орын алып келген болатын. Қазіргі күннің мысалдарын келтірер болсақ, онда АҚШ-ты айтар едік. АҚШ-та американдықтардың арманы дейтін ұғым бар. Әрбір американдық өзінің табыс табуға деген өз елінде бар мүмкіншіліктер жасалғандығына сенетіндік идеологиясы қоғамда орын алған. Қоғамда идеологиялық бағыт-бағдардың болмауы немесе оның жойылып кетуі елде аласапыранмен, толқулардың басталуына, сөйтіп мемлекет аумағында заң бұзушылықтардың өсуіне, қылмыстардың өршуіне апаратыны өз еліміздің басынан кешіп отырғандығын мысал ретінде айтуға болады. Сондықтан да мемлекет және құқық

теориясы қоғамда белгілі бір құқықтық және саяси мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақыл-кеңестер топтамасын ұсынып отырады. Әрине мұндай ақыл-кеңестер мемлекеттің өзі жүргізіп отырған саясатына үйлес болуы, оған қайшы келмеуі тиіс. Мұндай құқықтық мақсаттар мен саясатты жүзеге асыруда мемлекет әрқилы құралдар мен әдістерді қолдануы мүмкін. Мысал үшін Идеологиялық бағдарлама ретінде қабылданған ҚР Президентінің "Қазақстан-2030" деген үндеуін атауға болады. Мұнан басқа құжаттан ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауын да жатқызуға болады.

5. *Болжамдық, (прогностикалық) қызметі.* Жоғарыда айтылғандай, мемлекет және құқық теориясының пәні – мемлекет пен құқықтың пайда болуы, қызмет бағыттарын атқаруы мен дамудың жалпы заңдылықтары және осылардың қоғамдық болмыс пен саяси жүйеде алатын орыны екендігі мәлім.

Мемлекет пен құқық теориясының пәніне жататындардың заңдылықтарын зерделей отырып бұл теория өзінің ұғым-түсініктерінің әрі қарайғы даму барысын, мемлекеттік-құқықтық аяның өзгерістерге ұшырауын болжалдайды. Ал мұның езі өз кезегінде түзетуге келмейтін қателіктердің алдын алып, оларды болдырмауға мүмкіндіктер береді.

Ерекше атап айтатын жәйт, мемлекет және құқық теориясының барлық қызметтері бір-бірімен тығыз шиырлана өрілген болып келеді де олар бірін-бірі өзара толықтырып жатады. Сондықтан да бұлар мемлекет және құқық теориясы тағайынының толыққанды түсінігін тек жиынтық түрінде ғана бере алады.

Заң ғылымының қызметі құқықтың, құқықтық құбылыстардың дамуы, өзгеруі туралы болжау жасауға мүмкіндік береді. Ғылыми құқықтық болжалдың маңызы – қоғамдық қатынастарды дағдарыссыз, жұлқыныссыз, ырғақты реттеудің жол-жобаларын айқындауға мүмкіндік береді. Әрине, өтпелі кезеңде қоғамдық қатынастарды ырғақты реттеу оңай емес, себебі кенеттен пайда болатын өзгерістерді алдын ала болжау өте қиын. Сондықтан қабылданатын заңдарда олқылықтар, кемшіліктер көп кездеседі. Осы жағдайды Қазақстанның құқықтық жүйесінің қалыптасу барысынан да байқаймыз. Неғұрлым қоғамдық қатынастарда тұрақтылық басым болса, соғұрлым олардың даму жолын алдын ала болжау да оңайырақ болып, құқық арқылы реттеудің жолы жеңілденеді.

6. *Дағдылы ұйымдастырушылық қызметі.* Қандай бір дамыған мемлекет болса да, ол ертелі-кеш шешімі қиын, әрі онысы тез арада табыла қоймайтын келелі мәселелерге тап болатыны тарихтан мәлім. Міне осындай жағдайларда дағдылы істер мен тәжірибелерге және теориялық жадығаттарға (материалдарға) сүйене отырып мемлекет және құқық теориясы ғылымы кездесіп отырған келелі мәселенің шешімін іздестіреді. Осындай ізденістер барысында аталған қиын мәселелерді шешудің жолдары анықталады. Осы анықталған жолдар - ақыл-кеңестер ретінде ұсынылып тығырықтан шығудың жолын айқындайды. Мысалы, Қазақстан Республикасы сот реформасын 1995 жылдары бастаған кезде соттар тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен халық заседательдері институтынан бас тартқан болатын. Ал қазір сот жүйесінде туындаған қиындықтарға байланысты ҚР Конституциясының 75-і бабына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар арқылы соттардың өздерінің іс қарауларында сот әділдігін жүзеге асыруына мүмкіндік жасау үшін ант берген сот мүшелері (присяжные заседатели) институтын енгізді. Әлем елдерінің соттар жүйесінде жинақталған іс-тәжірибелер мен өз мемлекетіміздің де сот жүйесінің іс-тәжірибелерін елеп-екшеудің нәтижесінде, елімізде соттар үйесіне қойылып отырған талаптарға сай келетін, біздердегі жағдайларға ыңғайластырылған шешім қабылдауға мүмкіндік пайда болды.

Заң ғылымының нәтижесін *іс жүзінде қолдану* – құқық жасау және оны жүзеге асыру қызметін жетілдіру мәселесін шешу болып табылады. Бұл тәжірибелік ұсыныстар жасауға байланысты болып келеді. Заң ғылымы теориялық мәселелерді зерттей отырып, құқықтық болмыстық заңдылықтарын анықтайды, соның нәтижесінде сапалы заңдар жасау ісі, мемлекет органдарының қызметін жетілдіру шаралары белгіленеді, ол жөнінде ұсыныстар жасалады. Әрине, мұндай ұсыныстар пайдалы, ұтымды әсер ету үшін ғылыми

тұрғыдан шүбәсіз болуы керек. Сонымен қатар мемлекет органдары, лауазым иелері ондай ұсыныстарды пайдалануға әрекет жасаулары қажет.

7. МҚТ *тәрбиелеу қызметі*- өзіне тән әдістермен заңды құрмет тұтатын, заңға бағынатын азаматтарды қалыптастыру. Заң ғылымдары – құқықтың игілікті құбылыс екенін, әр азаматтың заңды мүддесін қорғайтын құрал екенін, оның өміріне қажетті жағдайлар жасайтын амал екенін дәлелдейді. Заңсыз іс-әрекеттердің қандай дағдарысқа апаратынын, адамды тығырыққа тірейтінін айқындайды. Сөйтіп, заңды сақтау, оны бұзбау әрбір азаматқа қажет екенін дәлелдеп, адамдардың құқықтық, санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

### **Заң ғылымының жүйесі**

Заң ғылымы – мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеп, олардың қоғамдық өмірмен байланыстарын, арақатысын айқындайтын арнайы білім жүйесі. Заң ғылымы өзі зерттейтін объектілерінің ерекшеліктеріне байланысты түрлі салаларға бөлінеді.

Келесі беттегі кестеден байқалатыны, Қазақстан Республикасында заң ғылымдары, біріншіден, *мемлекет пен құқықтық теориясына* негізделеді. Теорияда мемлекет пен құқыққа тән жалпы заңдылықтар, олардың жалпы белгілері, түрлері оқытылады. МҚТ-мен тығыз байланыста *мемлекет және құқықтық жалпы тарихы* заң ғылымы болады. Бұл пәннен әр елдің мемлекеті мен құқығының тарихын тану арқылы, олардың қандай кезеңдерден өткені, қандай ұлттық ерекшеліктері болғаны анықталады.

Мемлекет пен құқықтың қалыптасуына, дамуына, өзгеруіне *саяси және құқықтық ілімдер* зор әсер етеді. Сондықтан осы ілімдердің де тарихы оқытылады.

Сонымен қатар әр елдің өз мемлекеті мен құқығының шығу, қалыптасу, даму, өзгеру тарихы бар. Бұл тарихты зерттеу және оқыту тек білу үшін ғана керек емес. Мемлекеттің тарихы оның қазіргі жағдайына, болашағына да әсер етеді, қоғамды ұтымды жолмен дамытуға, қажетті саясатты жасауға жол сілтейді. Сондай-ақ ұлттық саяси және құқықтық сананы қалыптастыруға да әсерін тигізеді.

Әр мемлекеттің өзіндік ұлттық құқық жүйесі қалыптасады. Ол жүйе мемлекеттің, қоғамның ерекшеліктеріне сәйкес, қоғам өмірінің салаларына бейімделіп қалыптасады. Сөйтіп, сол салалардағы маңызды қоғамдық қатынастарды реттейді. Мемлекетпен қоғам өмірінің салаларындағы қоғамдық қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты құқық салаларының өзіндік ерекшеліктері болады. Сондықтан құқық салаларының аталуы да, мазмұны да ерекше, айрықша болып келеді.

Әр мемлекет басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста болады және дүниежүзілік қауымдастық шешетін мәселелерге қатысуға атсалысады. Соған байланысты басқа мемлекеттердің ұлттық құқық жүйесінің негізгі саласы – *конституциялық құқықты* білу өте қажет. Халықаралық қауымдастық қабылдаған құқықтық құжаттар бар, олар негізінен адамдардың құқықтары мен бостандықтарына арналған. Демократиялық даму жолына түскен мемлекет мұндай халықаралық құқықтық құжаттарды мойындауға, мемлекет ішінде қолдануға міндетті. Сол себепті *халықаралық құқықты* да білу өте қажет.

Заңдарды жүзеге асыруда, *қолданбалы қосалқы ілімдердің* (криминалистика, сот психиатриясы, т.б.) атқаратын рөлі ерекше.

### **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2007.
2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
3. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт,

процедура. Алматы. 2002.

4. Алексеев С.С. Теория права. М.1996

5. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000

6. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1.Ақмамбетова А.Ф. Адам құқығын қорғаудағы құқықтық және имандылық тетіктері. // Право и государство. №3 (22) 2001.

2.Амолдилова К. Заң бар, оны орындауға мүмкіндік жоқ // Тураби. 2001. №

3.Әмірғазин С. Діни сенім бостандығы және заң// Тураби. 2001. № 2.

4.Вайсберг Л.М. Идея правового государства и проблема этатизма // Изв. АН КазССР. – Сер. обществ. наук. – 1989. – № 5.

## **2 – тақырып. Мемлекет және құқықтың пайда болуы. 2 апта, 1сағат.**

**Мақсаты:** Мемлекеттің шығуының жалпы заңдылықтарын, мемлекеттің және құқықтың пайда болуының жолдарын қарастыру.

### **Сұрақтар:**

1. Мемлекеттің шығуының жалпы заңдылықтары

2. Мемлекеттің және құқықтың пайда болуының жолдары

3. Мемлекеттің шығуы туралы теориялар.

### **Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

-мемлекеттің шығуының жалпы заңдылықтарын ашуға;

-мемлекет пен құқықтың пайда болуының жолдарын көрсетуге;

-мемлекеттің шығуы туралы теорияларды талдауға.

Ғылыми зерттеулердің мәліметтеріне қарағанда біздің ғаламшарымыз – жер осыдан 4-5 млрд. жыл бұрын пайда болған көрінеді. Адам яғни саналы адам – homo sapiens жер бетінде осыдан 40 мың жыл бұрын пайда болған дейді антрополог ғалымдар. Алғашқы мемлекеттік құрылымдар біздің дәуірімізден 4-5 мың жыл бұрын пайда болғанын ғылыми зерттеулер дәлелдеді. Соған сәйкес ежелгі адамдар 35 мың жылдар бойы мемлекеттік құрылымдарсыз өмір сүрген деуге болады.

Мемлекеттілікке дейінгі кезең ғылымда *алғашқы қауымдық құрылыс* немесе *рулық қауым* деген атаумен белгілі. Бұлай болатын өз себебі бар, өйткені адамдар ол кезде қауым, ру-ру болып тайпаларға бірігіп өмір сүрген. Бірлестіктерге бірігу қандас туыстық, бірге тұру және бірлесіп, ортақтасып еңбектенуге негізделінетін.

*Ру – адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі, туысқан адамдардан тұратын қауымдастық.* Оның мүшелері өзара некеге отырмайды. Барлық халықтар рулық дәуірден өткен. Қазіргі халықтардың кейбіреуінде рулық дәуірден қалған әдет-ғұрыптары, дәстүрлері әлі де сақталған. Мысалы, қазақтың әдеті бойынша жеті атаға дейін қыз алысып-беріспейді.

Рулық қоғамда *қауымдық билік* болған. Ру өміріне байланысты мәселелердің барлығын рудың *жалпы жиналысы* қарап, шешіп отырған. Оған жынысына қарамай, кәмелетке толған ру мүшелерінің барлығы қатысатын. Қандай мәселе болса да, жалпы қауымның келісімімен, әділдік жолымен шешілетін. Ру мүшелері жалпы жиналыста *ру ағасын* сайлайтын. Ру ағасына ақылы толған, ру әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін білетін, рудың қамын ойлайтын, қауымды басқара білетін адам сайланатын. Бірнеше рулар бірігіп, *тайпа* құрайтын. Тайпаны басқару үшін *ру ағаларынан кеңес* құрылатын. Сол кеңесте рулардың тұрмысына, басқа тайпалармен қарым-қатынасына байланысты мәселелер қаралатын.

Алғашқы қауымдық құрылыс, яғни рулық қауым жетілу деңгейі төмен, даму жағы тұралап қалған қоғам болатын. Мұнда бірлесіп еңбектенудің негізгі түрлері терімшілік, аң және балық аулау болатын. Еңбектенудің осындай түрлеріне сай еңбек құралдары да қарапайым, жетілдірілмеген болып келетін.

Алғашқы қауымдық құрылыста (рулық қауымда) әлеуметтік билік орын алатын. Мұндай билік әдетте ең алдымен еңбектенуге негізделетін де, онда күштеп еңбек етуге мәжбүрлеу болмайтын. Адамдар міндеттерін өз еркімен атқаратын, еңбек ету қауымдағы адамдардың барлығына Бірдей болатын, еңбектену нәтижесінде табылған қоректер рулық қауым адамдары арасында теңдей етіп бөлісілетін, қауымдастардың құқықтары да, міндеттері мен жауапкершіліктері де бәріне бірдей тең болатын.

Рулық қауым яғни алғашқы қауымдық құрылыстың негізгі басқару органдары көсем – ру басы яғни қауым бастығы, қариялар кеңесі және қауымдастардың жалпы жиналысынан тұратын. Рулық қауымның болмысына байланысты ең маңызды мәселелерді шешу күн тәртібіне қойылғанда ғана қауымдастардың жалпы жиналысы шақырылатын болған. Рулық қауымның әрбір ересек мүшесі қандай да болсын мәселелерді талқылауға оларды шешуге қатысуға хақылы болатын.

Рулық қауымдағы күнделікті, әрі кезек күттірмейтін мәселелерді дер кезінде шешуді ұйымдастырып, басқарып отыру үшін қауымның ең беделді мүшелері арасынан қауым бастығы көсем (ру ағасы) сайланатын. Бұл лауазым сайланбалы әрі алмастырылып отыратын және де ол лауазым иесіне ешқандай пұрсаттар бермейтін.

Ру ағасы (көсем) қауымның басқа мүшелерімен тең болатын және барлық қауымдастар тәрізді солардың үлесіндей мөлшерде үлес алатын болған. Оның биліктік беделі тек қана қауымдастардың оған деген құрметіне, сеніміне негізделетін. Соғыс туындағанда әскерге басшылық ету үшін әскери көсем сайланатын, қауым ішінде осылайша көсемдер (қариялар) кеңесі құрылатын.

Уақыт өте келе рулар өзара бірігіп тайпаларды құрайды, өз кезегінде олар әлгі рулар өкілдерінен тұратын көсемдер (қариялар) кеңесі арқылы басқарылатын. Тайпаны басқаратын көсемдер (қариялар) кеңесі тайпа көсемін сайлайтын. Бұл лауазым да қоғам дамуының алғашқы кезеңдері де алмастырылып отыратын және ол лауазым иесіне ешқандай жеңілдіктер бермейтін.

Қоғам дамуының әрі қарай жалғасуы барысында тайпалар да бірігуді бастады. Алғашында мұндай бірігу уақытша сипатта болатын, кейіннен тайпалардың бірігуі тұрақты сипат ала бастады. Сөйтіп тайпалар одағы қоғам дамуының қозғаушы күштерінің біріне айналды.

Тайпалар одағы тайпа көсемдері кеңесі арқылы басқарылатын, олар болса одақ көсемін сайлайтын. Қоғам дамуы барысында кейінірек көсемдер өз қызмет бағыттарын өмір бойы атқаратын болды.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келгенде алғашқы қауымдық құрылыс (яғни рулық қауым) жөнінде оларға ғана тән мынадай сипаттарды атап-атап көрсетуге болады.

1. Ру (алғашқы қауым) мүшелері ортақ шаруашылықпен айналысуында қандас туыстастығына, барлығына ортақ аумақта бірге тұрып өмір сүруіне сүйенген.

2. Ортақ тілде сөйлеген және дәстүрлері, әдет-ғұрыптары жалпы барлығына бірдей болған.

3. Ру адамдары арасында некелік қатынастардың орын алуына тыйым салынған. Мысалы, қазақтар некелік қатынастарына тыйым салу "жеті атаға" жеткенге дейін сақталып келген яғни жақын туыстар түгілі жамағайындар арасындағы некелік қатынастарға да тыйым салынатын болған.

4. Ру (қауым) адамдарының өлгенін барлық қауымдастарға ортақ қабірстанға жерлейтін болған.

5. Әрбір рудың (қауымның) өзіне тән атауы болатын.

6. Руды (қауымды) ең беделді қауым мүшесі көсем (ру ағасы) басқаратын, оның өзі қауымның жалпы жиналысында сайланатын.



Соныменен, мемлекеттік кезеңге дейінгі әлеуметтік билік тікелей түрде қоғамдық болған, оның құрылуы алғашқы қауымдық демократияға, өзін өзі басқаруға негізделген-тін, оның ықпалы тек ру (қауым) тегіне ғана таралатын да сол рудың (қауымның) ырқын (ерік-жігерін) білдіретін, қандас туыстардың өзара қатыстылықтарына негізделетін, мұнда қауымның жиналысы биліктің органы ретінде іс атқаратын, ру ағалары алғашында еш-қандай жеңілдіктерге ие болмаған деп тұжырым жасауға болады.

Ф.Энгельс алғашқы қауымдық құрылысты "алғашқы қауымдық коммунизм", "адамзаттың алтын ғасыры" деп атаған.

Алғашқы қауымдық кезеңде қоғамдық қатынастарды нормативтік реттеу, рулар мен тайпалардың әлеуметтік-экономикалық бірлігін білдіріп және оны қамтамасыз етіп отырған адамдардың тіршілік ету әрекеттерінің өзінде болатын. Мұның өзі еңбек құралдарының жетілдірілмеген қарапайымдылығымен, еңбек өнімділігінің мардымсыздығына байланысты еді. Осыдан барып бірлесіп тұру еңбек құралдарына қоғамдық меншіктің болуын және ендірілген қоректік өнімдерді теңдей етіп бөлу қажеттілігін туындатты. Ал мұның өзі алғашқы қауымдық қоғам нормаларының табиғи болмысына әжептәуір ықпалын тигізді.

Нормалар алғашында "табу" – тыйымдар түрінде болды, бірте-бірте олар әдет-ғұрыптарға ұласты (сөйтіп басқаша, екінші түрге айналды). Кейініректе моральдық нормалар пайда бола бастады.

*Әдет-ғұрып – қауымдағы адамдардың қарым-қатынасын реттейтін, дағдыға айналған географиялық, ұлттық, экономикалық факторларға байланысты тарихи қалыптасқан, жазылмаған мінез-құлық қағидасы.* Әдеттер ру тұрмысының дамуына байланысты, ру мүшелерінің арасындағы қатынасты жөнге салып, реттеу үшін, олардың өсіп-өніп, өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажетті құрал ретінде қолданылды. Олар ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ру мүшелерінің сана-сезіміне ананың сүтімен, қауым өмірінің үлгісімен сіңіп, олардың мінез-құлықтарын, іс-әрекетін алға бағыттап отырды. Ру әдеттері барлық ру мүшелерінің еркін білдіріп, мүдделерін қорғайтын қағидалар деп танылып, оны мүлтіксіз орындау әрбір ру мүшелерінің дағдысына айналды. Ру әдет-ғұрыптарын сақтау, орындау – міндет пе әлде құқық па деген сауал ру мүшелерінің ойына кіріп те шықпайтын. Олардың түсінігінше ру әдеттерін, дәстүрлерін бұлжытпай орындау табиғи, өзінен-өзі түсінікті жағдай болып саналды. Рулық әдеттер, дәстүрлер қандай болғанын қазақ халқының тарихынан да көруге болады.

### **Мемлекеттің шығуының жалпы заңдылықтары**

Ру дәуірінде адамдар тек жаратылыстың даяр өнімдерін жинап қорек етіп, өмір сүрген. Келе-келе адамдар өндіріс құралдарын жасап алып, өздері шаруашылыққа кіріседі. Сөйтіп, жинау-терімшілік шаруашылығынан өндіру шаруашылығына ауыса бастайды. Мал өнімдерімен күнелтуден диқаншылыққа ауысады.

Диқаншылықтың нәтижесінде отырықшылық қалыптасып, елді мекендер, қалалар салына бастайды. Қалаларда қол өнері пайда болып, ол мал шаруашылығы және диқаншылық сияқты табыс көзіне айналады. Экономиканың аталған салалары бірінен-бірі бөлініп шығып, дербес өмір сүре бастағаннан кейін, бірінің өндірген өніміне бірі мұқтаж екендігі байқалады. Диқандарға мал өнімі, малшыларға жер өнімі, қолөнершілерге тамақ қажет болады. Сөйтіп, соларға делдадық жасайтын алыпсатарлар қалыптаса бастады.

Құрал-саймандардың жетілдірілуіне байланысты еңбек өнімділігі де өседі. Соның нәтижесінде *артық өнім* пайда болды. Рулық қауымда барлық жиналған, табылған өнім ру мүшелерінің жалпы меншігі болған еді. Енді еңбек өнімділігінің өсуіне байланысты артық өнім жеке адамдардың, жеке отбасыларының меншігіне айнала бастады. Сөйтіп, малға, жерге, қолөнер бұйымдарына *жекелеген иелер* пайда болды. Ақырында ру қауымының жалпы меншігінің орнына *жеке адамдардың меншігі* пайда болып, меншіктің айрықша түрі – *жеке меншік* қалыптасты. Жеке меншіктің пайда болуына байланысты қоғам

таптарға бөлінді. Бір жағынан, құрал-жабдықтар, өндірілген бұйымдар, мүлік-дәулет адамдардың бір тобының қолында шоғырланады да, байлар пай-да болды. Екінші жағынан, кедейлер, жарлылар пайда болды. Сөйтіп, рулық қауым өзіне тән белгілерінен айрылып, құлдыра-ды. Оның орнына жеке меншікке негізделген, айрықша екі үлкен әлеуметтік топтан тұратын қоғам қалыптасты. Мұндай жағдайда рулық қоғамдағы барлық ру мүшелерінің игілігін көздеп, еркін білдіретін қауымдық билеу құрылымы өз міндетін, қызметін атқара алмады.

Меншік иелерінің – байлардың айрықша мүдделері болғандықтан, басқа ру мүшелерімен, кедей-жарлылармен қатар отырып, мәселелерді тең негізде шешуге бармайды. Содан байлар мен кедейлердің арасында *қайшылықтар* пайда бола бастады. Қоғамдағы осындай түбегейлі экономикалық-әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде қоғамды билеу, басқару жүйесі де өзгерді. Рулық биліктің орнын саяси билік, саяси құрылым баса бастайды. ***Сөйтіп, қоғамның белгілі бір сатысында мемлекет және құқық пайда болды.***

### **Мемлекеттің және құқықтың пайда болуының жолдары**

Мемлекеттің пайда болуы және оның қалыптасуы ұзақ уақыт бойы жүретін процесс. Ол әр халықта әрқилы болып өткен.

Мемлекеттің пайда болуының тарихи екі түрлі жолын атап айтуға болады;

1. Мемлекеттің пайда болуының *шығыстық жолы* (Ежелгі Шығыс, Африка, Америка). Осы жолмен көшпелі мемлекеттер де пайда болған.

Өздерінің дамуы барысында мемлекеттің пайда боларында бұл мемлекеттер шығыс жолымен жүріп өтті. Сонда бұл жолдың сипаты мына белгілерден көрінеді:

- рулық (алғашқы) қауымға тән ерекше белгілер (атрибуттар): жерді қауым болып иелену мен оларға ұжымдық меншік ру-тайпа ақсүйектерінің (абыздар, әскери көсемдер және с.с.) қолына шоғырланған. Бұл шоғырлану ру-тайпалық құрылыстың (яғни қауымның) ыдырауы барысында да сақталған. Ал енді бұлардағы басқарудың қоғамдық құрылымдары мемлекеттік органдарға айналған, ал ру-тайпа ақсүйектері шенеуліктер аппаратына өзгерген, сонда жер қоғамдық болудан өзгеріп мемлекеттікке көшкен.

2. Мемлекет дамуының *батыстық (еуропалық) жолы*. Мемлекеттер дамуында бұл жолды Рим, Афины елдері жүріп өткен. Бұл жолға тән сипаттарға келер болсақ, олар алғашқы қауымдық құрылыстың (ру-тайпалардың) ыдырауының белсенді түрде болғанын сөйтіп жеке меншік пен таптардың пайда болғанын атау керек. Мысалы, Римде мемлекеттің пайда болуына үлкен ықпалын тигізген плебстер мен патрицийлердің күресі болды. Соның нәтижесінде плебстер демократиялық жеңілдіктер алған.

Мемлекеттердің пайда болуының әрқилы жолдарының болуына қарамастан, олардың бәріне өз ықпалын тигізген қозғаушы күш – ру-тайпалық құрылыстың (қауымның) ыдырауы мен ұйымдасқан түрдегі мемлекеттік биліктің қажеттілігінен туындаған болатын.

Сондай-ақ құқықтың пайда болуында біркелкілік сипат болмаған, әрбір мемлекетте оның даму барысына әрқилы қозғаушы күштер өз ықпалын тигізген. Құқық дамуында да екі жолдың бар екені мәлім:

1. Құқықтың пайда болуының шығыстық жолы (Ежелгі Шығыс елдері): мұнда құқықтың қалыптасуы мен дамуына үрдістер зор ықпалын тигізген. Сондықтан, қазірдің өзінде де Ежелгі Шығыс елдерінің қайсы біреулерінде құқықтың басты кайнар көзі ретінде діни нормалар қолданылуда.

2. Құқықтың пайда болуының батыстық (еуропалық) жолы. Бұл елдерде әдет-ғұрыптық құқықтардан басқа заңдар мен прецеденттік (үлгі боларлық шешім) құқық та дамыған.

Дегенмен, құқықтың пайда болуына ортақ түрткі фактор (себеп) – сан алуан күрделі қоғамдық қатынастар пайда болды.

### **Мемлекеттің шығуы туралы теориялар**

Мемлекет пен құқықтың шығуы туралы түрлі теориялар бар. Осы құбылыстардың пайда болуын олар түрліше түсіндіреді. Марксизм-ленинизм ілімі мемлекет пен құқықтың пайда болуын *таптық теория* тұрғысынан түсіндіреді. Рулық қауым құлдырап, жеке меншік пайда болып, қоғам екі тапқа – қанаушы және қаналушы таптарға бөлінген соң, олардың арасында шешілмейтін қайшылықтар, ымырасыздық орын алады. Сол екі тап нәтижесіз, тоқтаусыз күресте бірін-бірі жойып жібермеуі үшін рулық биліктің орнына жаңа саяси құрылым – *мемлекет* пайда болады. Мемлекет аталған қайшылықтарды шешу үшін емес, кедей тапты байлардың еркіне көндіріп, оны қанауға, езуге жағдай туғызу үшін құрылған. Сондықтан қандай да мемлекет болсын тек қанауды мақсат тұтып, бай, яғни үстем таптың игілігін көздеп, соның мүддесін қорғайды. Ф. Энгельс "Отбасы, жеке меншік және мемлекеттің пайда болуы" деген ғылыми еңбегінде мемлекет пен құқықты үстем таптың құралы деп таниды. Социалистік мемлекет те таптық мемлекет. Бірақ ол сан жағынан қоғамның басым көпшілігін құрайтын еңбекші таптың мүддесін қорғайды.

*Теологиялық (діни)* теория мемлекет пен құқықтың пайда болуын *құдайдың* күдіретімен байланыстырады. Әрбір ірі дінде құдайдың әрекеті деген діни-құқықтық қағидалары бар. Қазіргі заманда да кейбір мемлекеттер осындай қағидаларға негізделіп құрылып, қызмет атқаруда. Бұл қағидаларға сүйене отырып дін теоретиктері мемлекет пен құқық құбылыстарын діни рәсімдерге байланыстыра түсіндіреді.

*Патриархалдық теория* мемлекет пен құқықтың шығуын отбасының дамуымен байланыстырады. Отбасының қожасы ер адам, ол отбасын өз еркімен билейді, отбасы мүшелерінің арасындағы қатынастарды реттейді. Сөйтіп, отбасы мүшелерінің белгілі бір тәртіпке бағынып, қалыптасуының жөн-жобаларын анықтайды. Адамдар осындай қағидаларды басшылыққа алып, мемлекет құруда отбасын басқару үлгілерін қолданған деп түсіндіреді бұл теория.

*Келісім-шарттық теория* мемлекет пен құқықтың шығуын, пайда болуын адамдар арасындағы *келісім-шартпен* байланыстырады. Тағылық дәуірде адамдар өмір сүру үшін бірімен-бірі жауласып, соғысып, әбден береке-қасиеті кетеді. Сондай қауіпті, келіссіз өмірден құтылу үшін адамдар өзара ымыраға келісіп, шартқа отырады. Соның нәтижесінде мемлекет құрып, оған қоғам мүшелерінің барлығын қорғауды, лайықты өмір сүруге жағдай туғызуды міндеттейді. Қоғам мүшелері де заң талаптарына бағынатыны туралы міндеттеме алады, деп түсіндіреді бұл теорияны жақтайтындар.

*Күштеу (зорлау) теориясы* мемлекет пен құқықтың шығуын *зорлық-зомбылықпен* байланыстырады. Күшті тайпалар әлсіз тайпаларды жаулап алып бағындырып, олардың қарсылығын басып тұру үшін мемлекет және оған тән басқару, күш қолданатын органдарды құрады дейді.

Мемлекет пен құқықтың шығуын түсіндіруге тырысатын бұл аталғаннан басқа да теориялар бар. Осы теориялардың бәріне тән бір белгі бар – ол мемлекет пен құқықтың адам қоғамы дамуының белгілі бір сатысында пайда болуы. Шынында да тарихи деректерге жүгінсек, мемлекет пен құқықтың қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде шыға бастағанын байқаймыз.

1. Мемлекет (таптық тәсіл бойынша) – бір таптың (азшылықтың) бір тапқа (көпшілікке) үстемдік етуін қолдайтын саяси ұйым.

2. Мемлекет (жалпы әлеуметтік тәсіл бойынша) – саяси ұйым (ассоциация). Бұл саяси ұйымға оның мүшелері бұқаралық биліктің қатынастар арқылы біріктіріледі. Мұнда мемлекет адамдардың өзара ымыраға келуінің құралы болып табылады.

3. Мемлекет – құқықтық заңдарға тәуелді адамдардың бірлестігі (И.Кант бойынша).

*Құқықтың пайда болуының негізгі теориялары:*

1. *Геологиялық теория.* Бұл теорияны жақтаушылар құқықты құдайдың жаратқаны, құдайдың адамдарға берекелікке, әрі сонымен бірге жер бетінде төртіпті сақтау мақсатындағы берген құрылымы деп түсіндіреді.

2. *Құқықтың табиғи жаратылыстық теориясы.* Бұл теорияны жақтаушылардың пайымдауы бойынша мемлекеттің белгілеуі арқылы анықталған құқықтармен қатар адамның жаратылыстық табиғатынан туындайтын да құқықтардың бар екендігі алға тартылады.

3. *Құқықтың тарихи теориясы.* Бұл теория құқықты тарихи түрде туындайтын, сөйтіп әрі қарай дамиды деп таниды. Теорияның бір ерекшелігі мұнда құқықтың ұлттық өзгешеліктері болады да, олар мемлекетте құқық дамуы барысында ескеріліп отырады. Бұл теория құқық дамуы барысындағы ұлттық ерекшеліктерді ескеріп отыратынын мойындағанымен заң шығарушылардың рөлін жеткілікті дәрежеде тани қоймайды, яғни мойындамайды.

4. *Құқықтың психологиялық теориясы.* Бұл теория құқықтың түзілуін (пайда болуын) адамдардың психикасына (жүйке жүйесіне) байланыстыра қарастырады. Сонда, осы теорияның түсіндіруі бойынша – құқық деп адамдар қоғамда қабыл алынып мақұлдаған мінез-құлық ережелерін баянды ету мақсатын білдіретін психологиялық тілек-ықыласын бірінші орынға қояды. Мұның өзі адамның жаратылыстық табиғатында (жүйкесінде) көрініс тапқан, өйткені белгісіздік пен екі ұштылыққа адам төзбеген ғой деп дәлелдейді.

5. *Құқықтың маркстік теориясы.* Осы теорияны жақтаушылар құқықтық терең тамыры *экономикада* деп бұлтартпайтын дәлелдер келтіріп, құқық экономикалық базиске тәуелді деп сендірген. Құқықтың экономикадан жоғары тұруы мүмкін емес, өйткені мемлекет экономикасының белгілі бір мерзіміне қандай құқықтық нормалардың қажет болатынын тек экономика ғана айта алады. Дегенмен құқықты таптар күресімен байланыстыра қарау, сөйтіп құқықтан тек үстем таптың көзқарастарын іздестіру артық кеткендік болады. Олай болатын себебі әлгілердің барлығы, дұрысын айтқанда қоғам мен мемлекеттің типіне (түріне) байланысты болып келеді. Өйткені, құқықтық қоғам, құқық қаналушы таптарды езіп-жаншуға бағытталмаған, қайта ол қоғамдағы қатынастарды дамытып, бәріне тең құқықтылық жағдай жасауға бағытталған болып келеді.

## **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2007.
2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
3. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
4. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
5. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
6. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
7. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
8. Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Данилов С.Ю. Правовые демократические государства. Очерки истории. М. 1999.
2. Дмитриева Г. Әділет жолында // Тураби. 2001. № 2.
3. Жоламан К.Д. Құқықтық мемлекет оның түсінігі мен мазмұны. // Право и государство. № 1-2 (16-17) 2000.
4. Зиманов С.З. Сот тәуелдігі – сот әділдігінің кепілі // Тураби. 2001. № 3.
- 5.

**Тақырып 3. Мемлекеттің түсінігі белгілері, мәні және функциялары. 3 апта, 1 сағат.**

**Мақсаты:** мемлекет ұғымына түсінік беріп, оның негізгі белгілерін анықтау.

### Сұрақтар:

1. Мемлекет туралы ұғым.
2. Мемлекеттің негізгі белгілері.
3. Мемлекеттің мәні және негізгі функциялары.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- мемлекет ұғымына түсінік беруге;
- мемлекеттің негізгі белгілерін анықтауға;
- мемлекеттің мәні және негізгі функцияларын талдауға.

**Мемлекет туралы ұғым.** *Мемлекет – басқару функциясын орындайтын және соның көмегімен қоғамның тіршілік-тынысын қамтамасыз ететі, оған қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасауға ұмтылатын адамзат қоғамын ұйымдастырудың айрықша нысаны.* Өзіне тән ерекше белгілері мен қажетіне, сондай-ақ өзіндегі аса мол мүмкіндіктеріне қарай мемлекет экономиканы дамытудың, әлеуметтік-саяси, рухани, ұлтаралық және жеке адамдардың арасындағы қатынастардың маңызды мәселелерін шешуге нақты қатысып, қоғамдағы істердің жағдайына белсенді түрде әсер ете алады. Мемлекет тек өзіне ғана тән функциялары, әсер ету нысандары мен әдістері бар айрықша құрылым ретінде сипатталады. Соның арқасында оны қоғамда, ұйымда, құрылымдар мен институттарда әрекет ететін басқалардан ерекше өзгешелігімен көзге түсетін күрделі саяси организм ретінде ұғынамыз.

Көрсетілген негізгі жағдайлар біздің түсінігімізде және мемлекетті анықтауда өзінің көрінісін табуы керек. Өзінің көрінісін тапқан құбылыстың күрделілігі мен көп аспектілігіне қарай оның біржақты болуы мүмкін емес.

Мемлекет дегеніміз - адамзат қоғамы дамуының нәтижесінде пайда болған саяси ұйым.

*Мемлекет – қоғамды басқару міндетін атқаратын, адамдардың, топтардың, таптардың қарым-қатынастарын реттеп отыратын, заңдарды қабылдайтын саяси ұйым.*

Мемлекет – қоғамның саясатын жүзеге асыратын саяси ұйым.

Мемлекет туралы ұғымның толық болуы үшін оның белгілеріне егжей-тегжейлі тоқталып, олардың мазмұны мен мәнін тереңірек ашу қажет.

**Мемлекеттің негізгі белгілері.** Мемлекеттің рулық басқару нысанынан басты айырмашылығы арнаулы *кәсіби басқару* және *мәжбүрлеу* аппаратының болатындығында жатыр. Бұл жердегі әңгіме қоғамнан ерекшеленген, басқару ісі негізгі жұмысына, кәсібіне яғни мамандығына айналған, қатары біртіндеп көбейе бастаған адамдар туралы. Басқарушы - адамдардың мұндай ерекше тобын алғашқы рулық басқару нысаны білген емес. Ол тек қана басқарудың мемлекеттік жүйесіне тән нәрсе; олар мемлекеттің рабайсыз үлкен механизмін іске қосады. Нәтижесінде мемлекеттің барлық халқы бір жағынан басқарылғандарға, екінші жағынан басқаратындар мен басқаруға байланысты маманданғанға бөлінеді. Сөйте тұра екіншілерінің біріншісіне қатысы тек қана басқару

функцияларын емес, сондай-ақ кейбір мәжбүрлеп ықпал ету шараларын да ресми түрде жүзеге асыруына қақысы бар.

Мемлекеттің басқа бір ерекше белгісі, өзінің өмір сүруі үшін халықтан *салық* жинауға мәжбүр болуы. Бұл *салық* – мемлекеттің өмір сүріп, тіршілік етуінің экономикалық негізі; салықсыз ол күн көре алмайды, өйткені қаржының жетіспеуінен немесе болмауынан оның тіршілік етуі қиындайды. Салықты мемлекеттің барлық азаматтары, соларға қоса шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да төлейді; халықтың шамалы бөлігі ғана салық төлеуден босатылады. Мемлекет салықтан түскен қаржыны басқару және мәжбүрлеу аппаратының орасан зор армиясын ұстауға, мемлекеттің өзі жүргізетін ішкі және сыртқы саяси шараларын қаржыландыруға, медицинаны, білім беру, ғылым, мәдениет салаларын қолдауға, экономиканың маңызды салаларын ынталандыруға, қоғамдық қауіпсіздікті, құқық тәртібін, қылмыс және құқық бұзушылықпен күресті қамтамасыз етуге пайдаланады.

Мемлекеттің ерекше белгілерінің біріне оның *өз азаматтарын аумақтық принцип бойынша бөлетіндігі* жатады, ал алғашқы – рулық басқару ұйымының негізі мүлдем басқаша – қандас туыскандардың байланысы мен қарым-қатынасынан құралады. Енді соңғысы бұрынғы маңызын жойды, басқару ісінде басым болудан қалды. Керісінше, мемлекет азаматтарға өздеріне тиесілі құқықтарын бөліп, оларға міндеттер жүктеу туралы мәселені шешкен кезде, оларды басқару, ұйымдастыру және басқа да шараларға тарту кезінде ең алдымен олардың аумаққа жатуын, тұрғылықты жерін ескереді.

Мемлекеттің дамуы барысында халықтың аумақтық орналасу принципі бірқатар мемлекеттік-құқықтық институттарымен (тұтас алғанда) жанама түрде байланыс орнатты, ол оны нақтылай түсуге, тереңдетуге, айқын мазмұнмен толықтыруға бағытталған болатын.

Айтылғанға байланысты адамның қандай да бір мемлекетке жататындығын білдіретін азаматтық институты пайда болды. Азамат еместер шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ тұлғалар болып танылады. Азаматтардың мәртебесіндегі айырмашылықтарының, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың арқасында мемлекет халықты "өзіміздікі" және "өзіміздікі емес" деп айшықтап атап көрсетеді (дифференциялайды). Сыртқы (мемлекеттер арасындағы) және ішкі (автономиялық және әкімшілік аумақтық бөліністер арасындағы) шекаралар институтының маңызы айтарлықтай. Олардың көмегімен мемлекеттік биліктің кеңістіктегі шегі, сондай-ақ мемлекеттің егемендігінің құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтық билік жүргізу институты анықталады.

Мемлекет басқа ұйымдардан қоғамда әрекет ететін құрылымдарымен және институттарымен, *егемендік* сияқты белгімен ерекшеленеді. Бұл сипат мемлекетті басқа ұйымдардан, қоғамның құрылымдары мен институттарынан жоғары қояды.

Егемендіктің екі құрамдас бөлігі бар: *үстемдік* және *тәуелсіздік*. Мемлекеттік биліктің *үстемдігі* деп өз аумағындағы ең жоғары билікті айтады. Өз аумағындағы жұмыс істеп тұрған барлық ұйымдар, бірлестіктер, құрылымдар мен тұлғалар мемлекеттің басымдық рөлін мойындайды. Олар мемлекеттік бұйрығын орындауға, мемлекеттің белгілеген тәртібін сақтауға әрі бұзбауға міндеттенеді. Мемлекетке тиесілі аумақта бірде бір ұйым, бірлестік немесе құрылым мемлекетке қарсы келе алмайды.

Егемендіктің екінші бір құрамдас бөлігі болып саналатын *тәуелсіздік* дегеніміздің мәнісі – мемлекет өзінің билігін дербес жүргізеді, өзінің стратегиялық бағыты мен тактикалық жолын өзі тандайды, өз ісіне ешкімді араластырмай, ішкі және сыртқы саясатын өзі жасайды, басқаның үстемдігіне жол бермейді. Тәуелсіздік ұғымының ішкі аспектісі мемлекеттің ішінде жұмыс істейтін бірде-бір ұйымның, бірлестіктің және құрылымның мемлекет билігінің дербестігіне қол сұға алмайтындығына ерекше көңіл аударуға міндеттейді. Ал тәуелсіздіктің сыртқы аспектісі, егемен мемлекет басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дербес қарым-қатынасты сақтайды дегенді білдіреді.

Мемлекет – қоғамның, елдің, халықтың ресми өкілі. Қоғамның, елдің, халықтың мүддесін ол қанағаттандыра алды ма, жоқ па, қоғам, ел, халық оған өкілеттік берді ме жоқ па, оған қарамастан бұл мәселенің дұрыс жауабы алдын ала түйінделіп қойған ұғым болып табылады. Қоғамда, елде, халықтың арасында жұмыс істеп жатқан басқа бірде-бір ұйым (бірлестік, құрылым) қоғамның, елдің, халықтың еркі мен мүддесін білдіруші екендігін, барлық деңгейде және барлық жағдайда оларды білдіре, көрсете аламын деп мәлімдеуге батылдық білдіре алмайды. Бұған үміткер болуға мемлекеттің ғана негізі бар. Мемлекеттің мұндай сипаттарының молдығына дау жоқ.

Мемлекеттік басқарудың құқықтық нысаны, реттеуді және ықпал етуді пайдалануы, оның міндетті белгісі болып табылады. Олардың алдында тұрған міндетті мемлекет *құқықсыз* шеше алмайды. Егер мемлекеттің аумағында орналасып, жұмыс істеп тұрған басқа ұйымдар, бірлестіктер мен құрылымдар құқық шеңберінде әрекет етіп, құқық тәртібін сақтауы, заңдар мен басқа да құқықтық нұсқауларды орындауы қажет болса, онда құқық аясындағы мемлекеттің қызметі мүлде басқаша, маңызды ерекшелігімен сипатталады және әр алуан болып келеді: бұл айтылғандардан басқа, мемлекеттің құқықшығармашылық монополиясы, сондай-ақ құқық қорғау, бақылау, қамтамасыз етіп, кепілдік беретін функциялары бар. Мемлекет қоғамдағы негізгі өзара қарым-қатынаста өзінің қызметіндегі басты демеу болып отырған құқық бастауына сүйенеді.

Мемлекетте ішкі және сыртқы функциялардың жиынтығы болуы және оларды органдар, мекемелер мен билік құралдарының жүйесімен жүзеге асыруға бейімделуі (бұл мәселелер төменде егжей-тегжейлі қарастырылатын болады) мемлекеттің айрықша белгісі болып табылады.

Осыған дейін айтылып келген, мемлекеттің ерекшелік белгілерінен басқа, мемлекеттің элементтері туралы да айту керек, ол отандық оқу және монографиялық әдебиетте халық пен аумақты меңзейді. Ол тіршілік ету және даму процесінде мемлекет сүйенетін объективті тірек ретінде түсіндірілуі керек. Халықсыз және аумақсыз мемлекет жоқ және болмайды да: соңғысын табиғи факторға немесе мемлекеттің материалдық құрамдас бөлігіне жатқызу қажет.

Сонымен, *мемлекет – саяси ұйым*. Қоғамда көптеген саяси ұйымдар болуы мүмкін. *Бірақ мемлекет – ерекше, бүкіл қоғамды қамтып, негізінен, соның атынан, қоғам үшін қызмет істейтін саяси ұйым*. Мемлекет қоғамның атынан қоғамның ішінде де, басқа мемлекеттермен қатынастарда да қызмет атқарады. Сондықтан мемлекеттің қоғам өміріне тікелей және жанамалай әсер ететін ерекше органдары және басқа саяси ұйымдардан оны ажырататын белгілері бар. Оларға жататындар мыналар: 1) *Мемлекеттік егемендік*. Мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі - ол басқа мемлекеттерден тәуелсіз болады, оларға бағынышты емес. Мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатын өзі қалыптастырып, өз еркімен жүзеге асырады. Былайша айтқанда, басқа мемлекеттерге жалтақтамай, өзінің ішкі және сыртқы істерін өзі атқарады. 2) *Билеуші органдар*. Мемлекеттің ерекше билеуші, басқарушы органдары болады. Мемлекет органдарында тек басқару қызметімен шұғылданатын чиновниктер (қызметкерлер) болады. Қоғамдағы заңды орнықтырылған тәртіпті қамтамасыз ету үшін мемлекет *әскер, полиция* құрады. Сыртқы жаулардың жансыздарынан сақтану үшін қарсы *барлау органын* ұйымдастырады. 3) Мемлекет органдарын, оларда істейтін қызметкерлерді қаражаттандыратын оның *арнаулы материалдық қоры* болады. Ол қорды жасау үшін мемлекет *алым-салық* белгілейді және оны жинайды. 4) Мемлекеттің өзінің тұрағы, *аумағы* болады. Сол аумақта мемлекет құрылады, өз қызметін атқарады, билік жүргізеді. Өз аумағының тұтастығын мемлекет барлық күш-қуатымен сақтап, қорғауға тынымсыз әрекет жасайды. Мемлекеттер арасындағы қайшылықтар, келіспеушіліктер, соғыс-тар көбінесе осы жер, аумақ мәселесіне байланысты. Мемлекеттің аумағы басқаруды тиімді жүзеге асыру үшін әкімшіліктерге бөлінеді. Халық әкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлініп тұрғандықтан олардың құқықтық жағдайы соған байланысты болады. 5) Мемлекеттің күрделі белгілерінің бірі – *құқықтық жүйенің* қалыптасуы. Қоғамдық қатынастарды реттеп,

оларды қажетті қалыпқа салып, тәртіп орнату үшін құқықтық нормалар жасалынады. Оларды жасап, қабылдайтын мемлекеттің тиісті өкілеттігі бар органдар болады. Сол құқықтық нормалардың жиынтығы мемлекеттің *құқықтық жүйесін* құрайды.

### **Мемлекеттің мәні және функциялары.**

Мемлекеттің мәні – мемлекеттің басты тағайыны, осы құбылыстың басты өзегі, яғни басты жемісі.

Мемлекеттің мәні оның мазмұнын, мақсатын, қызметінің бағыттарын анықтайды. Басқаша айтқанда мемлекеттегі билік пен оның құрамында болатындардың бәрі.

Кез келген мемлекетте қарама-қарсы қайшы болып келетін екі мән – *таптық* және *жалпы әлеуметтік* мән болады.

Мемлекеттің таптық мәнін қарастырып көрейік. Мемлекет бұқара (көпшіліктің) билігі ретінде өзін өзі басқарудың бұрынғы органдары қауымдық құрылыста басқару қызметтерін атқаруды тоқтатқаннан бастап пайда болады. Қоғам әлеуметтік жіктелуге аяқ басады, бұрынырақта қоғамның (қауымның) барлық мүшелеріне тиісті болған билік саяси сипатқа ие болады, сөйтіп ол ең алдымен қуатты әлеуметтік топтардың таптардың мүддесіне бейімділік танысу түрінде жүзеге асырылады. Сонымен мемлекеттің таптық мәні қашанда болсын билікте қоғамның қуатты тобының мүддесін жақтау және оны жүзеге асыру арқылы білдіріледі.

Дей тұрғанмен мемлекет тек ауқатты таптың ғана қамын ойлаумен айналыспайды, қайта ол бүкіл қоғамның қамын да ойластыруға мәжбүр болады. Өйткені қоғам бірегей ағза (организм) болғандықтан, соған сәйкес дәулетті топтар ондағы кедей (жарлы) қаналушы топтарынсыз тіршілік ете алмайды. Сөйтіп кез келген мемлекет қашанда болсын жалпы әлеуметтік қызметтерді де жүзеге асыруға мәжбүр болады, сондықтанда, бүкіл қоғам мүдделерін де ескеріп қызмет атқаруы тиіс. Осы айтқанымыз мемлекеттің жалпы әлеуметтік мәні болып табылады.

Мемлекеттің қайсысы болса да қанаудың, қандай бір әлеуметтік топтың, таптың үстемдік құруының машинасы, құралы ғана емес, сонымен бірге ол бүкіл қоғамның мүддесін де білдіреді, оны біріктіру құралы, оны интеграциялайтын тетік болып табылады.

Мемлекетте әрқашанда бір жақты таптық немесе топтық үстемдік құрушы билеуші басшы тобы мүдделерімен бүкіл қоғамның мүдделері үштастырылады, үйлестіріледі.

Әртүрлі тарихи жағдайларда осы екі мәністік (мәндік) жақтардың арақатыстылығы әртүрлі мемлекеттерде бірдей емес, яғни әрқилы болып келеді, бір жағының күшеюі басқа жағының нашарлауына апарып соғады.

Мемлекеттің таптық мәні жоғары дәрежеде құл иеленуші мемлекетте байқалады, онда құл (күн) құқықтың субъектісі емес, құқықтың объектісі (заты) – мүлік яғни жанды мүлік есебінде құл иеленушінің меншігі болып табылады.

Қоғамның дамуы барысында, құл иеленушіліктен феодализмге, феодализмнен капитализмге қарай өту кезеңдерінде және сол формацияларда мемлекеттің жалпы әлеуметтік жақтары үлкен рөл атқара бастады. Әсіресе мемлекеттің жалпы әлеуметтік мәні осы күнгі батыс мемлекеттері қоғамында айқын көрінеді. Бұл көріністерді кәсіпкерлердің табыстарына салынатын салықтардың жоғары мөлшерде болуынан, еңбек ету жағдайларын мемлекет тарабының реттеуін, алуан түрлі әлеуметтік бағдарламалардың кең түрде дамуынан және тағы басқалардан байқауға болады.

Мемлекеттің әлеуметтік рөлінің жоғарылай түсуі әжептәуір дәрежеде әлеуметтік қайшылықтардың жұмсаруына апарды, таптық қарсыластардың әрекеттерін басу шараларының қажеттілігі де азаяды, қоғамдағы тұрақтылық та нығая түседі.



Осы заманғы дамыған мемлекеттер өзінің жалпы әлеуметтік мәнін ұлғайтуға деген ұмтылысын күшейтуде, өйткені олар ең алдымен қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға мүдделі болып отыр.

Сонымен қорытып айтқанда қайсы мемлекетте де болсын қарама-қарсы екі мән болады – таптық және жалпы әлеуметтік, проблемаларды туындататын да осы екеуінің арасындағы қайшылықтар. Оларды шешу мемлекеттің бірден бір міндеті болып табылады.

Мемлекеттің аталған міндеттерді орындауы олардың қызмет бағыттарынан көрінеді.

Мемлекеттің қызметтері дегеніміз қоғамды басқарудағы мемлекеттің өзінің алдына қойған міндеттері мен мақсаттары, әлеуметтік тағайыны мен мәнін білдіретін, өздеріне ғана тән формалары, өздеріне ғана тән әдістер арқылы атқарылатын әрекеттері және олардың негізгі бағыттары. Мемлекеттің қызметтері қатып қалған және ешбір өзгермейтін қасаң құбылыс емес, қайта олар өзгермелі, өзгерістерге жиі ұшырайтын құбылмалы болып келеді.

Нақты тарихи жағдайларға байланысты қайсыбір қызметтері басты шарт ретінде алға шығып отырады. Мысалы: ежелгі кезеңдердегі Шығыс Азия мемлекеттерінде ирригация яғни, суландыру жүйесі құрылыстарын салу – қоғамдық жұмыстар ретінде мемлекеттің басты қызметтері болып саналған. Ал көшпелі елдерде мемлекеттерді сыртқы жаулардан қорғау ісі басты қызмет түрі болатын. Қазіргі дамыған демократиялық елдерде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісін қамтамасыз ету басты қызмет болып табылады.

Демократиялық мемлекеттің негізгі мақсаты – қоғам үшін, қоғамдағы адамдардың топтары үшін, қоғамның дамып өркендеуі үшін қызмет атқару болып табылады. Қоғам өте күрделі құбылыс. Қоғамның негізгі тірегі - өндіріс. Өндірісті ұйымдастырып, дамыту үшін мемлекет те, адамдардың бірлестіктері де, жекелеген адамдар да қажетті іс-әрекет жасап отырады. Бұл салада мемлекеттің істейтін қызметі сан алуан. Мемлекет өзіне қарайтын кәсіпорындарды тікелей басқарып, олардың жұмысын реттеп отырады. Мемлекеттің меншігінде табиғи байлықтар да болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Меншіктің басқа түрлерінің қалыптасуына, пайдалану әдістеріне мемлекет немқұрайлы қарай алмайды. Себебі меншік міндет жүктейді, оны пайдалану иесімен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуі тиісті. Сондықтан мемлекет өз меншігіне жататын объектілерді тікелей басқарып реттейді, ал мемлекеттік емес меншік түрлерін жанамалап реттейді. Демек, қалай да болса шаруашылықты ұйымдастыру және реттеумен шұғылданады. Осыған байланысты мемлекеттің *экономиканы ұйымдастыру, басқару, реттеу функциясы* болады.

Қандай да болсын қоғам түрлі таптар мен әлеуметтік топтардан тұрады. Кейбір елдерде, мысалы Қазақстанда, көптеген ұлттар тұрады. Олардың арақатысын реттеу – негізінен, мемлекеттің міндеті. Оларға қамқорлық жасауды, олардың арасындағы қатынастарды, пайда болатын қайшылықтарды реттеу, шешу, жөнге салу, тек қана мемлекеттің қолынан келетін іс. Ол үшін мемлекетте күш те, қаражат та, басқа да мүмкіндіктер бар. Осыған сәйкес мемлекет *әлеуметтік функция атқарады*. Егер де мемлекеттің осы қызметі кең өріс алып, үздіксіз жүргізілетін болса, оны *әлеуметтік мемлекет* дейді.

Осы заманғы мемлекеттердің бәрінде де ең маңызды қызметтер *экологиялық қызмет* болып табылатындығын атап өтуіміз керек. Осылай көңіл бөліп атап көрсетуіміздің себебі адамзат баласының қазіргі кездегі тіршілік ету әрекетінің қоғамдық масштабта табиғатқа теріс ықпал жасауынан туындап отыр. Мысалдар келтірсек, адамзатты, табиғатты бүлдіру шектен шығуда. Атмосфераның, судың, топырақтың ластануы қатерлі сипат алып бара жатыр, адамды қырып-жоюдан алапат құралдарының жинақталған қорлары бәрі жиналып адам айтқысыз жойқын проблемаларды туындатып отыр.

Чернобыль атом электростанциясының; ядролық апатының өзін еске алсақ та, мұхиттар мен теңіздердегі атом сүлгуір қайықтарындағы апаттарды еске алмасак дәрісіміз

мысалсыз жалаң, яғни дәлелсіз болады. Мысалы, Баренц теңізінде 2000-шы жылдың тамыз айында болған Ресейдің "Курск" атом сүңгуір қайығының апатқа ұшырауы, Каспий теңізінің ластануы салдарынан Каспий итбалығының (тюлень) жаппай қырылуы, Арал теңізінің тартылып, оның құрғап қалған орнынан ұшқан тұзды тозаңдардың Канадаға дейін жетіп жауын-шашынмен жаууы алапат апат емей немене, осы сияқтыларды тізбектей берсе адам баласына төнген қауіптің орасан зор екеніне көз жеткіземіз.

Осы аталғандардың бәрі адам тіршілігінің нәтижесі. Басқаша айтқанда, осындай әрекеттер жер бетіндегі бүкіл тіршілік иелерінің өміріне қауіп төндіруде.

Қандай қоғам болса да ғылымсыз, білімсіз, мәдениетсіз өркендеп, дами алмайды. Бұл салада да мемлекет зор қызмет атқаруы керек. Мысалы, Қазақстан мемлекетінде мемлекеттік ғылыми-зерттеу, білім беру, мәдениет мекемелері бар. Оларды мемлекет қаржыландырып, жұмысын реттеп, басқарып, бағыт беріп отырады. Мемлекеттік емес оқу, мәдениет орындарының жұмысын заң жүзінде реттеу арқылы оларға да әсер етеді. Демек, мемлекеттің ғылымды, білім беруді, мәдениетті басқарып, дамытып отыратын функциясы болады.

Аталғандар мемлекеттің ішкі функциясына жатады. Мемлекет басқа мемлекеттермен түрлі, сан алуан қатынастарға түседі. Алдымен мемлекет өзінің тәуелсіздігін, егемендігін, аумағының тұтастығын басқа елдердің қол сұғуынан қорғауға, сақтауға әрекет жасайды. Ол өзінің шекарасын бекітеді, күзетеді. Сол үшін қажетті қарулы күштер құрады, басқа мемлекеттермен осыған байланысты шарттар жасасады. Осы міндеттерді атқару мемлекеттің өзін-өзі қорғау функциясы деп аталады.

Мемлекеттер бір-бірімен экономикалық, сауда, мәдени, ғылыми, саяси, құқықтық, т.б. түрлі қатынастарда болуға талпынады. Мұндай қатынастар тең негізде қалыптасатын болса әр елдің дамуына қолайлы жағдайлар туғызады. Осы салада мемлекеттің басқа елдермен қатынас жасау функциясы жүзеге асырылады.

Бейбітшілікте, тыныштықта өмір сүру үшін мемлекеттер өзара келісім-шарттарға отырады, әскери одақтар құрады, т.с.с. әрекеттер жасап отырады. Қазіргі тарихи жағдайда соғыс, әскери шиеленістер адамзаттың өмір сүруіне шексіз қауіп төндіруде. Сондықтан адамгершілік жолмен дамығысы келетін мемлекеттер соғыстың алдын алу әрекеттерін жасауға тырысады. Демек, мемлекетке бейбітшілік функциясын атқару да тән көрініс болу керек.

Осы айтылғандар *мемлекеттің сыртқы функциясына жатады.*

Аталған мемлекеттің ішкі және сыртқы функциялары түрлі жолдармен, тәсілдермен жүзеге асырылады. Олар екі топқа бөлінеді: 1) *құқықтық*; 2) *ұйымдастырушылық*.

Құқықтық тәсілге жататындар: заң, басқа да нормативтік құқықтық актілер жасау, жедел орындау, іздестіру қызметі, құқық қолдану қызметі, құқық қорғау қызметі. Ұйымдастырушылық тәсіліне жататындар: ұйымдастыру-реттеу қызметі, экономиканы ұйымдастыру қызметі, ғылымды, білім беруді ұйымдастыру қызметі, әскери-ұйымдастыру қызметі.

Дегенмен, осы аталған көзқарастар кеңінен таралмағанын ескере отырып мемлекет қызметтерін жіктеудің төмендегідей түрін ұсынып отырмыз.

## **1. Пайда болуының себебі бойынша:**

- Таптық қайшылықтардың болуынан туындайтын қызметтер;
- Қоғам қажеттілігі туындатқан қызметтер.

## **2. Бағыты бойынша:**

### *1. Ішкі*

- а) адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау қызметі;
- ә) меншік формаларын (нысандарын) қорғау қызметі;
- б) құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қызметі;

- в) экологиялық қызметі;
- г) экономикалық қызметі;
- д) әлеуметтік қызметі;
- е) ғылыми-техникалық прогресті дамыту қызметі;
- ж) алымдар мен салықтарды жинау қызметі.

## 2. Сыртқы

- а) басқыншылық соғыстар жүргізу қызметі;
- ә) елді сыртқы шабуылдаулардан қорғау және елдің қорғанысын нығайту қызметі;
- б) бейбітшілікті қолдау қызметі;
- в) өзара тиімді сауда-саттық қызметі;
- г) басқа мемлекеттермен бірлесе отырып әлемдік проблемаларды шешу қызметі.

## 3. Қызметтік әрекеттердің ұзақтығы бойынша

а) тұрақтылары, мемлекет дамуының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылатын тұрақты қызметтері;

ә) уақытшалары, яғни мемлекеттің алдына қойылған белгілі бір міндеттердің орындалуына байланысты тоқтатылатын қызметтер. Әдетте мұндай қызметтер төтеншелік сипатта болады.

## 4. Қызметтердің маңыздылығы бойынша

- а) негізгі қызметтер;
- ә) негізгі емес (қосалқы) қызметтер.

## Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі

### Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2007.
2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
3. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
4. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
5. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
6. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
7. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
8. Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Әмірғазин С. Діни сенім бостандығы және заң// Тураби. 2001. № 2.
2. Вайсберг Л.М. Идея правового государства и проблема этатизма // Изв. АН КазССР. – Сер. обществ. наук. – 1989. – № 5.
3. Данилов С.Ю. Правовые демократические государства. Очерки истории. М. 1999.
4. Дмитриева Г. Әділет жолында // Тураби. 2001. № 2.

5.Жоламан К.Д. Құқықтық мемлекет оның түсінігі мен мазмұны. // Право и государство. № 1-2 (16-17) 2000.

#### **Тақырып 4. Мемлекеттің нысаны формасы. 4 апта, 1 сағат.**

**Мақсаты:** мемлекеттің нысаны туралы маңызын ашу, аумақтық құрылымын және басқару нысанын түсіндіру.

##### **Сұрақтар:**

1. Мемлекет нысаны туралы ұғым
2. Мемлекетті басқарудың нысаны
3. Мемлекеттің аумақтық құрылымы.

##### **Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- мемлекеттің нысаны туралы ұғымды қарастыруға;
- мемлекетті басқарудың нысанын анықтауға;
- мемлекеттің аумақтық құрылымын анықтауға.

##### **Мемлекет нысаны туралы ұғым**

Мемлекет нысаны туралы ұғым ең маңызды мазмұндық сипаттама болып саналады. Методологиялық (әдіснамалық) жағынан алып қарағанда мұның маңызды екенінде сөз жоқ.

Мемлекет нысаны деп мемлекеттік билікті ұйымдастыру мен оның құрылымын айтады.

Мұнда маңызды мәселе: мемлекет нысаны теория жүзінде ғана емес, оның практикалық саяси мәнінің жоғары дәрежеге дейін көтерілуі. Мемлекеттегі биліктің қалай ұйымдастырылып, қалай жүзеге асырылып жатқандығынан мемлекеттік басшылықтың нәтижелілігі, басқарудың *ұтымдылығы*, үкіметтің мәртебелік беделі мен қадірінің дәрежесі және оның тұрақтылығы, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің ахуалы, жайы мен күйі көрініп тұрады. Міне, мемлекет нысаны мәселесінің аса маңызды саяси аспектісінің осыларға байланысты болып келетін себебі осы.

Мемлекет нысаны, яғни мемлекеттік биліктің құрылымы, оны ұйымдастыру мағынасы жағынан алып қарағанда әртүрлі аспектілер түрінде көрінеді. Біріншіден - бұл мемлекет пен басқарудың *жоғарғы органдарын құру және ұйымдастырудың* белгіленген тәртібі. Екіншіден - бұл мемлекеттің *аумақтық құрылысын жасаудың тәсілі*, орталық регионалдық және жергілікті билік пен басқарулардың өзара қатынастарын белгілеудің тәртібі. Үшіншіден – бұл *мемлекеттік (саяси) билікті жүзеге асырудың әдістері, амалдары мен жолдары*. Сонымен мемлекет нысаны негізгі үш элементтен, атап айтқанда: мемлекетті басқару нысаны, мемлекеттің құрылым нысанынан және мемлекеттік, саяси режим нысанынан синтезделеді (түзіледі). Осы көрсетілген мемлекет нысаны жөніндегі түсінік бірден қалыптаспаған. Ұзақ уақыттар бойы бұл түсінік басқару нысаны мен мемлекеттік құрылым нысанынан тұрады деп есептелініп жүрді де, кейінірек оған саяси режим, саяси өзгермелілік (динамика да) те қоса қарастырылатын болды.

##### **Мемлекетті басқарудың нысаны**

*Басқару нысаны ұғымын пайымдағанда мемлекеттік ең жоғарғы биліктің ұйымдастырылуы түсініледі.* Әсіресе оның ең жоғарғы және орта органдарының ұйымдастырылуы, олардың құрылымы, құзыреттері, құрылуының тәртіптік реті, өкілеттіктерінің мерзімі, халықпен қатынасу түрлері, халықтың оларды қалыптастыруға қандай дәрежеде қатысатыны түсініледі.

Басқаша айтқанда *басқару нысаны - мемлекеттегі жоғары егемендік биліктің ұйымдастырылуы, оның органдарының өзара және халықпен байланысын сипаттайды.* Басқару нысаны мемлекет нысанындағы ең басты жетекші элемент болып табылады.

Ежелгі грек философы Аристотель өз заманында басқарудың нысанын жоғарға өкіметтік биліктің жүзеге асырылуының қалай орындалатынына байланысты жіктеген болатын. Онда жоғарға өкіметтік билікті жеке адамның бір өзі атқаратын түрін – монархия, шектеулі адамдар арқылы атқарылатын жоғарғы өкіметтік билік – *аристократия* және бүкіл халықтың қатысуымен атқарылатын жоғары өкіметтік билік – *демократия* деп жіктеген болатын.

Басқару нысандарының осы көрсетілген айырым белгілері қазіргі кезге шейін сақталды. Жоғарға билікті жалғыз адам атқара ма? Әлде ол билік сайланбалы алқалы органға тиесілі ме? Міне осы жәйтке байланысты басқару нысаны ерекшелену барысында ажыратылады. Енді осыны байланыстыра отырып басқарудың монархиялық және республикалық нысандарын атап, бөліп көрсетуге болады.

**Монархия** – мемлекеттің егеменді жоғары билігі бір адамның қолында өмір бойы болады және атадан балаға мұра (мирас) ретінде беріледі (өтіп отырады). Монарх (патша, король, перғауын (фараон), қаған, хан және тағы басқалар) ешкімнің алдында жауапты болмайды. Ол тек құдайдың алдында ғана жауапты.

Ең алғашқы мемлекеттердің бәрі де монархиялар болған және орта ғасырдағы мемлекеттердің көпшілігі де монархия-тын.

Қазақ жеріндегі бұрын болған мемлекеттер де монархия болған, мұнда мемлекетті қаған, хан басқарған. Бірақ, ханның билігі атадан балаға емес, ағадан ініге мұра ретінде ауысып отырған.

Сонымен, монархия деп жоғарғы билігі бір ғана адамға тиесілі болып келетін мемлекеттегі билікті айтады. Мұндағы бір ғана адамға тиесілі билікті ол адам өз билігімен, қалауынша пайдаланады. Билікті өз билігімен қалауынша пайдалану құқығын ол адам ешқандай да басқа биліктен алған емес.

Монархияның үш түрі болады: а) *Шексіз (абсолюттік) монархия*. Бұл жерде монарх мемлекеттің бірден бір жалғыз, ең жоғары органы. Оның қолында заң қабылдау, атқару, және сот биліктері шоғырланған. Қазіргі кезде басқарудың мұндай нысаны СаудАравиясы, Біріккен Араб Әмірлігі елдерінде орын алған.

б) *Шектеулі конституциялық немесе парламенттік монархия*, басқарудың мұндай нысанында елдегі билік (өкімет) монарх пен басқа органдарға бөлінген болып келеді. Мысалы, парламентке. Қазіргі кезде басқарудың мұндай нысаны Ұлыбритания, Бельгия, Норвегия, Швеция мемлекеттерінде бар.

в) *Дуалистік монархия*. Басқарудың бұл нысанында елдегі мемлекеттік билік монарх пен парламент араларында тең бөлікке түскен болып келеді. Мысалы, өікен замандардағы Пруссия, Австрия, Италия, Румыния, Ресей елдерінде монархтың қолында атқарушы билік (өкімет) болған. Үкіметті жасақтау, өзінің алдында жауапты министрлерді, басқа да лауазымды тұлғаларды тағайындау және оларды орнынан алу құқығына ие болағн. Бұлардан басқа монарх тыйым (вето) құқығы мен парламентті таратып жіберуге шексіз құқықты болған.

**Республика**. Басқарудың бұл нысаны бойынша мемлекеттегі ең жоғары билік (өкімет) сайланбалы органдарға тиесілі болып келеді. Мұндай органдар белгілі бір мерзімге ғана сайланады және олар сайлаушылар алдында жауапты болады.

Республика билігінің екі жолы бар: президенттік және парламенттік. Президенттік республикада Президентті тікелей халық сайлайды және Президент мемлекет басшысы бола тұрып, негізінен, Үкіметті өзі құрады. Қазақстан мемлекеті – Президенттік басқару нысанындағы республика.

а) *Президенттік республика* басқарудың бұл нысанында президенттің жеке өзі, парламенттің қатысуымен үкіметті құрады. Үкімет өзінің қызметтері бойынша президент алдында жауапты болады. Басқарудың мұндай нысаны қазіргі заманда Америка Құрама Штаттарында және Қазақстанда орын алған.

б) *Парламенттік республика*. Мұндай басқару нысаны бар елде парламент заң қабылдайтын ғана емес, сонымен бірге үкіметті бақылайтын да орган болып табылады.

Мұндағы президент – мемлекет яғни ел басшысы, ол үкімет басшысы емес. Мұнда үкіметті партиялар құрады. Үкіметке премьер-министр жетекшілік етеді (басқарады) (премьер-министр лауазымы басқаша аталуы мүмкін).

Парламенттік республикада мемлекет билігінің жоғары органдарының жүйесі Парламенттің басымдылық принципіне негізделген. Парламенттің алдында үкімет өзінің саяси қызметі үшін алқалы түрде жауап береді. Үкімет Парламенттің сеніміне сүйеніп қызмет істейді. Парламент Үкіметті қолдамаса, ол қызметін тоқтатады.

Парламенттік-президенттік аралас республикалар да кездеседі (мысалы, Қырғызстан Республикасы, Португалия), онда Үкіметті Президент пен Парламент бірлесе отырып жасақтайды, құрады.

Формалды тұрғыдан қарасақ, басқару нысанының мемлекеттік құрылысқа шешуші әсер етпейтінін байқаймыз. Мысалы, монархиялық Жапония немесе Ұлыбритания әлдеқашаннан демократиялық құқықтық мемлекет екені белгілі. Республикалық Кеңестер Одағы мұндай мемлекет бола алмады. Патшалық Ресей демократиялық та, құқықтық та мемлекет болмаған еді. Ал Франция Республикасын бұрыннан демократиялық басқарудан республикалық басқару нысанындағы демократиялық, құқықтық мемлекеттің мазмұнына көбірек сәйкес келеді.

## **Мемлекеттің аумақтық құрылымы**

Әрбір мемлекеттің аумағында мемлекеттің аумақтық құрылымы оның ішкі құрылысын анықтайтын құрамды бөлшектерге бөлінеді. Сол аумақтық құрылымның көлемінде мемлекеттің аумақтық бөліктерінің жүйесі қалыптасады. Солардан мемлекет, мемлекет органдарының байланыс жүйесі түзіледі. Мемлекеттің тұтастай және оның әрбір аумақтық бөлігінің құқықтық мәртебесінің сипаты да соған байланысты болады. Мемлекет аумағының аталған түзілімін *мемлекеттік құрылым дейді*. Демек, *мемлекеттік құрылым - тұтастай мемлекет пен оның бөліктерінің белгілі түрдегі құқықтық қатынастарын сипаттайтын мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы болып табылады*.

Мемлекеттік құрылымына байланысты барлық мемлекеттер *қарапайым (унитарлы) және күрделі* болып екі топқа бөлінеді.

*Унитарлық мемлекеттің* ішкі аумақтық құрылымында басқа мемлекеттер болмайды. Осы мағынада унитарлық мемлекет біртұтас мемлекет деп аталады. Унитарлық мемлекет, әдетте тек әкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлінеді де, мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылымын құрайды. Әкімшілік-аумақтық бөліктерге ерекше құқықтық мәртебе берілмейді. Мұндай мемлекетте бір ғана Конституция, бір ғана заң шығаратын жоғары орган, бір ғана жоғары басқару органы, біртұтас азаматтық болады. Қазақстан Республикасы – унитарлық мемлекет.

*Унитарлық мемлекет* – тұтас орталықтандырылған мемлекет. Оның әкімшілік-аумақтық бөліктерінде мемлекеттік құрылым мәртебесі және егемендік құқықтар болмайды. Унитарлық мемлекетте жоғарғы органдардың, заң қабылдаудың, соттардың бірыңғай жүйелері құрылады. Онда бірыңғай азаматтық және бір арналы салық жүйесі болады.

*Күрделі мемлекет* – мұндай мемлекеттердің құрамдас бөліктерінің белгілі бір дәрежеде дербестігі болады. Күрделі мемлекеттерге империя конфедерация, федерация, достастық және бірлестіктер құрған мемлекеттер жатады.

*Империя* – күш жұмсаудың нәтижесінде құрылған күрделі мемлекет. Бұл мемлекеттің құрамдық бөліктері жоғарғы өкімет (билік) орындарына тәуелді болып келеді. Империялардың бір ерекшелігі, олардың құрамдық бөліктерінде ешқашанда бірыңғай мемлекеттік-құқықтық мәртебе болған емес. Мысалы, тарихта белгілі Рим империясы, Британия империясы және т.б. жатады.

*Конфедерация* – белгілі бір тарихи кезеңде, өздерінің алдына қойған мақсаттарына жету үшін егеменді мемлекеттердің уақытша жасасқан келісімдері бойынша құрылған одақ. Мемлекеттердің уақытша құрған одағы алдына қойылған мақсаттары бойынша түрлі болуы мүмкін, олар: әскери, экономикалық және саяси да болады. Сонымен, мұндай мемлекеттердің одағын – егеменді мемлекеттер одағы деп атайды. Мысалы, АҚШ-тағы 1776-1787 жылдардағы әскери одақ, бұрынғы КСРО-ның орнында құрылған тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД). Конфедерациялық одақ құрған егеменді мемлекеттер халықаралық-құқықтық қатынастардың субъектісі олардың басқару жүйесі, әділсот органдары бұрынғыдай өз қызметтерін жалғастыра береді.

*Федерация* – бұл мемлекет күрделі одақтық мемлекет, оның құрамдас бөліктері мемлекеттік құрылымдар болып табылады. Олардың белгілі бір мөлшерлі шамада (дәрежеде) егемендігі болады. Федерациялық одақ децентрализациялау қағидатына негізделеді.

Федерацияда жоғарғы федералдық органдар және федералдық заң қабылдау жүйелерімен қатар федерация субъектілерінің жоғары органдары мен заң қабылдау жүйелері қатарласа өмір сүреді, федерацияда қос арналы салық жүйесі орын алады. Федерацияның нысандық белгісіне қосарланған азаматтықтың болуы жатады. Федерациялар аумақтық немесе ұлттық-мемлекеттік қағидат бойынша құрылуы мүмкін. Мысалы, АҚШ мемлекеті федерация-штаттардың 51 субъектілерінен, ал Ресей Федерациясы – 89 федерация субъектілерінен (Республикалар, округтер, өлкелер және т.б. тұрады). Германия- 10-нан аса федерация – жерлер субъектілерінен тұрады.

*Достастық* – белгілі бір дәрежеде тектес болып келетін ортақ белгілерімен (нышандарымен) сипатталатын мемлекеттердің ұйымдасқан түрдегі бірлестігі. Мұндай бірлестікті біріктіретін белгі (нышандары) экономикаға, құқық жүйесіне, тіл, мәдениет, дін салаларына қатысыты болып келеді. Мысалы Еуропа Одағы және т.б.

*Бұл бірлестіктің мүшелері* толығынан алғанда тәуелсіз, егеменді мемлекеттер, олар халықаралық қатынастардың субъектілері болып табылады.

*Мемлекеттер бірлестігі* - қоғамның мемлекеттік болып ұйымдасуының өтпелі кезеңдеріне тән нысан. Мемлекеттер бірлестігін құрудың негізінде, әдетте, мемлекетаралаық келісім (шарт) жатады, оның өзі көп жағдайларда бірлестікке кірген мемлекеттер арасындағы интеграциялық байланыстарды нығайта түседі. Сөйтіп бірлестік мемлекеттерінің конфедеративтік бірлестікке қарай бірте-бірте дамуына жол ашады.

### **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

- 1.Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2007.
- 2.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
- 3.Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
- 4.Алексеев С.С. Теория права. М.1996
- 5.Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
- 6.Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
- 7.Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
- 8.Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Соловьев Э.Ю. Правовой нигилизм и гуманистический смысл права // Квинтэссенция. Философский альманах. М. 1990

2. Өзбек-ұлы С. Көшпелі өркениеттің құқығы. Алматы. Мектеп. 2002.
3. Өсеров Н.Ө. Ислам-халықтар арасындағы татулық жайлы // Право и государство. №1 (20) 2001.
4. Сапарғалиев Г.С. Проблемы идеологии унитарного государства Казахстан // Научные труды «Әділет». 2000, №1 (7)

**Тақырып 5. Мемлекеттің типологиясы (тұрпаты). Мемлекеттің механизмі. 5 апта, 2 сағат.**

**Мақсаты:** мемлекет типологиясын және оның механизм туралы қарастыру.

**Сұрақтар:**

1. Мемлекет типологиясының түсінігі.
2. Мемлекеттік механизм туралы түсінік.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- мемлекет типологиясының түсінігін ашуға;
- мемлекеттік механизмін анықтауға.

**Мемлекет типологиясының түсінігі.**

Мемлекеттерді жіктеу процестері олардың тарихи дамуын дұрыс түсіну үшін қажет. Типология - қоғамның тарихи дамуының негізгі мазмұны мен нышандарын түсіну үшін қолданатын әдістер мен тәсілдер. Мемлекеттің даму процесі бүкіл дүние жүзі дамуының бір бөлімі. Оны анықтап түсінгеніміз бүкіл тарихты жақсы білгеніміз. Мемлекеттің дамуы үздіксіз объективтік процесс.

Бұл даму процесі мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, саяси мазмұнымен және алдында тұрған мақсаттарымен байланысты. Мемлекеттің тарихи типін белгілейтін экономикалық жағдай, жеке меншіктің түрі, сонымен байланысты қоғамның дифференциациялау процестері жатады. Ал тарихи типтің дамуы, мемлекет қай топтардың мүддесін қорғайды, халықтың қандай демократиялық құқықтары мен бостандықтарын қорғайды, басқару процесінде қандай демократиялық әдістер мен тәсілдер қолданатынын көрсетуге тиіс.

Мемлекет пен құқықтың тарихи типі қоғамның, экономиканың дамуымен байланысты болса да, мемлекеттің ерекше даму заңдары бар. Мысалы: Рим құқығы туралы айтатын болсақ Корпус Юрис Цивилис деген ірі кодификациялық заң қабылданған кезде мемлекет ыдырап басқа халықпен жауланып, экономикасы терең дағдарысқа ұшыраған еді. Батыс Рим империясын франктер басып алып өздерінің Франк империясын құрған кезде, Византия императоры Юстиниан жүйелеу жұмыстарын басқарып, айтқан құқықтық кодекстің жазуын басқарды. Бұл кезеңде экономиканың, мемлекеттің және құқықтың дамуы бір-біріне сәйкес болған жоқ. Құқықтың дамуы мемлекеттен көп жоғары болды.

Мемлекетті типтерге бөлудің марксистік әдісі. Бұл пікір қоғамды зерттеуде таптық мәселесімен байланысты. К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин мемлекет үстемдік таптың мүддесін қорғайтын құрал деп түсіндіреді. Марксистік тұрғыдан қарағанда тарихтағы мемлекеттер төрт түрге бөлінді: құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік мемлекеттер. Бірінші рулық қоғамда мемлекет әлі болған жоқ, ал соңғы коммунистік қоғамда мемлекеттің орнына коммунистік өзін-өзі басқару жүйесі келуге тиіс. Бір тарихи типтен екіншісіне революция арқылы өтеді.

Мемлекеттің негізгі мақсаты - бір таптың диктатурасын орнату. Таптық мінездеме экономикалық, әлеуметтік жағдаймен байланысты. Марксизм мемлекетті - бір таптың екінші тапты қанау аппараты деп анықтады. Типті осылай бөлудің прогрессивтік те, негативтік те жақтары бар. Бір жағынан мемлекет таптың құрылуымен байланысы анық көрінеді, топтар және таптар құрылмаған қоғамдарда мемлекет болмайды. Негізінде



мемлекеттің алдындағы мақсат екіге бөлінеді: бір жағынан бүкіл қоғамның мүдделерін қорғап, жалпы қоғамдық мәселелерді шешу, ал екінші жағынан - таптардың арасындағы қайшылықтарды бәсеңдету. Қоғамда таптар анық құралмаған кезде де мемлекет пайда болған жағдайлар кездеседі. Мысалы, шығыс мемлекеттерді марксизм құлиеленушілік мемлекеттерге жатқызады, ал негізінде бұл мемлекеттерде құлиеленушілік қарым-қатынастар әлі қалыптасқан жоқ еді. Мемлекеттерді туғызған басқа жағдай - географиялық жағдайлармен қоғамның жалпы экономикалық функциялары мен қызметтері (мысалы, Египет мемлекетінде - Ніл өзенімен байланысты жер суару жұмыстары). Сонымен, марксистік типологиясының негізін қалыптастыратын қоғамның экономикалық базисі мен таптық құрылысы. Марксизм мемлекеттің тарихи типтерін қоғамның даму құрылысымен және экономикалық формация деген түсінікпен байланыстырады. Экономикалық формация базис (бұл қоғамның белгілі бір даму дәуіріндегі экономикалық құрылыс) пен кондырмадан (әрбір базистің өзінің қондырмасы болады) тұрады. Базисті өндірістің тәсілі белгілейді. Өндіріс - өндірістік қатынастар мен өндіруші күштерден тұрады. Осы формацияларға марксизм құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік мемлекеттерді сәйкес келтіреді. Мемлекеттің тарихи типтері осы экономикалық-қоғамдық формациямен тығыз байланыста дамуға тиісті.

Бұлардан басқа марксизмде өтпелі дәуірдің мемлекеті деген ұғым бар. Бұл типтерге рулық қоғамнан құлиеленушілік қоғам арасындағы, құлиеленушілік және феодалдық қоғам арасындағы, феодалдық және буржуазиялық типтің арасындағы, буржуазиялық пен социалистік типтердің арасындағы өтпелі мемлекеттер жатады. Қазіргі дәуірді алатын болсақ, бірнеше континенттердің мемлекеттері осы өтпелі мемлекеттің типтеріне жатады. Латын Америкасының, Азияның, Африканың XX ғасырда тәуелсіздігін алған мемлекеттер осы өтпелі тарихи типке кірді. Олардың тарихи типтері социалистік те емес, буржуазиялық та емес, олар тек қана социалистік немесе капиталистік бағытта болуы анықталады.

1991 жылдан кейінгі социалистік мемлекеттерде социалистік жүйе ыдырап, нарықтық экономикалық елдерге айналып, демократиялық қоғам құру саясатына көшті. Кейбір мемлекеттер социалистік жолынан тайған жоқ (Куба, Солтүстік Корея, Қытай, Вьетнам).

Мемлекеттерді цивилизациялық, өркениеттік критериймен де бөлу қазір жиі кездеседі. Цивилизациялық әдістің және формациялық бөлудің айырмашылықтары көп. Формациялық критерий көбіне қоғамның таптық құрылысы мен өндірістік тәсіліне көңіл аударады. Бұл типологияны сыңар жақ түсіндірілуі. Мемлекеттердің ерекшеліктерін білу үшін қоғамның барлық салаларының жағдайларына ықпал салу қажет. Мемлекеттің экономикалық базисін зерттеген де оған қоса қоғамның мәдени, рухани деңгейін зерттеп, орнын көрсету қажет және қанаушы таптан басқа қоғамды құрған барлық топтарды зерттеп орындарын, рөлін, маңызын түсінген дұрыс. Қоғамның әдет-ғұрыптарын, әр топтың саналары мен құқықтарының деңгейін білу өте қажет. Ал, зерттеудің ең маңызды мақсаты - жеке адамның, бостандығы мен құқықтарын, әлеуметтік жағдайын және еңбектегі қарым-қатынастарын жақсы білу - мемлекетке мінездеме беру үшін өте керек нәрселер. Қоғам бірнеше топтарға бөлінетін болса да, мемлекеттің алдында тұрған мақсат - сол топтардың арасындағы қайшылықтарды бәсеңдетіп бүкіл халықтың мүддесін қорғау. Осы әдісті бізде цивилизациялық әдіс деп атайды. Цивилизациялық әдіс мемлекет өзінің елінде тұратын адамдар үшін қандай жақсылық істеді, экономикалық, саяси, әлеуметтік, өнегелі қоғамның дамуы үшін қандай шара қолданды деген сұрақтарға жауап береді.

Сонымен, цивилизациялық пікір бойынша мемлекеттің тарихи типі өзгеру үшін экономикалық базисқа қосымша қоғамның мәдени және рухани сана-сезімі жоғары деңгейде болуы қажет.

Мемлекет типтерін егжей-тегжейлі қарастырап болсаң, онда төмендегідей мемлекеттер сипаттарына тоқталамыз:

1. *Шығыстық мемлекет* (Батыс елдері ғалымдарының зерттеулерінде осылай аталады) Египет (қазақша - ежелгі Мысыр), Вавилон (қазақша - ежелгі Бабыл). Бұл мемлекеттердің географиялық орналасуы мен табиғи жағдайлары ірі-ірі суландыру жүйелерін салу жұмыстарын ұйымдастыруды қажет еткен.

Сондықтан да бұл мемлекеттерде жерді суландыру құрылыстарына мемлекеттік меншік болды және мұның өзі сол мемлекеттің экономикалық негізін құрады. Осыдан барып шығыстың *мемлекеттің қызметтері* анықталды, ол қызметтер:

- а) Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- ә) Салықтар мен алымдарды өндіріп алу (жинастыру);
- б) Өзінің аумағын қорғау немесе басқа мемлекеттің жер аумағын жаулап алу;
- в) Қауымдастар мен құл-күндердің қарсылықтарын басу.

Мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу түрі шығыстың деспотия түрінде болатын. Бүкіл билік мұрагер монархқа тиесілі болып, мемлекетті қуатты әскери-бюрократтық аппараттық күшімен басқарған.

2. *Құл иеленуші мемлекет* (ежелгі Грекия, ежелгі Рим). Бұл мемлекеттердің экономикасының негізі (базисі) тек өндіріс құралдары мен жабдықтары ғана емес, сонымен бірге өндіруші күштер болып табылатын құлдар да құл иеленушілердің меншігі болатын. Мұнда құл иеленушілер және құлдар негізгі таптар еді, бұлардан басқа әлеуметтік топ - қолөнершілер болатын және т.б.

*Мемлекеттің қызметтері:*

- а) құл иеленушілердің жеке меншігін қорғау және қызметкерлерді қанауға жағдайлар туғызу;
- б) құлдардың қарсылықтарын болдырмау, оларды басып, езіп-жаншуды ұйымдастыру;
- в) тәртіпті сақтау, тәртіпке келтіру мақсатында идеологиялық күш жұмсау арқылы ықпалын тигізу.

Бұл мемлекеттерде мемлекеттік билікті (өкіметті) ұйымдастыру монархия және республика түрінде болатын.

3. *Феодалдық мемлекет*, бұл мемлекеттердің эконо-микалық базисі (негізі) - жерге, толық басыбайлы шаруаларға жарым-жартылай түріндегі меншік иесі болу феодалдардың үлесі болатын. Мұндағы негізгі таптар феодалдар және басыбайлы шаруалар еді. Аралық тап - қолөнершілер мен т.б. болатын.

*Мемлекет қызметтері:*

- а) феодалдық меншікті қорғау;
- б) қаналушы таптың қарсылығын басу;
- в) сыртқы шабуылдардан қорғану және басқаларды басып алушылық (басқыншылық) соғыстарын жүргізу.)

Мемлекеттік билікті (өкіметті) ұйымдастыру түрі - әртүрлі монархия. Басқарудың республикалық түрі (нысаны) тек қала - республика болғандарда кездесіп отырған (мысалы, Генуя, Псков).

4. *Буржуазиялық (капиталистік) мемлекет*. Мұндай мемлекеттің экономикалық базисі - өндіріс құралдарына жеке меншіктің болуы, ал негізгі таптары буржуазия мен жұмысшылар, әлеуметтік таптарына - люмпен - пролетариат (қайыршыланғандар) жатады.

*Мемлекет қызметтері:*

- а) экономикалық, яғни белсенді түрде қатысып араласу арқылы экономиканы мемлекеттік реттеу;
- б) әлеуметтік (Халықтың кедей топтарына қолдау көрсету және т.б.).

Мемлекеттік билікті ұйымдастырудың түрі (нысаны) сан қилы (республикадан монархияға дейін).

5. *Социалистік мемлекет*.

Экономикалық базисі (негізі) - жер және т.б. қоғамдың мемлекеттік меншікте болды. Негізгі тап - жұмысшылар мен шаруалар. Әлеуметтік топ ретінде зиялылар алға шығады.

Қызметі:

- а) мемлекеттің, қоғамның және еңбекшілердің мүддесін қорғау;
- б) экономикалық;
- в) әлеуметтік.

## МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕХАНИЗМІ

Мемлекеттің сан қилы қызметін атқаратын механизмі (*аппараты*) болады. Мемлекеттің механизмі - *белгілі түрде ұйымдастырылған, ішкі тұтастығымен және өзара байланыстылығымен сипатталатын мемлекет органдарының жүйесі*. Әр мемлекеттің механизмі оның тарихи, әлеуметтік, ұлттық, экономикалық, географиялық, т.б. ерекшеліктеріне байланысты құрылады. Дегенмен, барлық мемлекеттерге бірдей тән органдар болады.

Негізінен, олар - құқықтық тәртіпті сақтайтын, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін, сыртқы тәуелсіздігін қорғайтын органдар. Мұндай органдар әр дәрежеде, әр көлемде барлық мемлекеттерде болады. Мемлекет механизміне *тән заңдылық* - оның органдары тек мемлекет қызметін атқаруға қажет болғанда ғана құрылады. *Екінші заңдылығы* - бірінің қызметін бірі қайталайтын органдардың болмауы. Мемлекет механизмінің құрылымы мемлекеттік органдардан, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардан және мемлекеттік қызметкерлерден ұйымдық қаржыларынан, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз етуге қажет ықтиярсыз көндіру күштерінен тұрады.

Мемлекеттік органдар өкіметтік қызметтерін жүзеге асырудың барысында өзара тығыз байланыстылықта және бірімен-бірі матасқандық жағдайында болатындығын атап көрсеткен жөн.

Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың биліктік өкілеттіктері болмайды (әкімшіліктерді қоспағанда). Олар экономика, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым, спорт және т.б. салаларда жалпы әлеуметтік қызметтерді атқарады.

*Мемлекеттік қызметкерлер* - бұлар басқару ісімен арнайы түрде айналысатын айрықша топ құрайтын санаттағы адамдар болып табылады. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық жағдайы арнайы заң арқылы реттелінеді, онда мемлекеттік қызметкерлердің түрлері және міндеттері мен құқықтары айқындалып көрсетілген болып келеді.

Демократиялық құқықтық, әлеуметтік мемлекет ғасырлар сынағынан өткен принциптерге негізделіп құрылады. Мұндай мемлекеттердің механизмі мынадай органдардан тұрады: 1. *Өкілдік органдар*. Қазақстан Республикасында өкілдік органдар екіге бөлінеді: 1) Жоғарғы өкілдік орган - Парламент. Парламент сонымен қатар бірден-бір заң шығаратын орган; 2) Жергілікті өкілдік органдар - облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттар. 2. *Мемлекет басшысы*. Қазақстанда мемлекет басшысы - Президент. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. 3. *Атқарушы орган*. Қазақстанда жоғары атқарушы орган - Үкімет. Жергілікті атқарушы органдар - әкімшіліктер. 4. *Орталық басқару органдары*. Қазақстанда оларға: министрліктер, мемлекеттік комитеттер, агенстволар, ведомстволар жатады. 5. *Сот органдары*. Қазақстанда оларға: Жоғарғы Сот, жергілікті соттар, әскери соттар жатады. 6. *Прокуратура*. Ол заңдардың біркелкі орындалуын қадағалайтын орган. 7. *Әскер*. Оған мемлекеттің әр саладағы қарулы күштері жатады. 8. *Барлау, қарсы барлау органдары*. 9. *Абақты, бас бостандығынан айырылған адамдарды ұстап тұратын органдар*.

Мемлекет механизмінің негізгі құрылымдық бөлімі мемлекеттік орган. Басқаша айтсақ мемлекеттік орган дегеніміз - билік өкілеттіктерге ие, мемлекет қызметтерін жүзеге асырушы ұйым. Мемлекеттік орган мемлекеттік қызметкерлерден тұрады, бұлар-дың

айрықша түрі - лауазымды тұлғалар (адамдар) болып табылады. Мемлекеттік қызметкерлерді материалдық игіліктермен қамтамасыз ету қоғамға жүктелген.

Мемлекеттік органның биліктік (өкіметтік) өкілеттіктері болады. Олар:

- атқарылуы (орындалуы) міндетті болып келетін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау үшін берілген мүмкіндіктер;

- мемлекеттік органдар қабылдаған актілерді басшылыққа алып, алуан түрлі әдістерді қолдана отырып мемлекет бағдарламаларын жүзеге асыру, оларды орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

## **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер:**

- 1.Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2007.
- 2.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
- 3.Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
- 4.Алексеев С.С. Теория права. М.1996
- 5.Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
- 6.Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
- 7.Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
- 8.Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Зиманов С.З. Сот тәуелдігі – сот әділдігінің кепілі // Тураби. 2001. № 3.
- 2.Зиманов С.З. Быть олицетворением добра и справедливости... // Заңгер. 2001. № 1.
- 3.Қасымбеков М.Әр елдің заңы басқа // Парасат 2002. № 8.
- 4.Матюхин А. Государство в сфере права: институциональный подход. – Алматы: ВШП “Әділет”, 2000.
- 5.Мынбатырова Н. Қазақ хандығы тұсындағы билер институты. // Право и государство. № 4 (23) 2001.

## **Тақырып 6. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. 6 апта, 1 сағат.**

**Мақсаты:** құқықтық мемлекеттік ұғымын,оның белгілерін анықтау және азаматтық қоғамның түсінігін ашу.

### **Сұрақтар:**

1. Құқықтық мемлекеттің ұғымы.
2. Азаматтық қоғамның түсінігі.

### **Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- Құқықтық мемлекеттің ұғымын ашуға;
- Азаматтық қоғамның түсінігін беруге.

**Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.** Құқықтық мемлекет дегеніміз жеке адам және қоғам мүддесін қорғайтын, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделген мемлекет. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру ісі қоғамды демократияландыруға, құқықтық тәртіптің және заңдылық принциптерінің сақталуына негізделеді.

Құқықтық мемлекет – басқаша түсіндірсек ол жеке тұлға мен қоғамның құқықтары мен бостандықтарының құқықтық қорғалуын өзінің негізгі мақсаты етіп қойған мемлекетті айтады. Бұл мемлекет өз мақсатын орындауда төмендегідей қағидаттарға сүйенеді:

- а) құқықтың басымдылығы;
- б) адам мен азаматтың құқықтық қорғалуы;
- в) мемлекеттік биліктің бөлінуі;
- г) заң үстемдігі;
- д) құқық пен заңның тұтастығы;
- е) мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауаптылығы;
- ж) азаматтық қоғамның орнауы;
- з) қоғамның құқықтық мәдениетінің жоғары болып, оның құқықтық санасы деңгейінің биікке көтерілуі;
- и) соттардың тәуелсіздігі;
- к) антимонополиялық құрылымдардың тұрақты түрде қызмет істеуі.

Құқықтық мемлекетте барлық субъектілер өз әрекеттері бойынша жауапты және құқықтық теңдікті сақтай отырып құрылуы тиіс. Сондықтан құқықтық мемлекетте субъектілердің әрекет ету қағидаттары төмендегідей болады:

а) "Заңда тікелей көрсетілген әрекеттерге ғана рұқсат берілген" қағидат мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға ғана қатысты болып келеді.

б) Құқық субъектілерінің қайсысына болсын атап-атап көрсеткенде азаматтар, заңды тұлғалар мен басқалай да шаруашылық субъектілеріне қатысты "заңмен тікелей тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етілген" қағидаты басшылыққа алынады.

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары ең толық түрде қамтамасыз етудің тиісті жағдайларын жасау, сондай-ақ билікті асыра пайдалануға, оның диктатураға, деспотияға өзгеріп кетуіне жол бермеу үшін мемлекеттің билікті дәйекті түрде құқық арқылы шектеп отыруы – құқықтық мемлекеттің мақсаты болып табылады.

Елдегі атқарылатын барлық істер мен әрекеттерінде заң мен құқыққа жүгінетін қиялдағы мемлекет құқықтық мемлекет идеясы ежелден бері бар екендігін Платон өзінің "Заңдар" деген диалогіндегі "Заңы пәрменсіз және оның өзі әлде біреудің билігінде кеткен мемлекеттің жуық арада күйрейтініне сенімім кәміл. Ал, заңы - әміршілердің билеушісіне айналған және олар заңның құлы болған мемлекет есен-сау болады және ондай мемлекетке игіліктердің қандайын болса да құдайдың үйіп-төгері айдан анық деп есептеймін" деп түйіндегенінен пайымдаймыз.

Францияның ұлы ойшылы Ш.Л. Монтескье өзінің "Заңдар рухы туралы", "Заң рухы туралы қорғаныш" деген еңбектерінде, ағылшын философы Дж.Локк өзінің "Мемлекетті басқару туралы екі трактаты" атты шығармасында, неміс философтары Кант "Құқық туралы ілімнің метафизикалық бастаулары" деген еңбегінде, Ф.Гегель "Құқық философиясы" деген еңбегінде құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарын тұжырымдаған болатын.

Зорлық-зомбылықтарға, диктатура мен тиранияның орнауына жол бермеу мақсатындағы құқықтық мемлекеттің ең басты қағидаты билік бөлінісі болып табылады.

Билік бөлінісі қағидатының ең басты талабы саяси бостандықтарды нығайтуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, қайсыбір әлеуметтік топтың, мекеменің, немесе жеке адамның өздеріне берілген билікті асыра пайдалануына жол бермеуге бағытталады. Осы талаптың орындалуы мемлекеттік билікті *заң шығарушы* (халық сайлаған және заң қабылдау арқылы қоғамның даму стратегиясын жасауға тиісті болып келетін), *заң атқарушы* (биліктің өкілді органдары тағайындаған және қабылданған заңдарды жүзеге асыру мен жедел шаруа істерімен айналысатын) және *сот* (құқықты қалпына келтіру мен кінәлілердің әділ жазалануына кепіл болатын) тармақтарына бөлу арқылы іске асырылады.

Есте болатыны мұндағы әрбір билік өз алдына дербес және бір-бірін тежейтін бола тұра - өздерінің қызметтерін ерекше органдар жүйесі және тежемелік әрі тепе-теңдік жүйелері түріндегі айрықша нысандар арқылы жүзеге асырып отыруы тиіс.

ҚР Конституцияда бекітілген "*тежемелік әрі тепе-теңдік*" жүйесі нақтыланған мемлекеттік билікке заң қабылдау, атқарушы және соттарға қатысты құқықтық шектеулердің жиынтығы болып табылады. Мысалы, заң қабылдау билігіне қатысты "*тежемелік әрі тепе-теңдік*" жүйесінде Президент үлкен роль атқарады, әсіресе бұл "*заң қабылдау билігі*" асығыс шешім қабылдағанда Президент кідірте тұру *ветосы* құқығын қолданады. Ал енді атқарушы билікке қатысты тежемелерге Президент *билігінің мерзімі, Президентке импичмент жариялау, Үкіметке сенімсіздік* білдіру вотумы жатады.

Парламент тарапынан болатын тежемелерге атқарушы органдардың жауапты қызметкерлеріне заң қабылдау құрылымдары құрамына сайлануға, коммерциялық істермен айналысуға *тыйым салу* ветолары жатады. Сот билігіне Конституцияда, істерді жүргізу заңдарында көрсетілген мына қағидаттар құқықтық шектеулер болады: *кінәсіздік презумпциясы, қорғалуға құқықты болу, азаматтардың заң мен сот алдында тең құқықтылығы, сот ісін жүргізудің жария және жарыссөз түрінде болуға тиістілігі, сотқа қарсылық білдіру және т.с.с.* жатады.

*Импичмент* – дегеніміз жоғары лауазымды тұлғаға сенімсіздік білдіру, оны лауазымнан тайдыру, оны заң алдындағы жауаптылыққа тарту.

Мемлекет пен тұлғаның (адамның) *өзара жауаптылығы қағидатын* түбегейлі қарастырған жөн. Бұл қағидатта мемлекет – саяси биліктің сақтаушысы ретінде мемлекет пен азамат арасындағы қатынастардың өнегелік құқықтық бастауларын білдіреді. Ал азамат болса сол қатынастардың іске асырылуы кезіндегі қатысушысы болып табылады.

Мемлекет қоғам мен жеке тұлғаның бостандықтарын заңдар арқылы арнайы белгілей отырып, сонымен бірге мемлекет өзінің де әрекет ету шектерін белгілейді. Заңдар арқылы мемлекет өзіне міндеттерді қабылдауы тиіс. Бұл міндеттер мемлекетке оның азаматтар, қоғамдық ұйымдар мен басқа мемлекеттермен болатын қатынастарында әділеттілік пен тең құқықтылықты қамтамасыз ету үшін қажет.

Мемлекеттік органдар құқыққа тәуелділікте бағынышты бола тұрып, оның ұйғарымдарын бұза алмайды, ал оның ұйғарымдарын бұзғаны немесе орындамағаны үшін жауапты болады.

Заңның мемлекеттік билік үшін міндеттілігі кепілдер жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі, ал мұның өзі әкімшілік тарапынан зорлықтардың болуына жол бермейді. Мұндайларға Үкіметтің өкілді органдар алдында жауапты болуы, мемлекеттің әртүрлі деңгейдегі лауазымды тұлғаларының нақты адамдардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіргені үшін, билігін асыра пайдаланғаны, қызмет бабын бас пайдасына пайдаланғаны үшін импичмент және т.б. түрдегі тәртіптік, азаматтық құқықтық немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылатындығының заңдарда көрсетілулері жатады.

Мемлекеттік құрылымдардың міндеттемелерін орындау барысын көпшілік (қоғам) тарапынан бақылау (қадағалау) нысандары *референдум, сұрау салу, сайлаушыларының* алдында депутаттардың есеп берулері халық алдында әкімдердің есеп берулері түрінде болуы мүмкін. Жеке тұлғаның мемлекет алдындағы жауаптылығы да сондай құқықтық бастаулар негізінде құрылады. Мемлекеттік көндіруді қолдану құқықтық сипат түрінде жүргізілуі тиіс, тұлға бостандығының мөлшер шамасы сақталып, ол өз қалпын бұзбауы тиіс, ол тұлғаның құқық бұзушылығы мөлшерінен аспауы және жасаған құқық бұзушылығына сай қатаң жазалы болуы тиіс. Сонымен мемлекет пен тұлға араларындағы қатынастар өзара жауаптылық негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Құқықтық мемлекеттің басты белгілерінің бірі *азаматтық қоғамның* орнығуы болып табылады.

Азаматтық қоғам дегеніміз имандылық, өнегелік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық қатынастар мен институттардың жиынтығы, осылардың көмегі арқылы жеке адамдар мен олардың топтарының мүдделері қанағаттандырылады.

Азаматтық қоғам құқықтық мемлекеттің негізі болып табылады. Азаматтық қоғам болмаса құқықтық мемлекет те болмайды.

"Азаматтық қоғам" ұғымын өткен замандардың ұлы ойшылдары Аристотель, Цицерон, Г.Гроций, Т.Гоббс, Дж.Локк, Гегель, К.Маркс және т.б. тұжырымдаған болатын.

Азаматтық қоғамның негізгі идеясы адамның қоғамдағы басымдылық идеясы, адамның дербестік идеясы, өз әрекеттерін құқықты құрмет тұта отырып, ең алдымен өнеге мен имандылық қағидаттарына сүйене отырып жүзеге асыруға қабілетті болу идеясы. Сонымен бірге, азаматтық қоғамның болмысына мемлекет араласпауы тиіс, ал оның араласуы тек құқық бұзушылық болған жағдайда ғана болуы мүмкін.

Егер де азаматтық қоғамның толық сипаттамасын жасауға талпынар болсақ, онда – азаматтық қоғам дегеніміз нақты адамға арнайы бағытталған, оның бойында құқықтық дәстүрлер мен заңдарға, жалпы ізгілік, имандылық, өнегелік идеяларына (мұраттарына) құрмет сезімін тудыратын, шығармашылық және кәсіпкерлік істер азаттығын (бостандығын) қамтамасыз ететін, ондай істерде сәттілікке жетуге мүмкіндіктер жасайтын, адам мен азамат құқықтарын жүзеге асыруда мемлекет әрекеттерін шектеу мен қадағалаудың тетіктерін (механизмдерін) табиғи түрде байланысты етіп жасайтын азат демократиялық құқықтық қоғам.

## **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер:**

- 1.Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2007.
- 2.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
- 3.Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
- 4.Алексеев С.С. Теория права. М.1996
- 5.Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
- 6.Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
- 7.Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
- 8.Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы оның идеялық бірлігінде. Алматы. 1993.
- 2.Нурпеисов Е.К. Психология правомерного поведения. Алма-Ата. Наука (КазССР). 1984
- 3.Сартаев С.С. Дар мен ар алдындағы сөз. Алматы. 2001.
- 4.Сартаев С.С. Некоторые вопросы истории и теории правового государства // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук. 1989. № 5
- 5.Соловьев Э.Ю. Правовой нигилизм и гуманистический смысл права // Квинтэссенция. Философский альманах. М. 1990

**Тақырып 7. Саяси жүйе және мемлекет. 7 апта, 1 сағат.**

**Мақсаты:** Қоғамның саяси жүйесі түсінігі мен ұғымының мәнін ашу.

### **Сұрақтар:**

1. Қоғамның саяси жүйесі түсінігі, ұғымы.
2. Саяси жүйенің субъектілері.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- қоғамның саяси жүйесінің түсінігін анықтауға;
- саяси жүйенің субъектілерін ашуға.

### **Саяси жүйе және мемлекет.**

Қоғамның саяси жүйесі – саяси, әлеуметтік, заңға тән идеологиялық, рухани нормалардың, тарихи дәстүрлерге, нақтылы қоғамның саяси режимінің бағдарламаларына тәуелді саяси институттардың, қозғалыстардың тәртіптелген тұтас жиынтығы. Нақтылы қоғамның саяси жүйесі оның ұлттық, таптық жаратылысымен, әлеуметтік құрылысымен, басқару тұлғатымен (республика, монархия), мемлекеттік құрылымымен (федерация, біртұтас), саяси режимінің сипатымен (демократиялық, демократияға қарсы, тоталитарлық), саяси өмірдің ұлттық дәстүрлерімен т.с.с. жағдайлармен анықталады.

Саяси жүйеге жатқызылатын қоғамдық құбылыстардың ерекше белгілері болады. Ондай белгілерге мыналар жатады: 1) саяси жүйе бөлігінің ұйымдық сипаты болуы қажет; 2) кез келген қоғамдық бірлестік, ұйым саяси жүйенің болмысы бола алмайды. Саяси жүйеге жату үшін оның алдына қойған мақсатының саяси мазмұны болуы шарт; 3) Саяси ұйымның саяси сипаты оның бағдарламасында анықталады.

Саяси жүйені зерттеу, тану үшін ерекше тәсілдер қолданылады. **Конституциялық** тәсілді қолдану арқылы саяси жүйе бөліктерінің ұйымдық ерекшеліктері айқындалады. Мысалы, мемлекеттің механизмінің болуы оның басқа саяси жүйе бөліктерінен ерекше екенін байқатады. **Функционалдық** (қызмет бағытына байланысты) тәсілді қолдану арқылы саяси ұйымның табиғи сипаты анықталады. Реттеу рөлін зерттеу арқылы саяси ұйымның қоғамдық қатынастарды қалыптастырып, дамытудағы қызметі көрсетіледі. **Идеологиялық** тәсілді қолдана отырып саяси ұйымның нақтылы қандай таптар, әлеуметтік топтар, ұлттар үшін қызмет атқаратынын анықтауға болады. **Коммуникативтік** тәсілді қолдану арқылы саяси ұйымның саяси жүйеге жататын басқа ұйымдармен қарым-қатынасының дәрежесін, деңгейін, көлемін, мазмұнын түсінуге болады.

*Саяси жүйе дегеніміз саяси билікті және азамат пен мемлекеттің өзара байланысын ұйымдастырушы, сонымен бірге өздері өзара әрекеттесуде болатын нормалар мен идеялардың осыларға негізделген саяси институттардың, мекемелер мен әрекеттердің жиынтығы.*

Осы аталып отырған көп қалыпты құрылымның негізгі тағайыны адамдардың саясаттағы әрекеттерінің бірлігін, тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады.

Әдебиеттерде саяси жүйе төрт тараптың диалектикалық ынтымағы (бірлігі) деп атап көрсетіледі:

1. Институционалдық (мемлекет, саяси партиялар, әлеуметтік- экономикалық және басқалай да ұйымдар) Осылардың бәрі жиынтық түрінде қоғамның саяси ұйымын құрайды.

2. Реттеуші (құқық, саяси нормалар мен дәстүрлер, имандылық нормаларының кейбіреулері және т.б.).

3. Қызметтік (функционалдық) саяси режимнің негізін құрайтын саяси іс-әрекет әдістері.

4. Идеологиялық (ең алдымен осы қоғамда үстемдік құрған саяси сана).

Осындай тәсілді негізге ала отырып саяси жүйе құрамының негізгі құрамдас бөліктерін ажыратып көрсеткенде саяси және құқықтық нормаларды, саяси құрылымды, саяси іс-әрекетті, саяси сананы және саяси мәдениетті атауға болады.

1. Саяси және құқықтық нормалар - бұларға мінез-құлықтың калыптасып болған немесе анықталып белгіленген, саяси қатынастарды реттеудің тәсілдері, бар және әрекет үстіндегі конституциялар, кодекстер, заңдар, партиялардың жарғылары мен бағдарламалары, саяси үрдістер мен рәсімдер жатады.

2. Саяси құрылым - бұларға саяси және мемлекеттік ұйымдар, институттар, мекемелер мен олардың араларындағы қатынастар жатады.



3. Саяси іс-әрекет - бұған адамдардың қоғамдағы саяси биліктің қызмет етуін қамтамасыз етуге, өзгертіп қайта құруға және қоғамдағы саяси билікті жүзеге асыру жүйесін қорғауға бағытталған әртүрлі әрекеттері жатады.

4. Саяси сана мен саяси мәдениет - мұндағы ескерілетіні саяси билік механизмінің іс-әрекетін көрсететін руханият көріністерінің көп түрлілігі және олардың саяси қатынастар аясында адамдардың жүріс-тұрысын бағыттап отыратындығы түсініледі.

Саяси мәдениет - саяси билік мүшелері қабылдаған және өздерінің іс-әрекеттері мен қатынастарында пайдаланатын саяси идеялардан, рәміздерден, нанымдардан тұратын құндылықтар жүйесі.

Қоғамның саяси жүйесі - белгілі саяси қызметтерді атқарып, оларды жүзеге асыратын мемлекеттік және мемлекеттік емес институттар жүйесі. Мемлекет, партиялар, кәсіподақтар және қоғамдық болмыста іс түйіні билікті күшпен тартып алулармен, одан ажырап қалмау және пайдалану әрекеттерімен байланысты ұйымдар мен қозғалыстар жоғарыда аталған институттарға жатады. Саяси жүйе ішкі-сыртқы саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді, әлеуметтік топтарды қалыптастырады, олардың мүдделерін білдіреді және оларды қорғайды. Саяси жүйенің сипаты әлеуметтік ортамен тығыз байланыста болады, өйткені өзі содан туындап, соған қызмет етеді.

Қоғамның саяси жүйесінің негізгі субъектілері ретінде мемлекет, партиялар және қоғамдық қозғалыстар ең алдыңғы қатарға шығады.

Мемлекет - саяси жүйеде бастауыш рөл атқарады, өйткені, оның өзіне ғана тән ерекше белгілері болады: біріншіден - қоғамды интеграциялауға (біріктіруге) қабілетінің болуы, бұл қабілет қоғамда болатын әлеуметтік өзгешеліктерге, мүдделер тартысы дегенге қарамастан өз ықпалымен әсер етеді; екіншіден - мемлекет - билік органы. Ол белсенді түрде қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру ережелерін, белгіленген нормаларды сақтағаны (бұзғаны) немесе бұзғаны үшін санкцияларды, көтермелеу мен жаза қолдануларды жүзеге асырады; үшіншіден - қоғамда оның құқық шығармашылық қызметі болады; төртіншіден - мемлекеттік биліктің көпшілікке тәндігі, жалпылық істерді басқарудың кәсібилендірілуі, мемлекеттік органдарға, олардың қызметкерлеріне өкілеттіктерді ерікті немесе еріксіз беру, басқа адамдарға сол өкілеттіктерді басқаруға беру; бесіншіден - саяси кеңістік шегінің ерекшелігі (өзгешелігі) мен оның айқындығы.

Мемлекеттің географиялық шегі болады; оның билігі жүретін аумағы, езінің азаматтарын - мемлекет мүшелерін қамтитын - заңдық ықпалы болады. Осы заңдық ықпал бойынша мемлекет алдында әлгі мүшелерінің заң бекіткен міндеттері, құқықтары болады, олар алым салықтар төлейді және тағы сондайлар. Басқаша айтқанда, мемлекеттің заңдық ықпалы бойынша оның органдарының бар болуы мен әрекет етуіне материалдық мүмкіндіктер тудырылады, қамтамасыз етіледі.

Саяси жүйеде мемлекеттің алатын орны ерекше. Мемлекет барша елдің ресми өкілі болып саналады, себебі ол қоғамды қандай да болсын ерекше бөліктерге бөлмей қоғамның, халықтың мүддесін қанағаттандыру үшін қызмет атқарады. Мемлекеттің тарихи даму барысында қалыптасқан, тек оның өзіне ғана тән құрылымы бар. Мемлекет өз қызметін атқару үшін ерекше ұйымдардан тұрады: ол мемлекет органдары. Саяси жүйенің басқа бөліктерінің мұндай құрылымы болмайды. Мұны - мемлекеттің механизмі дейді. Осы механизм арқылы мемлекет өзінің сан алуан, түрлі бағыттағы қызметін атқарады. Мемлекет тек қоғамның ішінде ғана емес, басқа мемлекеттермен қарым-қатынас, алыс-берістер жасауға байланысты да қызмет атқарады. *Тек мемлекетке ғана азаматтық деген құбылыс тән*, сондықтан *азаматтық - мемлекет пен адамдардың арасындағы тұрақты саяси-құқықтық байланыс болып саналады*. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекет органдары ғана қабылдай алады, олар қоғамдық қатынастарды ресми түрде реттейтіндіктен, барлық қоғам мүшелерінің іс-әрекетін, мінез-құлқын жолға салған құрал болып саналады.

Мемлекет саяси жүйенің негізгі құрамды бөлігі болғандықтан саяси жүйенің құрамына өзінің ерекше әсерін тигізеді. Мемлекеттің әлеуметтік-саяси табиғатына, ондағы

орнатылған саяси режимге байланысты қоғамның саяси жүйесінің құрылымдық ерекшеліктері болады. Егер мемлекетте фашистік, тоталитарлық саяси режим орын алса, ондай қоғамның саяси жүйесінің өрісі де тар болады. Ондай мемлекеттерде саяси партиялардың, қозғалыстардың қалыптасып, қызмет істеуіне шек қойылады немесе мүлдем тыйым салынады.

Саяси жүйенің негізгі субъектісі болып табылатындар саяси партиялар да жатады.

Саяси болмыстың кез келген түрдегі өзгешеліктерінде партияларды қажетті компонент (бөлік) ететіні саяси партиялардың қоғамдағы тағайыны болып табылады. Бұл тағайындарға кіретіндер:

- бүкіл әлеуметтік тұтастықтың ортақ мүддесі деңгейіндегі әртүрлі әлеуметтік топтар мен бірліктердің мүдделерін білдіретін өкілдер қызметін жүзеге асыруы жатады;

- саяси қатынастар аясына жататын әлеуметтік топтарды интеграциялау (біріктіру) ісін белсенді жүргізуде жатады;

- партия ішіндегі қарама-қайшылықтарды жою да кіреді.

Партиялардың өздерінің бағдарламалары, мақсаттар жүйесі болады, оларды белсенді түрде насихаттайды, қорғайды; азды-көпті тарамдалған ұйымдық құрылымы болады, өздерінің мүшелеріне белгілі міндеттер жүктейді және де олардың жүріс-тұрыстарының нормаларын қалыптастырады. Сондықтан да олар қоғамның саяси өмір болмысының ұтымды болуына, ұйымшылдық деңгейінің жоғарылауына қуатты қозғаушы күш ретінде қызмет етеді.

Партиялар өз сипаттары бойынша:

- таптық болуы мүмкін, яғни әлеуметтік топтардык мүдделерін білдіретін, мұндай әлеуметтік топтар өндірістік қатынастар құрылымында алатын орнына қарай шаруалар, жұмысшылар, кәсіпкерлер болып айырмалануы мүмкін;

- ұлттық, діни болулары мүмкін, олар қайсыбір этникалық топтың немесе конфессияның айрықша мүдделерін білдіріп, олардың мемлекетте басымдылыққа ие болуын өздеріне мақсат ретінде қоятын болуы да мүмкін (мысалы, Исламның өрлеу партиясы, орыс халқының Одағы және т.с.с.);

- өз алдына белгілі проблемаларды шешу мәселесін қойған партиялар да болуы мүмкін. Мұндай партиялар ең өзекті маңызды, жедел түрде шешімі табылуға тиісті әлеуметтік мәселелерді қозғап, өздерінің бағдарламалары мен іс-әрекеттерін соларды шешуге бағыттайды (бұларға экономикалық партия, бейбітшілік немесе қарусыздандыру партиясы, жер реформасын жүргізу партиясы және т.с.с.);

- мемлекеттік-патриоттық партия, мұндай партия халықтың әлеуметтік топтары мен топтамалары өкілдерін мемлекеттің тұтастығын, ондағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге жұмылдыратын істерге бағыттайды;

- аты елге танымал, яғни әйгілі есімді саясаткер айналасына топталып қалыптасқан және оны қолдаушы топ ретінде әрекет ететін партия;

Қозғалыстар – мұндай "ұйымды" әдетте қатар түрде орталықтандырылған ұйым деуге болмайды, сондай-ақ мұнда жазылып белгіленген мүшелікте жок, бағдарлама мен доктринаны мақсат пен саяси мақсаттар жүйесі алмастырған болып келеді.

Қозғалыстың мақсатын қолдайтын кез келген адам оның қатысушысы бола алады. Әркімнің өзінің қозғалысқа қатысуы немесе оның іс-қимылдарына қолдау көрсету нысандарын таңдаудың түрлері көп. Осы заманғы жағдайда саяси белсенділіктің дамуы партияларға қарағанда адамдар қозғалыстарды жоғары бағалайтыны байқалады, олай болатыны партияларда (іріктеу) таңдап алу жүйесі, міндеттемелер мен тәртіп мәселелері жолға қойылған болып келеді. Көптеген саяси проблемалар қозғалыстар белсенділігінің есебінен шешіліп жататынын қарап айтқан жөн (мысалы, экологиялық проблемалар, бейбітшілік үшін күрес, қоғамды демократияландыру үшін күрестерді ұйымдастыру). Қазақстан Республикасында "Невада – Семей", "Арал теңізді сақтаймыз", деген қозғалыстар орын алуда. Олардың ролі өте маңызды, себебі осы ұйымдар келесі мәселелер шешу үшін қалыптасқан

## Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі

### Негізгі әдебиеттер:

- 1.Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2007.
- 2.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
- 3.Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
- 4.Алексеев С.С. Теория права. М.1996
- 5.Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
- 6.Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
- 7.Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
- 8.Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Данилов С.Ю. Правовые демократические государства. Очерки истории. М. 1999.
- 2.Дмитриева Г. Әділет жолында // Тураби. 2001. № 2.
- 3.Жоламан Қ.Д. Құқықтық мемлекет оның түсінігі мен мазмұны. // Право и государство. № 1-2 (16-17) 2000.
- 4.Зиманов С.З. Сот тәуелдігі – сот әділдігінің кепілі // Тураби. 2001. № 3.
- 5.Зиманов С.З. Быть олицетворением добра и справедливости... // Заңгер. 2001. № 1.
- 6.Қасымбеков М.Әр елдің заңы басқа // Парасат 2002. № 8.
- 7.Матюхин А. Государство в сфере права: институциональный подход. – Алматы: ВШП “Әділет”, 2000.

**Тақырып 8. Құқықтың түсінігі, мәні және функциясы. Әлеуметтік нормалар жүйесі және құқы. 8 апта, 1 сағат.**

**Мақсаты:** . Құқықтың анықтамасы, оның белгілерін қарастыру.

**Сұрақтар:**

1. Құқықтың анықтамасы, оның белгілері.
2. Құқықты түсіну жолдары.
3. Құқықтың мәні.
4. Құқықтың қызметтері.
5. Құқықтың принциптері (қағидаттары).
6. Құқықтың әлеуметтік нормалар жүйесіндегі орны.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- құқықтың анықтамасын түсіндіруге;
- құқықты түсіну жолдарын қарастыруға;
- құқықтың мәнін ашуға;
- құқықтың қызметтерін анықтауға;
- құқықтың принциптерін(қағидаттарын) айқындауға.

**Құқықтың анықтамасы, оның белгілері**

"Құқық" терминінің көптеген мәні бар, ол заң ғылымында, күнделікті өмірде және қызмет бабында қолданылады. Кең мағыналы түсінік болғандықтан, әрбір адамның құқықтың мәні туралы қандай да бір пікірі қалыптасатыны сөзсіз.

Заң ғылымында "құқық" термині бірнеше мағынада қолданылады. Біріншіден, "құқық" - *ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі*. Мысалы, азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу, меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы. Заңды тұлғалардың да құқықтық мүмкіндіктері болады. Осы келтірілген жағдайларда "құқық" түсінігі субъективтік (тұлғалық) мағынада қолданылады.

*Субъективтік (тұлғалық) құқық*-тұлғалардың мүддесін қанағаттандыру мақсатымен құқықтық нормалардың құқық тұлғаларына берген құқықтық мүмкіндіктері. Мұндай мүмкіндіктер құқықтық қатынастарға қатысатын тұлғалардың мінез-құлқының шегін анықтайды. Тұлғаның құқығы құқықтық қатынасқа қатысушы басқа тұлғаның құқығымен байланысты болғандықтан, екі жақта да құқықтық міндеттер пайда болады. Демек, құқықтық қатынасқа қатысушыларда құқықпен қатар құқықтық міндеттер де туындайды. Басқаша айтқанда, тұлғаларда құқықпен бірге құқықтық міндет те болады. Мысалы, әр азаматтың оқып, білім алуға құқығы бар. Сол құқықты пайдаланып, оқуға түскеннен кейін азамат оқу орнының ішкі тәртібіне бағынуға, оқу бағдарламасын орындауға міндетті.

Заңды тұлға кәсіпкерлікпен шұғылданып, заңдық негізде мүлікке ие болуға хақылы. Ол мүлікті өз игілігі үшін пайдаланады. Сонымен қатар, өз мүлкін пайдаланғанда қоғамның, басқа адамдардың мүдделеріне зиян келтірмеуі керек. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясында былай деп жазылған: "Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс" (6-бап).

Айтылғаннан шығатын қорытынды: құқықсыз міндет болмайды, міндетсіз құқық болмайды. Бұл жағдай әлеуметтік әділеттікті баянды етеді.

*Субъективтік (тұлғалық) құқықтық міндет* - құқықтық мүмкіндік берілген құқық тұлғасының заңды мүддесін (талабын) орындату үшін басқа құқық тұлғасына жүктелген міндет. Бұл міндет құқықтық қатынастарға қатысу нәтижесінде жүзеге асырылып, мемлекеттің мәжбүрлеуі арқылы (міндетті орындамаған жағдайда) қамтамасыз етіледі.

Екіншіден, "құқық" дегеніміз *құқық нормаларының жүйеге келтірілген жиынтығы*. Бұл объективтік мағынадағы құқық, себебі олардың жасалуы жеке адамның еркіне байланысты емес. Сонымен, *объективтік мағынадағы құқық жеке нормаларға бөлінбейтін, тұтас құбылыс болып саналады*. Мысалы, Қазақстанның құқығы туралы Конституция былай дейді: "Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады" (4-бап).

Үшіншіден, "құқық" термині оқу пәнін білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Құқық пәндері түрлі салаларға бөлінеді: конституциялық құқық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қаржылық құқық, т.б. *Құқық саласы - өзара туыстас қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы*. Мысалы, азаматтық құқық - мүліктік және мүліктік емес қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Қылмыстық құқық - қылмыс жасауға, жазалауға байланысты қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Төртіншіден, "құқық" термині *тұлғалық құқық пен объективтік құқықтың жиынтығы ретінде де қолданылады*. Осыған байланысты "құқық жүйесі" деген түсінік бар. Мысалы, қазіргі жағдайда елімізде Қазақстанның, құқық жүйесі қалыптасуда.

Құқық пәндерін оқып, құқықтың мәнін терең түсінген адам оның түрлі жағдайда мағынасы әр түрлі болатынын да анықтай алады. Мұның өзі құқықтың өте күрделі әлеуметтік құбылыс екендігінің белгісі.

Құқықтың түрлі түсінігінің болуы - оның әлеуметтік мәнінің де әр түрлі болуының негізі. Егер құқықты тұлғалармен байланыстырса, тұлғалардың мемлекетте, қоғамда құқықтық мәртебесі қандай екенін анықтау, түсіну қажеттігі туады. Азаматтарға сан килы құқықтар мен бостандықтар берілсе, оларды жүзеге асыру мүмкіндігі жасалса, онда қоғамда шынайы теңдік орнатылған болып есептеледі. Ал, объективтік құқық туралы сөз болғанда, мемлекетте қалыптасқан заңдар жүйесі әлеуметтік тұрғыдан сипатталады.

Әрине, құқық туралы зерттеушілердің көзқарасы бір жерден шығып, бір текті болады деп айтуға болмайды. Негізінен, құқықты таптық және жалпы әлеуметтік тұрғыдан түсіндіру ғылымда кен орын алып келді. *Маркстік ілім* құқықты, оған байланысты құбылыстарды тек таптық тұрғыдан ғана зерттейді. Бұл ілім бойынша құқық - үстем таптың саяси құралы, тек соның жоғын жоқтап, мүддесін қорғайды. Ал *өркеніеттік тұрғыдағы ілім* бойынша құқық қоғамдағы барлық адамдардың еркін білдіріп, олардың мүдделерін қорғайтын құрал болып саналады. Қандай ілім болса да құқықтың әлеуметтік мәні бар екенін теріске шығармайды. Бірақ маркстік ілім құқықтың әлеуметтік мәнін өте тар тұрғыдан түсіндіруге тырысады. Әрине, құл иеленушілік дәуірде құқық ашықтан-ашық тек құл иеленушілердің мүдделерін қорғап, құлдарды сөйлейтін мүлікке теңегені белгілі. Бірақ бұл көзқарасты барлық қоғамдарға, түрлі сатыдағы мемлекеттерге телуге болмайды. *Құқық тек үстем таптың еркін білдіретін болса, ондай қоғамда үздіксіз тап тартысы орын алып, ақырында ол құлдырап жойылады.* Қазіргі замандағы өркениетті мемлекеттерде құқық барлық азаматтардың еркін білдіретін саяси құралға айнала бастағанын мойындау керек. Қазақстан мемлекетінде қалыптасып келе жатқан құқыққа да осындай жалпы әлеуметтік тұрғыдан қарау шындыққа сай келеді десек, қателеспейміз. Қазақстан Республикасында қабылданған заңдарды талдайтын болсақ, олардың қандай да болсын әлеуметтік топтарды кемсітетінін немесе белгілі бір топқа артықшылық жасайтынын таба алмаймыз. Демек, Қазақстан заңдары барлық әлеуметтік топтардың еркін білдіріп, *олардың заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған.*

Құқықтың жалпы әлеуметтік мәнін мойындай отырып, оған мынадай анықтама беруге болады.

**Құқық (объективтік тұрғыдан қарағанда) - адам мен қоғамның жаратылысымен байланысты тұлғаның бостандығын білдіретін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, ресми құжаттарда анықталған, мемлекеттің күшімен қамтамасыз етілетін құқықтық нормалардың жиынтығы.**

Енді, құқықтың негізгі белгілерін қарастырайық.

*Жүйелілігі.* Құқық – бірнеше бөліктен тұратын жүйелі құрылыс. Оның бір бөлігі – табиғи құқықтың мазмұны адам мен қоғамның табиғатына байланысты әлеуметтік-құқықтық талаптармен анықталады. Мысалы, адамның өмірі, денсаулығы табиғи құбылыстар. Оларды сақтауға, қорғауға, қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормалар табиғи құқыққа жатады. Қазақстан Республикасының Конституциясында былай деп жазылған:

“Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін киноға хақысы жоқ” (15-бап). Құқықтық жүйенің екінші бөлігі – мемлекеттегі қолданылатын барлық заңдардың жиынтығы. Құқықтық жүйенің үшінші бөлігі – субъективтік (тұлғалық) құқықтар. Осы айтылған бөліктер бірімен-бірі табиғи түрде байланысты, бірінсіз басқаларын түсінуге, жүзеге асыруға болмайды. Мысалы, тек әр адамның өмір сүруге құқығы бар деп жарияланса, оның жүзеге асырылуы қамтамасыз етілмесе, адамның өз өмірін сақтауға, қорғауға мүмкіндігі болмаса, аталған құқық қағаз бетінде ғана жазылып қалған болар еді. *Адам өзіне қажетті рухани және мүлкікті игілікті пайдалану үшін өзі белсенді әрекет жасауы керек.* Адамның әлеуметтік-құқықтық талаптарының мағынасы – оны мемлекеттің тануы, қорғауы, қажет болған жағдайда қамтамасыз етуі.

*Нормативтік сипаты* – құқықтың негізгі белгілерінің бірі. Құқық қағидалардан, ережелерден, рәсімдерден тұрады. *Қағида* – тұлғалардың мінез-құлдықтары туралы ереже.

Былайша айтқанда, қоғамдық қатынасқа қатысушылар өз іс-әрекеттерін, мінезін белгілі ережеде көрсетілген қалыпқа (кисынға) бейімдеулері қажет. Сондықтан құқықтың нормалары – тұлғалардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының үлгісі. Мысалы, әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 19-бап). Тұлғалардың мінез-құлқын анықтау арқылы құқық нормалары қоғамдық қатынастарды қажетті арнаға бағыттап, жолға салады, реттейді, жөндейді, ұйымдастырады, тұрақтандырады, бассыздықтан қорғайды.

*Формалды анықтылық* – құқықтың тағы да бір маңызды белгісі. Ол құқықтың мемлекетпен байланысты екенін көрсетеді. Құқықты, оны құратын заңдарды, басқа да нормативтік актілерді жасайтын, жалпы алғанда, мемлекет. Мемлекет органдардан тұрады, демек, мемлекет органдары заңдарды жасайды. Заң - ережелер жиынтығы. Олар жай ережелер емес, мемлекет атымен жасалатын болғандықтан ресми сипаты бар ережелер. Әрбір ереже, қағида тұлғалардың мінез-құлқы туралы заң шығарушының ойын анықтап, түсінікті түрде тұжырымдайды. Қағидада артық сөз болмауы керек, оның әрбір сөзінің әлеуметтік мәні болады, себебі ол қоғамдық қатынасқа қатысатын тұлғалардың мінез-құлқын анықтау арқылы олардың тағдырына әсер етеді.

Құқықтың енді бір белгісі - *мемлекеттің күшіне сүйенуі*. Егер мемлекет құқық қағидаларының жүзеге асырылуына, дұрыс қолданылуын қамтамасыз етпесе, олар тек қағаз бетінде ғана жазылып қалған болар еді. Мемлекет, оның органдары тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі, жағдай жасайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша елімізде азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Занда көрсетілген категориядағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі (25-бап). Егер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылса, мемлекет оларды қорғайды. Заңды бұзғандар құқықтық жауапқа тартылады, мүмкіндігінше бұзылған құқық орнына келтіріледі.

Құқықтың тағы бір белгісі – *адамдардың еркін білдіруі*. Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық деп жазылған. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді (3-бап). Сонымен, халық заңдарды өзі тікелей қабылдай алады. Мұндай жағдайда заң тікелей халықтың еркін паш етеді. Оған мысал, 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы Конституцияны референдум арқылы қабылдады. Конституция - құқықтың өзегі, ұйтқысы. Олай болса, Қазақстанда қалыптасып келе жатқан құқық бүкіл көп ұлтты халықтың еркін білдіреді, ойын жүзеге асырады десек, ешбір асыра сілтеу болмайды. Халықтың ойын, еркін мемлекет органдары да тиісті нормативтік актілер қабылдау арқылы жүзеге асырады. Халық Президентті сайлайды. Халық атынан әрекет жасап, Президент өз өкілеттілігінің шеңберінде нормативтік актілер - заң күші бар жарлықтар, жай нормативтік жарлықтар, қаулылар қабылдайды. Президенттің нормативтік актілері Қазақстан құқығын қалыптастыратын бастау болып есептеледі. Құқықты құратын нормалар тек бір адамның немесе әлеуметтік топтың еркін білдіріп, мүддесін ғана қорғамайды. Ол – халық үшін қызмет істейді.

### **Құқықты түсіну жолдары**

Құқық – адамзаттың әділдік және азаттық идеяларына негізделіп, көбінесе заңдарда баянды етілетін, қоғамдық қатынастарды реттейтін *нормалар жүйесі*.

Көне заманнан оқымыстылар құқықтың мәні мен мазмұнын түсінбекші болып, оған сан қилы анықтамалар берген. Оның түсінігі мен мәнін анықтаудың үш жолын айтуға болады. 1) нормативтік тұрғыдан қарау, былайша айтқанда, құқықты заң нормаларының

жүйесі деп санау; 2) социологиялық тұрғыдан қарау, яғни, құқықты реттелетін қоғамдық қатынастармен ұқсас деп санау; 3) философиялық тұрғыдан қарау, яғни құқықты бостандық пен әділдік деңгейімен байланыстыру.

Құқықты социологиялық және философиялық тұрғыдан қарағанда ол өте кең түсінік болып, оған құқық нормаларымен қатар құқықтық сана, құқықтық қатынастар да жатады.

Құқыққа, ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде қарасақ оған жалпы және айрықша белгілер тән екендігін байқаймыз.

1. *Құқық жазылған нормалардан тұрады.* Нормативтік тек құқыққа тән жағдай емес. Ол адамның табиғатымен байланысты және кез келген әлеуметтік ұйымға тән. Нормативтік дегеніміз адамдардың ой жүйесін, қоғамдық өмірін тәртіптеп, соның нәтижесінде белгілі ережелерге бағындыру.

2. *Құқық әділдік және бостандық идеяларын білдіреді.* Әділдік пен бостандыққа адамзат ежелден ұмтылып, оларды армандаған. Әділдік - адамның игілігіне бағытталған жағдай, ол басқа адамның мүддесіне зиян келтірмейді, қоғамға пайдалы. Осы талаптарға сай келетін адамның әрекеттері әділ болып саналады. Марксизм-ленинизм негізін қалаушылары әділдікті тек таптық мүдделермен байланыстырады.

Бостандық - адамнан ажыратылмайтын қасиет. Тек бостандық болса ғана адам лайықты өмір сүре алады, барлық өзіне тән шығармашылық мүмкіндіктерін аша алады.

3. *Құқықтың бейнелейтін объектілері болады.* Олар - билік, мемлекет, қоғамдағы тәртіп. Солар арқылы әділдік пен бостандық жүзеге асырылады. Әрине, әділдік пен бостандық шектелсе де, сол аталған құбылыстар арқылы жүзеге асырылады. Құқықтың нормалары мен мемлекет органдарының арасында қайшылықтар, үйлеспеушіліктер болуы мүмкін. Зандарда адамдардың құқықтары мен бостандықтары жарияланғанымен, мемлекет органдары олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етпеуі де мүмкін.

4. *Құқық адамның іс-әрекетін реттейді,* оның ойына, сезіміне әсер етеді. Егер адам заңдарда әділдік пен бостандық баянды етілетініне көзі жетсе, оларды орындау қажет деп есептейді. Мұндай жағдайда адам өз еркімен заң талабын орындайды. Заң талабын бұзса, кінәліге мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

5. *Құқық нормативтік актілер түрінде қалыптасады.* Оларда адамдардың еркі баянды етіледі. Адамдардың еркін заң шығаратын орган ресмилендіреді. Сондықтан құқық – мемлекет таныған адамдардың еркі. Егер құқық әділдік пен бостандықты паш етсе, ол жалпы халықтық құқық деп саналады.

6. *Құқықтың формалды анықтылығы.* Заңдарда бекітілген нормативті нұсқаулар ерекше қасиетке ие болады. Ол - формалды анықтылық. Оның белгілері: айқындығы, бір мағыналылығы, қысқалығы. Бұл құқық субъектісінің не нәрсені істеуге болады, нені болмайтындығын білуіне ыңғайлы, әрі қолайлы. Мысалы, біреудің мүлкін ұрлау - қылмыс.

7. *Құқықтың жүйелілігі – оның тағы бір қасиеті.* Заңдарда жазылған құқықтық нормалар өзара байланысты, үйлесімді болады. Құқықтың нормалары тек осындай негізде жазылып, қалыптасса ғана құқық өзінің борышын орындауға қабілетті болады.

8. *Құқықтың тағы бір қасиеті - оның өзгермелілігі.* Қоғамдық өмір сіресіп қалмай, құбылып, өзгеріп тұрады. Соған сәйкес құқық нормалары да өзгерген қатынастарды лайықты түрде реттеу үшін өзгеріп тұруы қажет. Осыған байланысты ескірген заңдар күшін жояды, жаңа заңдар қабылданады. Құқық біркелкі қалыпты түрде адамдарға қолданылады. Осының өзі құқықта теңсіздіктің баянды етілетінін байқатады. Адамдар әр түрлі: біреу әлсіз, біреудің қабілеті мол, екіншісінікі кем, біреудің отбасы бар, біреу бойдақ. Адамдардың мұндай айырмашылығын заң ескере бермейді. Сондықтан заң адамдарды іс жүзінде теңдестіре алмайды. Әрине, өмірдің кейбір салаларында, мысалы, саяси құқықтармен пайдаланғанда барлық азаматтардың жағдайы бірдей.

9. *Құқықты мемлекет қорғайды.* Құқықтың барлық нормаларының талаптарын адамдар өз еркімен орындай бермейді. Соған байланысты мемлекет құқық талабын

бұзғандарға мәжбүрлеу тәсілін қолданады. Мұндай қорғау болмаса, құқық жоқ деп есептеу керек.

### **Құқықтың мәні.**

Құқықтың үш "алтын" тірегі бар: *имандылық, өмірдің материалдық жағдайлары және мемлекет*. "Құқық" түсінігі имандылыққа, әдептілікке тіреледі. Құқық имандылық негізінде пайда болады. Иmandылықтың өзі де адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін күш. Әрине, имандылықтың талаптары заң емес, тек ізгілікке, адамгершілікке өнегелікке негізделеді. Оның қағидаларын орындататын ұйымдастырылған күш жоқ. *Имандылық* тек арға, ұятқа арқа сүйейді, жұртшылықтың пікіріне негізделеді. Ал құқық имандылықтан нәр алады, неғұрлым құқықтың нормалары имандылық шарттарына сәйкес келсе, соғұрлым олардың сапасы да, абыройы да жоғары болады. Иmandылық әділетсіздікті, жауыздықты, зорлық-зомбылық, ұрлық, тағы сондай теріс қылықтарды айыптайды. Бірақ ондай қылықтар үшін жаза қолдануға қажетті құралы жоқ. Иmandылықтың ең күшті құралы - жұртшылықтың пікірі. Құқық та теріс қылықтарға тыйым салады. Тек тыйым салып қана қоймайды, кінәлі адамдарды жазалау шараларында белгілейді, сол шараларды қолданатын мемлекет органдарының күшіне сүйенеді. Сөйтіп, құқық нормалары арқылы мемлекет имандылық талаптарына ресми мағына береді, соның нәтижесінде қоғамдық қатынастарды реттейді. Иmandылықтың талаптары жалпылама түрде болады, олардың анықтамасы, дәл түсінігі жоқ. Айталық, ұрыны, зорлықшылды, өсекшіні жаман адам деп айыптайды. Ал құқық мұндай адамдардың іс-әрекетіне мейлінше дәл, бұлтартпайтын анықтама беріп, тиісті құқықтық норманың мазмұнына жатқызады.

Құқықтың тағы бір тірегі - *адамдардың өмір сүру жағдайлары, олардың шаруашылығы*. Адамзаттың өмір сүруі өндіріске байланысты. Өндіріс тиімді, нәтижелі болу үшін оны ұйымдастыру, оның дамуына қажетті жағдай туғызу керек. Бұл тек мемлекеттің қолынан келетін іс. Мемлекеттің өндіріске, шаруашылыққа әсер ету дәрежесі қоғамда қалыптасқан меншік түрлеріне байланысты. Қазір Қазақстанда меншіктің екі түрі бар: мемлекеттік меншік және жеке меншік. Мемлекет *өз меншігін тек қана реттеп қоймайды*, сонымен қатар оны дамыту үшін басқарады. Ал жеке меншікке негізделген өндірісті иесі заңда белгіленген тәртіпке сүйене отырып, өзі басқарады. Демек, мемлекет екі меншікке негізделген өндірістің дамуын реттеу үшін құқықтың мүмкіндігін пайдаланады. Соның нәтижесінде құқықтың өзі де өзгереді, дамиды, өндірістік қатынастарды реттеуге бейімделеді.

Осы айтылғандардан байқалатыны - құқық қалыптасуының екі кезі, яғни бастауы бар екен. Құқық нормаларын жасауға халық тікелей қатысады. Бірақ халық тек өте маңызды мемлекеттік мәселелерді шешу қажет болғанда, басқа жолмен оларды шешуге болмайтын жағдайда ғана заңдарды тікелей қабылдайды. Демек, халық заңды ерекше жағдайда қабылдайды. Әдетте, заңдарды, басқа да нормативтік актілерді тиісті мемлекет органдары жасайды. Сондықтан құқық нормаларының басым көпшілігін мемлекет шығарады.

Мемлекеттің қызметі құқық нормаларын қалыптастырумен аяқталмайды, қайта оның, қызметі сол құқық нормалары заңда белгіленіп іске қосылған сәттен басталады деуге болады. Құқық нормаларының талаптары өздігінен жүзеге аспайды. Оларды жүзеге асыру үшін, талаптарын орындату мақсатында мемлекет түрлі әдістер қолданып алуан қызметтер атқарады. Егер құқықтық нормалардың талаптары орындалмаса, бұзылса, мемлекет кінәлі адамдарға тиісті шаралар қолданады. Сөйтіп, құқық нормалары мемлекеттің ырқына негізделіп, жүзеге асырылады.

Құқық нормалары адамға бостандық беріп қана қоймайды, сол бостандықты қамтамасыз ететін орасан зор күш - мемлекетке сүйенеді. Құқықтың тірегі, оның күш-қуаты беделі мен абыройы - мемлекет.



## **Құқықтың қызметтері**

Құқықтың әлеуметтік мақсаты оның атқаратын қызметінен байқалады. Оның қызметі қоғамдық қатынастарға, адамдардың мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне әсер етуге бағытталады. Құқық қызметінің негізгі бағыттары мыналар: 1) *Реттеу қызметі*. Бұл қызметтің мәні - қоғамдық қатынастарды баянды ету, тұрақтандыру. Мысалы, құқық нормалары азаматтардың түрлі жағдайлардағы құқықтық мәртебесін анықтайды. Конституция азаматтарға сан қилы құқықтар мен бостандықтар береді және соларды пайдалану үшін тиісті қоғамдық қатынастарға қатысу мүмкіндіктерін туғызады. Құқықтар мен бостандықтар тұрақты құбылыстар, өзінің мәнін, күшін жоғалтпайды, оларды үнемі пайдалануға болады. Сондықтан құқықтар мен бостандықтарды паш ететін құқықтық нормалар әрдайым қоғамдық қатынастарды реттейтін құрал болып саналады; 2) *Тыйым салу қызметі*. Құқықтық нормалар жеке адамның, қоғамның және мемлекет органының зиянды іс-әрекеттеріне тыйым салады. Зиянды іс-әрекеттердің алдын алуға арналған құқықтық нормалар адамдарға, ұйымдарға міндет жүктейді, зиянды істен сақтандырады, құқықтық нормалардың қағидаларын бұзбауды талап етеді; 3) *Заңды игіліктерді қорғау қызметі*. Адамдарға, ұйымдарға, бірлестіктерге құқықтар мен бостандықтар белгілі бір игілікті пайдалану үшін, өз қажетін (рухани, материалдық, т.с.с.) қанағаттандыру үшін беріледі. Мысалы, әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Оған ешкім қол сұға алмайды. Егер адамды заңсыз бас бостандығынан айыратын болса, кінәлі адам құқықтық жауапқа тартылады. Занда көзделген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың рұқсатымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады. Соның өзінде де тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығы беріледі. Тұрғын үйге қол сұғылмауы керек. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Заңға сәйкес пайда болған меншікті мемлекет қорғайды. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Кәсіпкерлікпен шұғылдану -азаматтардың негізгі құқықтарына жатады. Мемлекет кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді.

Құқықтық нормалар адамдардың, ұйымдардың, бірлестіктердің құқықтары мен бостандықтарын паш етумен қатар, оларды қорғау жолдарын, әдістерін, мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырады.

4. *Құқықтың тәрбиелік қызметі* де ерекше. Құқықтың нормалары адамдардың санасына әсер ету арқылы құқықтық мәдениетті қалыптастырады. Сонымен қатар, *құқық заңды бұзудың алдын алу қызметін* де атқарады. Осы айтылғандар құқықтың экономикалық, әлеуметтік, идеология салаларындағы қызметіне жатады. Осыларға қоса құқық мемлекетті, қоғамды және азаматтардың заңды мүдделерін қорғау қызметін де жүзеге асырады.

### **Құқық принциптері (қағидаттары)**

Құқық принциптері - құқықтың мәнін білдіруде оған негіз болатын идеялар мен бастаулар. Ол идеялар әділеттік пен бостандықтың сара жолын қорытындылау арқылы шығарылады.

Құқық принциптері әділдік, дұрыстық көрсеткіші болғандықтан, тұрақтылығымен ерекшеленеді, олардың ұзақ уақыт бойы өзгермеуі құқықтық нормалардан айырмашылығы болып табылады.

Құқықтық принциптер нормаларда, заңдарда тікелей немесе жанамалай білінеді.

Әділет және бостандық идеяларын дамытатын құқықтық, принциптердің ең бастылары - демократиялық, ұлтаралық пәтуа (келісім), заңдылық, адамгершілік, азаматтардың заң алдында тең болуы (теңқұқықтылығы).

### **Құқықтың әлеуметтік нормалар жүйесіндегі орны**

Адамдар сан ғасырларға созылған өздерінің тіршілік етулерінің барысында түрлі нормалар мен ережелерді көптеп жасаған. Бұлар ізгілік, құқықтық, саяси, этикалық (әдептілік) өнегелі, эстетикалық, корпоративтік, діни, әдет-ғұрыптар, үрдістер, дәстүр мен дағдылар, тұрмыстық әдет-ғұрыптар, ырымдар мен жоралар, салт-дәстүрлері, салт жоралары және тағы басқалар болып жіктеледі. *Нормалар дегеніміз қоғамдық қатынастарға араласып қатысушылардың жүріс-тұрыстарының басқаша айтқанда мінез-құлықтарының үлгілері, эталондары, ережелері болып табылады.*

Зан ғылымы қоғамдағы қолданыста жүрген барлық нормаларды негізгі екі топқа әлеуметтік және техникалық, деп бөліп қарастырады.

*Қоғамның әлеуметтік нормалары дегеніміз қоғамдық қатынастарды реттейтін, қоғамның пікір күші ықпалымен немесе мемлекеттің мәжбүрлеуімен қамтамасыз етілетін, қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы, жүріс-тұрыстары ережелерінің жүйесі. Бұған құқық нормалары, әдет-ғұрыптар, өңеге, иман, діни нормалар, дәстүр және т.б. жатады.* Осы ережелер өздерінің пайда болу негізіне, қамтамасыз ететін күшіне және хабарлау тәсіліне қарай ажыратылады. Мысалы, өнеге нормалары баяғыдан адам қоғамында қалыптасып келе жатқан, отбасында орын алатын және отбасы арқылы қалыптасатын ауызша нормалары, ал құқық нормаларының негіздері мемлекетте жатады және әрқашанда жазбаша түрінде болады, оларды мемлекет қамтамасыз етеді.

*Техникалық нормаларға* - техникалық нормалардан басқа санитария мен гигиеналық, экологиялық, биологиялық, физиологиялық және тағы басқалай да нормаларға қатыстылары жатады. Бұл нормалардың бәрін қысқашалап техникалық деп атау әлеуметтік деп аталатын нормалармен байланыстыра қарастырғанда түсінікті болу үшін сондай аталыммен атау қалыптасқан.

Техникалық және әлеуметтік нормалар өзара ықпалдасып жатады. Қоғам үшін аса маңызды нормаларды құқық және мемлекет әрдайым қолдап отырады. Содан олар жүріс-тұрыстын *техникалық-заңдық* ережелеріне айналады, сөйтіп жалпыға бірдей міндетті болады да белгілі бір заңдық салдарды туындатады. Мысалы құрылыс жұмыстарының жүргізілулерінде қылмыстық заң қауіпсіздік ережелерін бұзғандық үшін жауаптылықтың болуын көздейді де оны алдын ала заңдарда белгілеп қояды. Осындай құқықтық нормалар әртүрлі көліктерді пайдалануларда да қарастырылады.

Сонымен, осы замаңғы *әлеуметтік нормалар дегеніміз*, қоғамдағы болмыстың тәртіпсіздік былығына айналмауы үшін, қайта ол әрбір азаматқа, адамдар топтарына, нақты бір мемлекеттерге, бүкіл адамзат қоғамдастығына ұтымды, әрі тиімді, жабдықталған (яғни комфортты), әділетті, пайдалы, құнды *болуы үшін арналған және қолданылатын түрлі ережелердің жиынтық түрі.*

Қоғамдық қатынастардың әрбір субъектілері қоғамда бар нормалар туралы хабардар болуы және өздерінің болмысын соларға негіздей отыра құруы тиіс. Әртүрлі әлеуметтік нормаларды зерделеудің, игеріп ұғудың және қолданыстарда пайдаланудың *барысын әлеуметтендіру* деп атайды.

Адам әртүрлі топтар, бірлестіктер істеріне қатыса жүріп әлеуметтік тәжірибе жинақтайды, тұлға ретінде қалыптасады.

*Сонда ғана тұлғаны* мәдени нормалар білімдері негізінде іс-қимылдарға баратын, өзін айқын сезінетін, басқа адамдар арасындағы *өзінің рөлін анық түсінетін тұлға дейміз.* Әлеуметтік есеюдің нәтижесінде (тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы барысында) *адам өзін азамат ретінде байыптайды, ұғынады.*

Азамат - адамның негізгі сипаттық мінеземелерінің бірі. Мұның өзі оның белгілі бір мемлекетке тәндігін білдіреді.

Адамның әлеуметтенуін нобайлау барысында байыптап барып өмір жолы ретінде көзімізге елестетіп көрсек, онда ол сол адамның әулеттік отбасында басталатынын пайымдаймыз. Одан әрі қарай ол қоғамда жүзеге асырыла бастайды. Ал, мемлекет адамдардың бірлесіп өмір сүруі барысында оларды реттеумен айналысатын қоғамдағы

ұйымдардың бірі, әрі бірегейі екенін байқаймыз. Азамат және оның мүдделері өркениетті мемлекеттің басты қамы болып табылады.

Адамдардың өзара бірігіп өмір сүруін бағыттайтын нормалар халықаралық шарттарда (конвенцияларда), конституцияларда, әртүрлі ұйымдар мен партиялардың жарғыларында; кодекстер, заңдар, талаптары мен ұйғарымдарында; діни әдет-ғұрыптарда; мәдени дәстүрлер мен үрдістерде, саяси міндеттемелерде көрініс тапқан. Осы нормалардың көмегі арқылы белгіленген тәртіп, иерархиялық (бір-біріне бағыныштылық) қатынастар орнығады. Мұндай орнығу орын алған қоғамда нормалардың ықпалы барлық әрекеттерден әрқашанда байқалып отырады. Олар адамдардың әртүрлі әрекеттерін, өзара қатынастарын реттейді. Әлеуметтік нормалар адамның ұрпағы ана кұрсағында жатып тіршілік белгісін білдіре бастаған кезден-ақ қызметін көрсете бастайды және сол адамның дүниеден өтуімен байланысты аяқталады.

Мемлекетте азаматтарға қалыпты өмір сүрудің жағдайларын жасау мен олардың өзара қатынастарын, мемлекетаралық (халықаралық) қатынастарды реттеу үшін де құқық нормалары болады. Бұл нормалар заңдарда, кодекстерде, конвенцияларда, шарттарда және басқалай да құқықтық актілерде көрсетіліп баянды етіледі. Қоғамда ұлттық (мемлекеттік) және халықаралық құқықтық нормалар да орын алады (егер де осы мемлекет әлгі нормаларды таныған болса). Осы нормаларға өз кезегінде барлық азаматтар мен ұйымдардың қолдануы және орындауы үшін (ортақ түрде) міндетті болады.

Құқықтық нормалар үшін *мораль* нормаларының, өнеге нор-маларының маңызы аса зор болып келеді. Сонда *мораль дегеніміз - адамдардың жүріс-тұрысын жақсылық және жамандық, әділеттілік және әділетсіздік тұрғысынан реттейтін нормалар мен қағидаттар жүйесі деп қарастырамыз.* Әлеуметтік нормалар жүйесінде жақсылық және жамандық (зло), әділеттілік пен әділетсіздік тұрғысынан қоғамдық қатынастарды реттеудің ең әмбебап құралы мораль (өнеге) нормалары болып табылады. Сондықтан да бұл нормалар қоғамдық ықпал ету шаралары күшімен қамтамасыз етіледі.

Құқық сонымен қатар дін нормаларымен де байланысты болып келеді. Дін нормаларының негіздеріне (қайнар көздеріне) Ислам (мұсылман) дінінде - Құран, Сунна, Иджма, Кийас; христиан дінінде - Ветхий Завет (Ежелгі өсиеті кітабы) жатады. Осы дін нормалары діни бірлестіктердің ұйымдастырылуы мен қызмет атқаруларын белгілейтін ережелер болып табылады.

*Дін нормалары* - сонымен әртүрлі діндерді тұтудағы белгіленген ережелер болып табылады. Және де бұл ережелер сол дінді ұстанып, тұтынатын адамдарға ғана міндетті болады.

Дін нормалары адамзат қоғамның белгілі бір даму сатысында заңдық сипатта болғанын тарих көрсетіп отыр. Олар саяси, мемлекеттік, азаматтық, құқықтық, неке - отбасылық және басқалай да қатынастарды реттейтін болған.

Көпшілік қатынастарда діни ұйымдар белгілеген нормалар қолданыстағы құқықтармен астасып жатады. Дәлірек айтқанда мемлекеттің негізгі заңы - Конституция діни ұйымдардың қызмет атқаруының құқықтық негізін қалап, адамдардың әрқайсысының өздері қалаған кез келген дінді тұтынып ұстануына кепілдік береді. Діни бірлестіктерге заңды тұлға мәртебесінің берілуінің мүмкіндігі заңдарда көрсетілген.

Құқықтық нормалар әдет-ғұрып нормаларымен де байланысты болып келеді.

*Әдет-ғұрып дегеніміз - қоғам дамуының гасырларға жалғасқан болмысының барысында қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған, соның нәтижесінде дағдыға айналған адамдардың өздерінің еріктері бойынша орындалатын жүріс-тұрыс (мінез-құлық) нормалары мен ережелері.*

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 3-і бабы бойынша іскерлік қызмет өрісіндегі *құқықтық әдеттегі* азаматтық заңдардың қайнар көздері болып саналады.

Әдет-ғұрыптар мораль нормаларына қарағанда құқықпен азырақ байланысқан, бірақ солай болғанның өзінде де әдет-ғұрыптар құқыққа ықпалын тигізеді.

Мысалы, көшпелі кезеңдегі қазақ қоғамында әдет-ғұрып құқықтың қайнар көзі болған. Мемлекет әдет-ғұрыптардың қайсы біреулерін құқық нормалары ретінде баянды етіп бекіткен болатын. Сөйтіп оларға жалпыға бірдей міндеттілік мән (маңыз) берген. Құқықтық әдет-ғұрып ("әдеттегі құқық") жинағының жарқын мысалына Тәуке ханның "Жеті жарғы" заңдар жинағы жатады.

Құқық пен әдет-ғұрыптың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырып көрейік. Мысалы, құқық және әдет-ғұрыптар нормалары адамдардың жүріс-тұрыстарын реттеушілер болып табылады, сөйтіп белгілі бір ұжымдардың пікірі бойынша адамдардың ісі (қылығы) қандай болуы тиіс немесе қандай болуы мүмкін екендігін көрсетеді, жалпы, жалпыға бірдей міндетті ережелер түрінде білдіріледі. Сонымен әдет-ғұрыптар мен құқық нормаларының бір-бірінен айырмашылығы шығу тегі бойынша, білдірілу (баяндалу) формасы және қамтамасыз етілу тәсілдері бойынша анықталады. Егер әдет-ғұрыптар адам қауымының пайда болуымен қатар, бір кезде пайда болған болса, онда құқық нормалары мемлекеттік түрде ұйымдастырылған қоғамда пайда болады; егер әдет-ғұрыптар арнайы актілерде баянды етілмесе (бекітілмеген болса), оның орнына адамдар санасында ғана болып және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп жатқан болса, онда құқық нормалары белгілі бір формаларда болады, сөйтіп ресми жолдар арқылы беріледі; егер әдет-ғұрыптар қоғамдық пікірдің күшімен қамтамасыз етілетін болса, онда құқық нормалары мемлекеттің еріксіз көндіру күштерінің мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

### **ҚҰҚЫҚ ПЕН МОРАЛЬДЫҢ ИМАНДЫЛЫҚТЫҢ, ӨНЕГЕНІҢ ЖАЛПЫЛАМА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

- экономикалық базиске жасалған қондырма болып табылады;
- нормативтік мазмұнда болады;
- қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып табылады;
- әлеуметтік-экономикалық мүдделердің ортақтығына (бірлігіне) негізделеді;
- көпшілік жағдайларда ерікті түрде жүзеге асырылады;
- жүзеге асырылуының ішкі кепілі – адамның ар-ұяты мен намысы.

### **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2011.
2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы "Эверо". 2004.
3. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
4. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
5. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
6. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
7. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
8. Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.
9. Зиманов С.З. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Парламенті. Алматы, 1996.
10. Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов // В кн. Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Әмірғазин С. Діни сенім бостандығы және заң// Тураби. 2001. № 2.
  2. Вайсберг Л.М. Идея правового государства и проблема этатизма // Изв. АН КазССР. – Сер. обществ. наук. – 1989. – № 5.
  3. Данилов С.Ю. Правовые демократические государства. Очерки истории. М. 1999.
  4. Дмитриева Г. Әділет жолында // Тураби. 2001. № 2.
- Жоламан К.Д. Құқықтық мемлекет оның түсінігі мен мазмұны. // Право и государство. № 1-2 (16-17) 2000

### **Тақырып 9. Құқықтың қайнар көздері. 9 апта, 1 сағат.**

**Мақсаты:** Құқықтың қайнар көздерінің түсінігі және түрлерін мәнін ашу.

#### **Сұрақтар:**

1. Құқықтың қайнар көздерінің түсінігі және түрлері.
2. Нормативтік актілердің түсінігі және түрлері.
3. Заңдардың түсінігі, белгілері және түрлері.
4. Нормативтік актілердің күші.

#### **Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- құқықтың қайнар көздерінің түсінігін беруге;
- нормативтік актілердің түсінігін ашуға;
- заңдардың түсінігін айқындауға;
- нормативтік актілердің күшін анықтауға.

#### **Құқықтың қайнар көздерінің түсінігі және түрлері.**

Позитивтік құқықтың өзіне тән белгісі болып оның формальды сипаты табылады. Оны құрайтын нормалар заңдарда немесе мемлекетпен танылатын басқа да қайнар көздерде көрініс тапқан жағдайда заңды, жалпыға міндетті болып танылуы мүмкін.

Құқықтың қайнар көздері—бұл құқық нормаларының бекітілу және көрініс табуының мемлекет шығарған немесе ол таныған ресми-құжаттық нысандары, оларға заңды, жалпыға міндетті мағына беру.

Құқықтың қайнар көздеріне ресми сипат тән, оларды мемлекет таниды; бұлар ондағы нормаларды мемлекеттің қолдауды қамтамасыз етеді. Құқықтың қайнар көздеріне ресми сипат екі жолмен беріледі:

- 1) құқықшығарсашылық жолы арқылы; бұл жағдайда нормативтік құжаттарды құзіретті мемлекеттік органдар қабылдайды, яғни, тікелей мемлекет шығарады.
- 2) санкциялау жолы арқылы; бұл жағдайда мемлекеттік органдар белгілі бір түрде әлеуметтік нормаларды (әдет-ғұрып, корпоративтік нормалар) қолдап, оларға заңды күш береді.

Құқықтың қайнар көздерінің түрлері:

1. Нормативтік заң актілері— бұл құзіретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттар. Оларға Конституция, заңдар мен заңға сәйкес актілер жатады.
2. Санкцияланған әдет нормалары—бұл адамдардың санасынан орын алған және көп рет қолданылуының нәтижесінде әдетке айналған, тарихи қалыптасқан жүріс-тұрыс ережелеріне мемлекеттің жалпыға міндетті мән беріп, оларды орындауды өзінің мәжбүрлеу күші арқылы кепілдеуі. Әдет-ғұрып нормаларына заңды мағына беретін мемлекет санкциясы екі түрлі жолмен беріледі: а) нормативтік актілерде әдет нормаларына сілтеме жасау арқылы; ә) оларды сот шешімдерінде және басқа да мемлекеттік органдар актілерінде іс жүзінде тану арқылы.

3. Заңды прецедент– бұл ұқсас істерді шешуде басшылыққа алынатын және жалпыға міндетті заңды мағынаны иеленетін нақты бір заңды істі шешудегі соттық немесе әкімшілік шешім.

4. Нормативтік шарт–бұл екі немесе одан да көп субъектілердің жалпыға міндетті заң нормаларынан құралған кеілісімі.

5. Құқықтың жалпы қағидалары–бұл құқықтық жүйенің негізгі бастамалары. Мысалы, заңнамалық норма, міндетті прецедент немесе әдет нормасы болмаған жағдайда заңгерлер әділеттілік, ар-ождан, құқықтың әлеуметтік бағыттылығы қағидаларына негізделуі мүмкін (Грецияның, Испанияның, Ауғаныстанның Азаматтық кодекстері).

6. Діни мәтіндер–бұлар, әсіресе, мұсылмандық құқыққа тән. Ең алдымен, бұл Құран мен Сүннет. Құран–бұл Алланың сөздері, өсиеттері және ақылдарының жиынтығы түріндегі қасиетті кітап; Сүннет–бұл Мұхаммед Пайғамбардың өмірін сипаттайтын жинақ.

### **Нормативтік актілердің түсінігі және түрлері.**

Нормативтік заңды актілер– бұл күзіретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттар.нормативтік актілерді нормашығарушылық күзіретке ие органдар қатаң анықталған тәртіп бойынша қабылдайды. Заңды күшіне қарай барлық заң актілері екі топқа бөлінеді: заңдар мен заң актілері.

Заң–бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіпте қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт.

Заңға сәйкес актілер–бұл заң нормаларынан құралған, заңдардың негізінде және оларды орындау мақсатында қабылданған актілер. Оларға мыналар жатады:

- 1) Президенттің күзіреті шегінде қабылданған жарлықтар мен өкімдер;
- 2) Парламенттің күзіреті шегінде қабылданған қаулылар мен өкімдер;
- 3) мемлекеттік аумақтық және жергілікті органдардың (өкілдік органдар мен әкімшілік органдар) актілері–мемлекеттік билік пен басқарудың аумақтық органдары немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдайды және осы аумақта өмір сүріп жатқан барлық тұлғаларға таралады;
- 4) ведомстволық актілер–белгілі бір органның күзіреті шегінде қабылданады және осы ұжымның мүшелеріне ғана таралады.

### **Заңдардың түсінігі, белгілері және түрлері.**

Заң–бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіпте қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт.

Заңның белгілері:

1. Заң–бұл құқықтық жүйеге заң нормаларын енгізуге, оларды жоюға немесе өзгертуге байланысты құқықшығармашылық әрекеттер бекітілген заң актісі.
2. Заң–бұл мемлекеттік биліктің қатаң анықталған жоғары органдарының актісі.
3. Заң жоғары заң күшіне ие. Бұл мынаны білдіреді: а) қалған барлық құқықтық актілер заңдарға негізделуі және оларға қарама-қайшы болмауы тиіс. Кез-келген басқа акт заңға қайшы келген жағдайда басымдылық соңғысына беріледі; ә) заңды кез-келген басқа орган бекіте алмайды; б) оны қабылдаған органнан басқа ешкім заңды өзгерте немесе оның күшін жоя алмайды.
4. Заң–бұл құқықтық жүйеде бұрын болмаған және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелеріне байланысты міндетті нормалардан құралған нормативтік акт.

Заңның түрлері:

- 1) Конституция–бұл басқарудың және мемлекеттік құрылымның нысанын, сот әділдігі жүйесін анықтайтын, конституциялық құрылымды, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бекітетін негізгі саяси-құқықтық акт;

- 2) конституциялық заңдар—Конституциямен көзделген және онымен байланысты мәселелерге қатысты қабылданады;
- 3) жай заңдар—бұл қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани жақтарына арналған ағымдағы заңнама актілері.

### **Нормативтік актілердің күші.**

Нормативтік актілер әрекет етудің уақыттық, кеңістіктік және субъектілік шектеріне ие:

1. Нормативтік актілердің уақыттағы күші олардың күшіне енген сәтінен бастап күшін жоғалтқан сәтіне дейін таралады. Актілер не оларды қабылдаған сәттен бастап, не нормативтік актінің өзінде немесе оның күшіне енуі туралы арнайы актіде көрсетілген уақыттан бастап, немесе оларды жариялаған сәттен бастап белгілі бір мерзім өткеннен кейін күшіне енеді. Актілер оларды қабылдауда көрсетілген әрекет ету уақыты өткеннен кейін, не олардың орнына жаңа акт қабылданған жағдайда, не нақты бір органның осы актінің күшін жою туралы тікелей нұсқауы негізінде өз күштерін жояды.

Нормативтік актілердің уақыттағы күшіне байланысты жалпы ережелердің ішінде екі ерекше ереже бар:

а) заңның кері күші—жаңадан қабылданған нормативтік актінің өз күшін бұл акт заңды күшіне енгенге дейінгі қатынастарға таратуы. Жалпы ереже бойынша, заңның кері күші болмайды, алайда, заңның кері күшті иеленуі екі жағдайда мүмкін: егер заңның өзінде бұл аталып өтсе немесе заң жауапкершілікті жеңілдетсе немесе жойса;

ә) жаңа заңдағы арнайы көрсету бойынша өз күшін жойған заңның жекелеген мәселелерге қатысты күшін сақтап қалуы.

2. Нормативтік актілердің кеңістіктегі күші олар таралатын аумақпен анықталады. Мемлекеттің аумағы ретінде мемлекеттік шекаралар ішіндегі оның құрғақ және су кеңістігі, олардың үстіндегі ауа кеңістігі, жер қойнаулары, сонымен қатар, шетелдердегі елшілік өкілдіктердің аумақтары, ашық теңіздегі әскери және сауда кемелері, мемлекеттің аумағынан тыс жерлерде ұшып жүрген ұшақтар танылады. Бұл мәселені қарастыру кезінде мынаны ескерген жөн: заңның белгілі бір кеңістікке немесе тұлғаларға таралмау тәртібі эксаумақтық деп аталады.

3. Заңның тұлғалар шеңбері бойынша күші нормативтік талаптардың белгілі бір актінің әрекет ету аумағындағы барлық тұлғаларға таралуын білдіреді. Алайда, бұл ережеден де ауытқушылықтар бар:

а) мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, елшілік және консулдық өкілдіктердің қызметкерлері эксаумақтық құқығына ие және оларға қылмыстық заңнаманы және әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңнаманы бұзғандығы үшін жауапкершілік және мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды;

ә) кейбір нормативтік актілер, мысалы, қылмыстық жауапкершілікті көздейтін актілер, азаматтарға, олардың қай жерде жүргеніне және олардың шетелдік заңнама нормаларына сәйкес жазаны өтегеніне қарамастан, таралады;

б) мемлекет аумағында өмір сүруші шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғалар құқықтар мен міндеттердің кең шеңберін пайдаланатынына қарамастан, кейбір жағдайларда құқықтар мен міндеттерді иелене алмайды. Мысалы, олар қарулы күштер қатарында борышын өтемейді, мемлекеттік билік органдарына сайлана алмайды және сайлауға қатыса алмайды.

### **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2011.
2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.

3. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
4. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
5. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
6. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
7. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
8. Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.
9. Зиманов С.З. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Парламенті. Алматы, 1996.
10. Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов // В кн. Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Сартаев С.С. Некоторые вопросы истории и теории правового государства // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук. 1989. № 5
  2. Соловьев Э.Ю. Правовой нигилизм и гуманистический смысл права // Квинтэссенция. Философский альманах. М. 1990
  3. Өзбек-ұлы С. Көшпелі өркениеттің құқығы. Алматы. Мектеп. 2002.
  4. Өсеров Н.Ө. Ислам-халықтар арасындағы татулық жайлы // Право и государство. №1 (20) 2001.
  5. Сапарғалиев Г.С. Проблемы идеологии унитарного государства Казахстан // Научные труды «Әділет». 2000, №1 (7)

#### **10– тақырып. Құқықтық нормалар. 10 апта, 1 сағат.**

**Түйінді сөздер:** мемлекет, құқық, заң, гипотеза, диспозиция, санкция.

**Негізгі сұрақтар:** Құқықтық нормалардың ұғымы және түрлері.

Құқықтық норманың құрылымы. Құқық нормасы мен нормативтік құқықтық акт бабының арақатынасы

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- құқықтық нормалардың ұғымына түсінік беруге;
- құқықтық нормалардың түсінігін ашуға;
- құқық нормасы мен нормативтік құқықтық акт бабының арақатынасын айқындауға.

**Құқықтық нормалардың ұғымы және түрлері.**

**Құқықтық норманың құрылымы.**

Құқық—күрделі құбылыс. Құқықтың негізгі қызметі – қоғамдық қатынастарды реттеу, тәртіпті сақтау, қорғау, Құқық — жалпыға бірдей міндетті мемлекет қамтамасыз ететін нормалардың жиынтығы.

Ал құқықтық норма дегеніміз, құқықтың бір ғана ереже, қағидасы. Мысалы, құқықты үй деп санасақ, онда құқықтық норма осы үйдің бір кірпіші, бір торшасы.

Құқықтық норма — мемлекет таныған, және оны өзі қамтамасыз ететін, қоғамдық қатынастарға араласып түсушілердің құқықтары мен міндеттерін туындататын, олардың әрекеттерін үлгі, эталон, масштаб, өлшем есебінде реттей алатын жалпыға бірдей міндетті ереже, норма.

Құқықтық норма — заңға сәйкес келетін мінез, жүріс-тұрыстың айырымдылық белгісін білдіреді. Осыдан құқықтық норма жария айқындылық, нақтылық мәнге ие болады. Оның өзі заң. Жөнмен көзделген істің шешімін табуға мүмкіндік береді.



Әрбір құқықтық норманың үш элементі (бөлігі) болады: *диспозиция* (мінез-құлық ережесі), *гипотеза* (жорамалы) және *санкция* (жаза, шара).

Құқықтық норманың гипотезасы (жорамалы) — құқықтық норманы қолдану (немесе қолданбау) үшін қажетті өмірдегі мән-жайлардың бар екенін көрсететін құқықтық норманың бөлігі. Гипотезаның көмегімен мінез-құлықтың қиялдағы нұсқасы өмірдегі жағдаймен, белгілі адаммен, мерзіммен және орынмен байланыстырылады. Былайша айтқанда, гипотеза құқықтық нормаға жан бітіреді. Мысалы, бұзақылық үшін жауапқа тартылатын адам қоғамдық тәртіп бұзған болуы керек. Егер осындай іс-әрекет жасаса ғана, заң бұзушы жауапқа тартылады.

Егер гипотезада (жорамалда) бір ғана мән-жай көрсетіліп, сол жағдайда құқықтық норма қолданылатын болса, оны қарапайым жорамал дейді. Мысалы, егер бала туғанда ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматы болса, бала да Қазақстан Республикасының азаматы болып саналады. Егер құқықтық норманы қолдану үшін екі, одан да көп мән-жай қажет болса, ондай гипотезаны күрделі жорамал дейді.

Егер құқықтық норманың қолданылуы бірнеше мән-жайдың біреуіне байланысты болса оны балама жорамал дейді.

Құқықтық норманың диспозициясы – құқықтық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлқы қандай болуы керек екенін анықтайтын құқықтық норманың бөлігі. Диспозиция — құқықтық норманың ұйтқысы, мазмұны, өзегі. Бірақ құқықтық норма тек қана диспозициядан тұрмайды. Жорамал санкциямен байланысқанда ғана диспозиция өзінің реттеушілік қызметін атқара алады. Диспозиция – мінез-құлықтың үлгісі. Диспозиция үш түрлі болады: а) қарапайым диспозиция, егер мінез-құлықтың мазмұны ашылмаса; б) сипаттамалы диспозиция — мінез-құлықтың барлық мәнді белгілері анықталса; в) сілтемелі диспозиция — егер құқықтық норма диспозициясы анықталған басқа құқықтық нормаға сілтеп нұсқаса.

Құқықтық норманың санкциясы — құқықтық норманың диспозициясы бұзылған жағдайда қолданылатын жағымсыз шараны көрсететін құқықтық норманың бөлігі. Санкцияда мемлекет қандай іс-әрекеттерді, мінез-құлықты қолдамайтынын көрсетеді. Санкцияның түрлері: а) абсолютті-анық, б) баламалы, в) салыстырмалы.

Заң (басқа да нормативтік құқықтық актілер) — нормативтік акт болып саналады. Оның құрылымы ерекше. Заң баптардан тұрады. Бір заңда бір, бірнеше, ондаған баптар болуы мүмкін. Ал заңның бабы бір немесе бірнеше құқықтық нормалардан тұруы мүмкін. Егер заңның бабында бір норма болса, бап пен норма сәйкес келеді. Бапта екі норма да болуы мүмкін. Онда, әрине баптың мазмұны норманың мазмұнынан кең болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 34-бабы екі құқықтық нормадан тұрады:

1. Әркім Қазақстан Республикасы Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге міндетті.

2. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Кейде бір құқықтық норма бірнеше баптан тұруы мүмкін.

Заңның бабында кейде норманың тек бір бөлігі ғана болады, ал басқа бөліктерін тағы екінші, үшінші баптардан немесе басқа нормативтік актілерден іздеуге тура келеді. Бұдан құқық нормасын заңның бабынан ажыратудың қажеттілігі туындайды. Мұның өзі сірә нормативтік актінің бір бабында кейде екі, үш және одан да көп нормалардың кездесуінен болады. Кейбір актілер, мысалы, құқықтың басқа салаларында қызмет ететін актілер санкцияларын білдіруге маманданған болып келеді.

Егер де құқық нормасының құрамындағы құрылымдық элементтердің қайсыбірі болмаса, онда ол өзінің реттеуші рөлін орындай алмайды. Сондықтан да нормаларды жасағанда заң шығарушы оның әрбір бөлігін арнайы жазып алуы қажет немесе оған тиісті сілтеме жасауы жөн. Ал ол норманы жүзеге асырушы өзінің істерін заң жөнімен сауатты құру үшін норма элементтерінің барлық байланыстарын ескеруі тиіс.

Құқық нормасы құқықтың басқалай да көріністерінен өзінің құрылымымен, сондай-ақ маңызды белгі-нышандарымен ерекшеленеді. Құқық нормасы, оның ішінде бәрінен бұрын жеке-дара көрсетілген ұйғарымнан ерекшеленеді. Жеке-дара ұйғарым нормаға негізделеді және бір рет қолданылуымен тәмәмдалады. Жеке-дара ұйғарым дәлме-дәл белгілі бір оқиғаға ғана, жалғыз бір жолғы әрекетке ғана, нақты, дерегі белгілі бір адамға ғана арналады. Басқа жағынан алып қарағанда құқық нормасы құқықтың жалпы принциптерінен ерекшеленеді. Құқық принциптері нормативтік сипатта болса да, өзін құқық нормасы арқылы көрсетеді, және де өзін анықтап дәлелдеуді қажет етеді, жорамал мен санкцияға тікелей шықпайды яғни байланыспайды. Онсыз құқықтық реттеудің айқындылығын көз алдымызға елестетудің өзі қиын.

Қандай бір норма болмасын оның қайсы түрге жататынын айқындап, анықтап алуға қызмет ететіндер құқықты жақсылап түсіну толығынан алғанда не үшін қажет болатынын анықтауы, реттеушілік мүмкіншіліктерінің қандай дәрежеде екендіктерін біліп алуы қажет. Заң нормаларын жіктеуде оларды реттеуші және қорғаушы деп бөлу жіктеудің ең бастысы болып табылады. Белгілі бір шамада мұның өзі де шартты ғана. Олай болатын себебі, әрбір норма адамдардың еркі мен ықтиярына, санасына ықпал ете отырып, оның мінезін, жүріс-тұрыстарын реттейді. Соның өзімен олардың мінездері, жүріс-тұрыстары тікелей реттелінетін тәрізді. Қорғау нормалары заң алдындағы жауаптылықтың және субъективті құқықтарды қорғаудан басқалай да мәжбүрлеу шараларын белгілейді. Оларды қолданудың тәртіптік реттері мен жөн-жосықтарын анықтайды. Мұнда адамдардың мінездерінің, жүріс-тұрыстарының реттелінуі жанамалай түрде жүргізілетін сипатта болады. Сонымен алдын-ала қарастырылған санкцияның сипаты мен оның қай салаға жататындығына байланысты құқық қорғау нормалары, азаматтық құқық қорғау нормалары, әкімшілік құқық қорғау нормалары, қылмыстық құқық қорғау нормалары және т.б. құқық қорғау нормалары деп сараланады. Нақ осы аталған құқық салаларының нормалары негізінен алғанда қоғамдық қатынастарды сақтап, қорғауға маманданған болып келеді.

Реттеу нормалары міндеттеу, тыйым салу және құқықты белгілеу нормаларына бөлінеді. Жалпы алғанда осы бөлініп көрсетілген нормалардың қайсысы болса да осы көрсетілгендердің сипатында жасалып құрылуы мүмкін. Ал кейбір нормалар табиғи түрде өздері әртүрлі сипаттарды біріктіріп тұрады. Мысалы, белгілі бір жағдайларда, қылмыстық іс қозғау, тергеушінің әрі құқығы әрі міндеті болып табылады. Сонымен бірге, кейбір нормаларда алдыңғы қатарға жеке адамның міндеті ғана шығады. Ал басқа нормаларда олардың құқығы, үшінші бір нормаларда белгілі мінез, жүріс-тұрыстарға тыйым салынуына ерекше назар аударылады.

Міндеттеу және тыйым салу нормалары әдеттегі қағида бойынша өктемдік болып келеді. Яғни ережеден ешбір ауытқымайтын, сөзсіз орындалатын сипатта болады. Белгілеу (құқықты белгілеу) нормалары жиі түрде диспозитивтік категориядағы нормаға жатады, былайша айтқанда норманың күші бағытталған адамның мінезі, жүріс-тұрысы оның серіктесінің (әріптесінің) келісімімен өзгертілуі мүмкін екенін білдіреді.

Осы тәрізді негіздерге сүйеніп факультативтік нормалар да бөлектеп көрсетіледі. Ол белгілі бір жағдайларда мінез, жүріс-тұрыстың басты нұсқасынан ауытқытуға мүмкіндік жасайды. Сөйтіп бұл жағдайда негізгі емес, яғни қосалқы нұсқаны тандап алуға мүмкіндік береді.

Ұсыныстық нормалар деп аталынатындар бірнеше түрлі мінез, жүріс-тұрыс нұсқаларынан біреуін ғана артықтау немесе тәуірлеу деп кеңес береді. Егер де норма ережені қалыптастыруда оның әрекет етуі мен санкциясын мейлінше толық түрде жасап, әрі қарайғы қолданыстарда қандай бір жаңаша нұсқауларға немесе анықтап, айқындай түсуге жол берілмейтіндей етілген болса, онда ол абсолюттік айқын норма делінеді. Керісінше айқындылығы салыстырмалы нормаларда нұсқаулар болмайды және нақты жағдайларға байланысты басқаша нұсқаулардың қолдануын да теріске шығармайды. Мұндай нормалар өз кезегінде ситуациялық және баламалық деп жіктелінеді. Бұлардың

алғашқылары норма адресатының (арналған тағайынының) қалауын өзінің білігінше істеуін немесе істемеуін жағдайға қарап шешуіне мүмкіндік береді. Ал екіншілері – нормативтік актіде көрсетілген нұсқаулардан қалауынша таңдауына мүмкіншілік жасайды. Нормалардың негізгі және туынды, тұрақты және уақытша деген түрлері де болады.

Ерекше топқа мадақ нормалары жатады. Бұл нормалар адамдардың мінез, жүріс-тұрыстарын мадақтау шараларымен (санкцияларымен) дем беріп, ынталандырады. Мұндайларды тіпті, қылмыстық құқықтан да табуға болады.

Реттеу мен қорғау (сақтау) нормаларының арасынан мамандандырылғандарын бөліп арнайы қарастыруға болады. Бұларға: анықтамалық-пайымдық яғни дефинитивтік нормалар жатады. Мұнда мемлекеттік құқықтық институттардың белгі-нышандары мен анықтамалары келтіріледі; 2) қағидаттық (принципті білдіретін) нормалар; оперативтік (жеделдікті білдіретін) нормалар актілердің күшін жоюға бағытталған. Олардың күшін жанама болған қатынастарға таратуға бағытталған және т.с.с. Коллизиялық нормалар — нормалардағы қайшылықтарды шешуге мүмкіндік беретін нормалар.

### **Құқық нормасы мен нормативтік құқықтық акт бабының арақатыснасы**

Құқық нормасы өзінің білдірілудегі көрінісін нормативтік құқықтық актілер бабынан табады. Алайда құқық нормасы мен құқықтық нормативтік актінің бабы бара-бар емес. Көбінесе олар бірдей болмайды яғни үйлеспейді. Құқық нормасы жүріс-тұрыстың ережесі, ол жорамал диспозиция және санкциядан тұрады. Ал, нормативтік актінің бабы - құқық нормасын жүзеге асыратын құрал. Ол мемлекеттің ерік-ықтиярын білдірудің нысаны.

Құқық нормасы мазмұн бола тұра, оның нысаны ретінде көрінетін нормативтік акт бабымен түрлі-түрлі арақатыстылықта болады.

Заң қабылдаушы жүріс-тұрыс ережесін баяндауда құқық нормасының логикалық құрылымына жататын үш элементтің бәрін де бір нормативтік актінің бір ғана бабына сиғызуы мүмкін; нормативтік актінің бір бабына бірнеше құқықтық норманы да орналастырылуы ықтимал; құқық нормаларының элементтері өр түрлі нормативтік актілердің әлденеше баптарында мазмұндалуы мүмкін; құқық нормалары элементтерін бір ғана сол нормативтік актінің бірнешедеген баптарында да баяндалуы мүмкін.

Мазмұндау тәсілі бойынша құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатыстылығы (байланысы) үш нұсқада болуы ықтимал:

а) тікелей тәсіл - құқық нормасы нормативтік актінің бабында тікелей баяндалған жағдайда осы тәсіл орын алады.

ә) сілтеме тәсіл - нормативтік актінің бабы бүкіл норманы баяндамастан, осы нормативтік актінің басқа бабына сілтеме жасағанда осы тәсіл орын алады. Мысалы, ҚР Конституциясының 45-бабы 2 тармағы;

б) бланкеттік тәсіл - нормативтік актінің бабы норманы баяндамайды және нақты бапқа сілтеме жасамайды, оның орнына, қандай бір нормативтік актінің бүкіл бір түріне сілтеме жасай салғанда осы тәсіл орын алады. Мәселен, ҚР Конституциясының 6-бабы, 3 тармағы.

Құқық қабылдаушы орган құқық нормаларының логикалық үйлесімді жүйесін құруды қамтамасыз ету қажеттілігін басшылыққа алады. Сөйтіп оған нормативтік құқықтық актінің баяндалу тілін бағындырады. Мұның өзі құқық қабылдаушы органның алдына бірнеше арнайы міндеттер қояды: құқық нормаларын логикалық түрде бір нормадан кейін келесі норманың жасалуын, жалпылықтан нақтылыққа қарай жылжу түріне келтіреді. Әртүрлі құқықтық нормаларды жасақтау барысында заңдық жөні бар қағидалардың бірнеше нормаларда қайталанулары болдырылмайды. Нормативтік акт тілінің логикалық айқындылығына сөйтіп қол жеткізіледі. Құқық нормалары ең ұқыпты осындай тәсілдер арқылы жасалады. Құқық нормаларынан орын алған өз-өзінен айқын және жалпының бәріне белгілі қағидаларын, фактілерін, жағдайларын шығарып тастап,

ондайларды болғызбайды. Осында аталған мәселелерді шешу ісі ұдайы да үнемі жүріп жатады. Кемшіліктер мен олқылықтар да жіберіліп, олар түзетіліп те жатады. Сондықтан да құқық нормаларының нормативтік акт баптарында үйлеспеушіліктердің орын алуы кездесіп жатады.

## **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер:**

11. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2011.
12. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
13. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
14. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
15. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
16. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
17. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
18. Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.
19. Зиманов С.З. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Парламенті. Алматы, 1996.
20. Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов // В кн. Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Жоламан К.Д. Құқықтық мемлекет оның түсінігі мен мазмұны. // Право и государство. № 1-2 (16-17) 2000.
  2. Зиманов С.З. Сот тәуелдігі – сот әділдігінің кепілі // Тураби. 2001. № 3.
  3. Зиманов С.З. Быть олицетворением добра и справедливости... // Заңгер. 2001. № 1.
  4. Қасымбеков М.Әр елдің заңы басқа // Парасат 2002. № 8.
  5. Матюхин А. Государство в сфере права: институциональный подход. – Алматы: ВШП “Әділет”, 2000.
  6. Мынбатырова Н. Қазақ хандығы тұсындағы билер институты. // Право и государство. № 4 (23) 2001.

### ***11– тақырып. Құқықтық қатынастар. 11 апта, 1 сағат.***

**Түйінді сөздер:** мемлекет, құқық, заң, құқық объектісі, құқық субъектісі, құқық мазмұны.

**Негізгі сұрақтар:** Құқықтық қатынастардың түсінігі, айрықша белгілері мен түрлер. Құқықтық қатынастар құрамының бөліктері. Заңды айғақтардың (фактілердің) түсінігі, оларды жіктеу.

### **Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- құқықтық қатынастардың түсінігін, айрықша белгілері мен түрлерін ашуға;
- құқықтық қатынастар құрамының бөліктерін анықтауға;
- заңды айғақтардың түсінігін беруге.

### **Құқықтық қатынастардың түсінігі, айрықша белгілері мен түрлер**

Құқықтық қатынастар — құқыққа байланысты, құқық негізіндегі қатынастар. Құқықтық қатынастарға мынадай белгілер тән. 1) Құқықтық қатынас — бұл қоғамдық қатынас, былайша айтқанда, адамдардың арасындағы қатынас және олардың іс-әрекетімен, мінез-құлқымен тікелей байланысты. Меншік иесінің өз заттарына хақысы бар, бірақ бұл құқықтарды ол басқа адамдармен қатынас жасағанда жүзеге асырады. 2) Құқықтық қатынас тек қана адамның мінез-құлқына құқықтық норма әсер еткенде пайда болады. Құқықтық норма мен құқықтық қатынас арасында бұлтартпастық байланыс бар, өмірде тек қана құқықтық нормада көрсетілген құқықтық қатынас пайда болады. Кейде заңда көрсетілмеген жағдайда да қатынас құқықтық сипатқа ие болуы мүмкін. Мысалы, құқықтық ұқсастық болған жағдайда құқықтық норма өзінде тікелей көрсетілмеген қатынастарға қолданылады. 3) Құқықтық қатынас — субъективтік құқықтар мен міндеттер арқылы пайда болатын адамдар арасындағы байланыс. Субъективтік құқыққа ие болушы соны пайдалана алатын тұлға, ал құқықтық міндет жүктелген сол міндетті орындауға тиіс тұлға. Құқықтық қатынаста хақысы бар тұлға және міндеті бар тұлға болады; адам, ұйым, мемлекет органы. 4) Құқықтық қатынас — ерікті қатынас. Құқықтық қатынас пайда болу үшін қатысушылардың еркі қажет. Кейбір құқықтық қатынастар пайда болу үшін тараптардың еркі қажет (мүліктік қатынастар). Ал кейбір құқықтық қатынастар тек бір тараптың еркіне ғана байланысты пайда болады (қылмыстық іс заң қорғаушы органның еркі бойынша қозғалады). 5) Құқықтық қатынасты мемлекет қорғайды. Құқықтық нормалардың талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекет құқықтық қатынастарды да қорғайды. Мемлекет қорғайтын құқықтық қатынастар қоғамдағы құқық тәртібінің негізі болып саналады.

Құқықтық қатынастардың түрлері: 1. Реттейтін құқықтық қатынастар — субъектілердің заңға сәйкес мінез-құлқы, былайша айтқанда, құқықтық нормалар негізінде және соған сәйкес мінез-құлық. Мұндай құқықтық қатынастар құқық тәртібінің негізін құрайды. Бұларға жататындар: мемлекеттік, мүліктік, отбасы, еңбек, т.б. құқықтық қатынастар. 2. Қорғайтын құқықтық қатынастар — субъектілердің заңсыз әрекетінің салдарынан пайда болады. Оның мақсаты — қоғамдық тәртіпті қорғау, кінәліні жазалау, сөйтіп әділдік орнату. 3. Абсолютті құқықтық қатынастарда тек бір тарап белгілі (құқық иесі) болады. Басқалардың барлығы міндетті тарап болып саналады. Мысалы, бұларға меншікке байланысты қатынастар жатады. 4. Салыстырмалы құқықтық қатынастарда барлық оған қатысушылар белгілі (сатушы мен сатып алушы) болып келеді.

Сонымен, құқықтық қатынастар дегеніміз — субъектілердің арасындағы ерекше құқықтық байланыс. Осы байланыстың нәтижесінде тараптардың өзара субъективтік құқықтары мен заңды міндеттері пайда болады. Осы байланысты мемлекет қамтамасыз етеді.

### **Құқықтық қатынастар құрамының бөліктері**

Құқықтық қатынастардың құрамы бірнеше бөліктерден: құқық субъектісінен, субъективтік құқықтан, заңды міндеттен, құқықтық қатынас объектісінен (затынан) тұрады.

Құқық субъектісі — заңды және жеке тұлға. Заңды тұлғаларға жататындар мемлекет органдары, қоғамдық бірлестіктер, т.с.с. Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады. Қазақстан Республикасының азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып саналады.

Субъективтік құқық — тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыру үшін оларға белгілі шекте әрекет жасауға берілген құқықтық мүмкіндік. Мұндай мүдделер заңды деп танылады. Сол заңда белгіленген шек аясында тұлға өз мүддесін қанағаттандыру үшін түрлі іс-әрекет жасайды. Жеке тұлға еңбек етуге, білім алуға, меншікке ие болуға,

үйленуге хақылы. Сондай-ақ заңды тұлғалар да заңда рұқсат етілген шеңбер аясында әрекет жасай алады. Өзіне берілген құқықты пайдалана ма, жоқ па, ол тұлғаның өз еркі.

Заңды міндет — заң белгілеген әрекетті істеу немесе істемеу шарттары. Мұндай міндет басқа тұлғаның мүддесін қанағаттандыру үшін жүктеледі. Заңды міндеті бар тұлға оны өз еркімен орындамаса, оған мемлекеттің мәжбүрлеу күші қолданылады. Мысалы, ата-ана өз баласын асырап, бағып, тәрбиелеуге міндетті. Егер бұл міндетін орындамаса, заңда белгіленген шара қолданылады. Міндет заңды тұлғаларға да жүктеледі.

Құқықтық қатынастың объектісі (заты) — табиғат құбылыстары мүлдіктік, өзіндік мүлдіктік емес игіліктер. Субъективтік құқық пен заңды міндеттер аталған объектілерге бағытталған болып келеді.

Субъективтік құқық — субъектілердің ықтимал мінез-құлықтарының түрі және мөлшері.

Субъективтік заңды міндет — субъектілердің тиісті мінез-құлықтарының түрі және мөлшері.

Құқықтық қатынас объектісі—табиғат құбылыстары, мүлдіктік, өзіндік мүлдіктік емес игіліктер. Субъективтік құқық пен заңды міндет аталған объектілерге бағытталған болып келеді.

### **Заңды айғақтардың (фактілердің) түсінігі, оларды жіктеу**

Заңды айғақтар (фактілер) — нақтылы өмірлік мән-жайлар. Сал айғақтармен құқық нормалары құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын байланыстырады. Кейде бұл айғақтың құқықтық нәтижесі болады, ал кейде бірнеше айғақтардың жиынтығы құқықтық қатынастар тудырады, өзгертеді немесе жояды. Мысалы, зейнеттік қатынастар пайда болуы үшін үш айғақ қажет: жас, стаж және зейнетақы тағайындау туралы акт. Айғақтардан мұндай жиынтығын айғақтық құрам деп атайды.

Заңды айғақтар бірнеше негіздер арқылы жіктеледі. Нәтижесінің сипатына қарай олар мына топтарға бөлінеді:

Құқықты құратын (еңбек шартын жасауға байланысты жалдаушы мен жалданушының құқықтары мен міндеттері пайда болады);

Құқықты тоқтататын (үй-жайды сату нәтижесінде үй-жайға меншік иесі өзгереді, сатып алушының меншік құқығы пайда болады, сатушы ол құқықтан айрылады).

Құқық өзгертетін (үй айырбастау нәтижесінде құқықтық қатынастың объектісі өзгереді, соған сәйкес құқықтары мен міндеттері де өзгереді).

Заңды айғақтар ерік белгісіне байланысты да жіктеледі. Оған жататыны әрекет (шарт, заңды бұзу, мұра қалдыру, т.с.с). Әрекеттердің өздері заңды және заңсыз болып екіге бөлінеді. Мысалы, адамдардың әскери қызметте болуы, некеде тұруы, т.с.с. заңда белгіленген заңды айғақтар болып табылады. Заңды айғақтарға оқиғалар да жатуы мүмкін. Олар — жер сілкіну, өрт, дауыл, су тасқыны оқиғалары. Әрине, мұндай мән-жайлар тек заңда белгіленген (атап көрсетілген) болса ғана айғақтарға жатады.

### **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

7. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2011.
8. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
9. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
10. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
11. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000

12. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
13. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Ақмамбетова А.Ғ. Адам құқығын қорғаудағы құқықтық және имандылық тетіктері. // Право и государство. №3 (22) 2001.
  2. Амолдилова К. Заң бар, оны орындауға мүмкіндік жоқ // Тураби. 2001. №
  3. Әмірғазин С. Діни сенім бостандығы және заң// Тураби. 2001. № 2.
  4. Вайсберг Л.М. Идея правового государства и проблема этатизма // Изв. АН КазССР. – Сер. обществ. наук. – 1989. – № 5.
  5. Данилов С.Ю. Правовые демократические государства. Очерки истории. М. 1999.
  6. Дмитриева Г. Әділет жолында // Тураби. 2001. № 2.
  7. Жоламан К.Д. Құқықтық мемлекет оның түсінігі мен мазмұны. // Право и государство. № 1-2 (16-17) 2000.
  8. Зиманов С.З. Сот тәуелдігі – сот әділдігінің кепілі // Тураби. 2001. № 3.
  9. Зиманов С.З. Быть олицетворением добра и справедливости... // Заңгер. 2001. № 1.

**12– тақырып. Құқық шығармашылық және заң техникасы. 12 апта, 1 сағат.**

**Түйінді сөздер:** мемлекет, құқық, заң, құқық шығармашылық, заң қабылдау, заң шығару.

**Негізгі сұрақтар:** Құқық шығармашылық ұғымы, субъектілері.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- құқық шығармашылық ұғымының түсінігін беруге;
- құқық шығармашылық субъектілерін анықтауға.

**Құқық шығармашылық ұғымы, субъектілері.**

Құқық шығармашылығы мемлекеттік қызметтің маңызды бағыттарының бірі. Заң ғылымында құқық шығармашылық екі аспекті тұрғысынан түсініледі. Құқық шығармашылығы мағынасы құзырлы органдардың құқықтық нормаларды тікелей жасау процесі Ал кең мағынада құқық шығармашылық дегеніміз процесс деп қаралады. Ол құқық шығармашылық түпкі ойдың туындаған сәтінен басталады да құқықтық норманың нақты жүзеге асырылуына шейін созылады (яғни оны даярлау, қабылдау, жариялау және т.с.с. дейін).

Құқық шығармашылығын ұғынудағы тәсілдердің айырмашылығына қарамастан, бұл әрқашанда құқық өкілеттігі бар органдардың белгілі бір нормативтік актілерді даярлау, қайтадан өңдеп даярлау және баспадан шығару бойынша атқарған қызметтік әрекеттері болып табылады.

Құқық шығармашылық қызметі негізгі екі бөліктен тұрады.

Біріншісі— заңдық мәні бар әрекеттермен байланысты болмайтын құқық шығармашылықтың ұйымдық мәселелері кіреді (нормативтік актінің жобасын даярлау, оны талқылау және т.с.с).

Екіншісі — өз негізінде құқықтық қағидаттарға (принциптерге) сүйенеді. Ал оның қызмет етуінің басталу сәті болып нормативтік акт жобасын даярлау туралы шешімнің бекітілуі саналады.

Осы екі бөлік бір-бірімен тығыз байланысты және жалпы контексте қарастырғанда құқықтық құжатты талқылауға, қабылдауға және жариялауға дайындау процесі тұтас рәсім болып табылады. Осыған сәйкес құқық шығармашылық процесін негізгі екі сатыға бөледі.

Біріншісі - нормативтік актінің жобасын жасауда мемлекеттік ерік-ықтиярды алдын ала қалыптастыру қарастырылады. Осы сатыдағы барлық іс-әрекеттер дайындық сипатта болады және олар құқықтық салдарды туындатпайды.

Екінші саты - құқық нормаларында мемлекеттің ерік-ықтиярын ресми түрде бекіту, мұның өзі нормативтік актінің жобасын жалпыға бірдей міндетті сипаты бар құқықтық актіге айналдыру болып табылады.

Құқық шығармашылығы төмендегідей ерекшеліктер арқылы сипатталады:

- белсенді түрдегі, шығармашылықты білдіретін, мемлекеттік қызмет болып табылады;

- оның шығаратын негізгі өнімі - ең алдымен нормативтік актілерде іске асырылатын заңдық нормалар;

- қоғамды басқарудың ең маңызды құралы, оның даму стратегиясы осы жағдайда қалыптасады, мінез-құлықтың (жүріс-тұрыстың) маңызды ережелері қабылданады;

- құқық шығармашылықтың деңгейі мен мәдениеті, осыған сәйкес қабылданылатын нормативтік актілердің сапасы да – қоғамның өркениеттенуі мен демократиялануының көрсеткіші;

- құқықтық нормаларды жасау, өзгерту және оның күшін жоюда объективті әлеуметтік қажеттіліктерді және қоғам мүдделерін танып білуге негізделген мемлекеттің ерекше нысанды қызметі. Құқық шығармашылық ісі белгілі қағидаттарға: демократизмге, жариялылыққа, кәсіпқойлыққа, заңдылыққа және құқық қолданудағы іс-тәжірибемен (практикамен) байланыстыруға негізделінеді.

Осы қағидаттардың сипаттарын қарастырайық:

1) демократизм - азаматтардың құқық шығармашылық ісіне қатысу деңгейін сипаттайды; қоғамдағы рәсімді нормалар мен институттардың даму деңгейін сипаттайды;

2) жариялылық - құқық шығармашылық ісінің қалың жұртшылыққа ашықтығын білдіреді;

3) кәсіпкерлік - осындай қызметпен құзыретті адамдар - заңгерлер, басқару ісінің мамандары, экономистер (барлығы да білікті ғалымдар болуы қажет) және т.б. айналысады.

4) заңдылық - осы құқық шығармашылық ісімен айналысу қызметі Конституция мен басқа да заңдар аясында атқарылуы тиіс;

5) ғылымилық-нормативтік актілерді даярлау барысында әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқалай да ахуалдарды зерттеу аса маңызды болады; қоғамның дамуындағы объективтік қажеттіліктерді жете зерттеудің құқық шығармашылық ісіне тигізер ықпалы зор болады.

Осы параметрлерді анықтау үшін түрлі-түрлі әлеуметтік-құқықтық эксперименттер, социологиялық (әлеуметнамалық) сұраулар жүргізу, анкеталау және т.с.с. көрсетілген факторларды ескеріп барып қабылданған құқықтық ұйғарымдар дәлелді және тиімді болады,

Құқық қолдану іс-тәжірибелерімен болатын байланыс – заң шығарушы орган құқық қолданушылармен байланыс орнатпаса өз еңбектерінің нәтижелерінен бейхабардар болады. Қабылданған құқықтық шешімдердің тиімділігі жөнінде қорытындыларды жасауда, өз жұмыстарындағы олқылықтар мен кемшіліктерді түзетуде тәжірибені пайдалану ісі ақсайды. Құқық қолдану іс-тәжірибесі заң шығарушының тарабынан жіберілген олқылықтар мен кемшіліктерді табуға мүмкіндік береді, құқық шығармашылық ісіндегі қажеттіліктерді көрсетеді.

Субъектілерге байланысты құқық шығармашылық мынадай түрлерге бөлінеді:

1) халықтың тікелей құқық шығармашылығы – бұл мемлекет пен қоғам болмысының ең маңызды мәселелері бойынша референдум – бүкілхалықтық дауыс беру арқылы өткізіледі;

2) мемлекеттің өкілетті органдарының тікелей құқық белгілеу қызметі;



3) мемлекеттік органдардың өздеріне тәуелсіз әдет-ғұрып түрінде қалыптасқан немесе мемлекеттік емес ұйымдар даярлаған нормаларды бекітуі (санкциялауы).

Заң қабылдау ісі құқық шығармашылықтың құрамдас бөлігі болып көрінеді. Заң шығармашылықтың мағынасы - ең жоғары заң қабылдау органының (парламенттің) ең жоғары заңдық күші бар нормативтік құқықтық актіні қабылдауы. Мұның өзі негізгі төрт сатыдан тұрады:

- 1) заң шығару бастамасы;
- 2) заң жобасын талқылау;
- 3) заңды қабылдау;
- 4) заңды жариялау.

Заң қабылдаудағы осы сатылардың барлығының орындалуы Қазақстан Республикасы Конституциясында өз көріністерін тапқан.

Заң шығару бастамасы құқығы – құзырлы органдардың, қоғамдық ұйымдар мен жекелеген адамдардың парламентке заңдар немесе басқалай да актілер шығару жөнінде немесе өзгерту, күшін жою туралы ұсыныстар енгізуге құқықтылығы. Мұндай ұсыныстар енгізудің соңы бұл мәселенің парламентте міндетті түрде қаралуымен аяқталады. Бұл заң шығару бастамасы ұсыныс немесе дайын заң жобасын парламентке беру түрінде көрінеді. Заң қабылдаудың ең жоғары органы мұндайда жаңағы ұсыныс немесе жобаны өз өндірісіне алуы тиіс. Мұндай ұсыныстар қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы ҚР парламент депутаттарына, ҚР үкіметіне тиесілі.

Заң жобасын талқылау ең алдымен Мәжілісте өтеді. Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қарастырылып барып қабылданған заң жобасы Сенатқа жіберіледі. Онда *алтыс күн* ішінде қаралуы тиіс. Сенат депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданғаннан соң заң жобасы Заңға айналады, сөйтіп *10-күннің* ішінде президентке қол қоюға тапсырылады.

Қазақстан Республикасының Заңдары республика Президенті қол қойғаннан кейін өз күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Президенті заңға *15 күннің* ішінде қол қояды, халыққа таратылады, жарияланады. Мұндай болмаған жағдайда заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылауға, дауысқа салуға парламентке жіберіледі.

Егер де парламент әрбір палата депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен осының алдында қабылданған шешімін растаған болса, онда Президент *7 күннің* ішінде заңға қол қояды. Егерде президент заңға қарсы болып ол қарсылығы қабыл алынса, онда заң қабылданбаған болып саналады да президент ұсынған редакцияда қабылданған болып саналады.

ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу парламенттің әрбір палатасы депутаттарының жалпы санының *төрттен үшін* кем емес дауыстарымен қабылданады.

Конституциялық заңдар Конституцияда көзделіп қарастырылған мәселелер бойынша өрбір палата депутаттарының жалпы санының *үштен екісінен* кем емес дауыспен қабылданады.

Конституциялық заңдарды қабылдау немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша мәселелерді қарауда заң жобасының *екіден кем емес оқылуын жүргізу міндетті* (ҚР Конституциясының 62-ші бабы).

Барлық заңдар оған Президент қол қойғаннан кейінгі жеті күн ішінде ресми түрде жариялануға жатады.

Заңдар ресми жарияланғанынан он күн өткеннен соң өз күшіне енеді. Егер де заңның өз күшіне енуінің басқаша нақты тәртібі сол заңда белгіленсе, онда заң өз күшіне сол тәртіп бойынша енеді.

Заң техникасы – нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығы.

## Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі

### Негізгі әдебиеттер:

21. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2011.
22. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
23. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
24. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
25. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
26. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
27. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
28. Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.
29. Зиманов С.З. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Парламенті. Алматы, 1996.
30. Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов // В кн. Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Данилов С.Ю. Правовые демократические государства. Очерки истории. М. 1999.
  2. Дмитриева Г. Әділет жолында // Тураби. 2001. № 2.
  3. Жоламан К.Д. Құқықтық мемлекет оның түсінігі мен мазмұны. // Право и государство. № 1-2 (16-17) 2000.
  4. Зиманов С.З. Сот тәуелдігі – сот әділдігінің кепілі // Тураби. 2001. № 3.
  5. Зиманов С.З. Быть олицетворением добра и справедливости... // Заңгер. 2001. № 1.
  6. Қасымбеков М. Әр елдің заңы басқа // Парасат 2002. № 8.
  7. Матюхин А. Государство в сфере права: институциональный подход. – Алматы: ВШП “Әділет”, 2000.
  8. Мынбатырова Н. Қазақ хандығы тұсындағы билер институты. // Право и государство. № 4 (23) 2001.

**13– тақырып. Құқықты жүзеге асыру. Заңдарды жүйелеу. Құқықты талқылау.**  
**13 апта, 1 сағат.**

**Түйінді сөздер:** мемлекет, құқық, заң, заң, инкорпорация, кодификация.

**Негізгі сұрақтар:** Құқықты жүзеге асыру. Құқықты қолдану сатылары. Құқықтағы ақтандақтар (олқылықтар) және оларды болдырмаудың жолдары. Заңдарды жүйелеу. Құқықты талқылау

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- құқықты жүзеге асырудың тәсілдерін анықтауға;
- құқықты қолдану сатыларын көрсетуге;
- құқықтағы ақтандақтар және оларды болдырмаудың жолдарын ашуға.

**Құқықты жүзеге асыру**

Құқық жүзеге асыру үшін жасалады. Құқықтық қоғамда бір жағынан мемлекет, екінші жағынан азаматтар заң жолымен жүру туралы міндеттеме алады. Осыған байланысты құқықты жүзеге асырудың екі жағы болады, сондықтан ол екі бағытта қарастырылады: 1) мемлекет органдары, лауазымды адамдар заң бойынша қызмет істеуі

керек; 2) азаматтар, олардың бірлестіктері және ұйымдары өз әрекеттері арқылы құқықты жүзеге асыруы тиіс.

Құқықты жүзеге асырудың ерекше тәсілдері бар. 1) Құқықты сақтау. Құқықты сақтау тыйым салатын нормалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсілдің мәні — тыйым салынған әрекетті жасаудан бой тарту; 2) Құқықты орындау. Құқықты орындаудың мәні — жүктелген міндетті жүзеге асыру үшін белсенді әрекеттер жасау. Мысалы, баланы тәрбиелеу үшін ата-анасы үнемі, жүйелі түрде қызмет істеп, оны оқытуы, әдепке баулуы қажет; 3) Құқықты пайдалану. Тұлға өзіне берілген құқықтар мен бостандықтарды пайдалана ма, жоқ па өз еркі. Егер оларды пайдаланғысы келсе, белсенді немесе енжар әрекет жасау арқылы құқықтық норманы жүзеге асырады.

Құқықтарды пайдаланудың барысында субъектілер өздерінің заңдарда көрсетілетін құқықтарын жүзеге асырады. Құқықты пайдалану тұлғаның құқық өкілеттігін жүзеге асыруға бағытталады. Демек, ол тұлғаның жүріс-тұрысы өз білігінше мұнда яки белсенді, яки енжар түрінде болуы мүмкін.

Құқықты жүзеге асырудың осы үш түрінің барысында қоғамдық қатынастардың субъектілері өз әрекеттері арқылы заң нормаларын тікелей іске асырады. Мұны құқықты тікелей жүзеге асыру нысаны деп атайды. Осындай нысандар түрінде көптеген (бірақ барлығы емес) құқық нормалары жүзеге асырылып жатады. Болмыста заң нормаларын бұлжытпай пайдалану және оларды дәл атқаруларды толық жүзеге асырылуына жағдайлардың жеткілікті болмайтын дәттері кездеседі. Ондайда бұл іске мемлекеттік-биліктік өкілеттіктері бар құзырлы органдардың араласу қажеттілігі туындайды. Мысалы, жоғары оқу орнына студенттер қабылдау, жұмысқа алу, зейнетақы тағайындау, әскери қызметте міндеттерді атқару және тағы тағылар.

4) Құқықты қолдану. Бұл билік қызметін жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Демек, құқықтық норманы мемлекет органдары қолданады. Есте болатын жәйт: тек қана ресми баспаларда басылып шыққан, яғни, жарияланған нормативті актіні қолдануға болады. Қолдану екі жолмен жүзеге асырылады: 1) билік жүргізетін қызмет арқылы. Мысалы, милиционердің қылмыскерді ұстауы; 2) нақтылы істі шешу арқылы.

Құқықты қолдану – құзырлы органдардың нақты жағдайда құқық нормаларын жүзеге асыру жөніндегі биліктік-ұйымдастырушылық қызметі Мұның нәтижесінде дербес құқықтық акт (құқық қолдану актісі) қабылданады (жасалады).

Құқықты қолдану арқылы мемлекет өз қызметінде екі функцияны жүзеге асырады: а) құқықтық нормалар ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастыру, дербес актілер арқылы позитивтік (оңтайлы) реттеуді жүргізу; б) құқықты бұзылудан сақтау және оны қорғау.

Осыған сәйкес құқықты қолданудың екі нысаны: жедел атқару және құқық қорғауға жататын түрлері болады.

Құқықты қолданудың белгілері (нышандары):

1. Мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың ұйымдастырушылық-биліктік қызметі. Мұның өзі болмыстық ахуалдардың шешімін табуда қолданылатын айрықша амалдармен байланысты, сондықтан да білімділікті, дағдылардың қалыптасуын талап етеді. Осыларды ескеріп мемлекет соншама қызметтерді жүзеге асыру үшін арнайы субъектілерге билік өкілеттіктерін тиісінше береді. Бұлар мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар.

Азаматтар құқықты қолдану субъектілері болып табылмайды, өйткені мемлекет оларға бұл қызметтерді атқаруға өкілеттік бермеген.

2. Құқықты қолдану нақты құқықтық қатынастар шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Қызметтің жүзеге асырылуы ерекше түрде белгіленген іс жүргізу заңдары бойынша атқарылады.

4. Құқықты қолдану нәтижесінде дербес құқықтық акт - құқық қолдану актісі қабылданады (жасалады).

Құқықты қолданудың мынадай сатылары болады:

- а) істің нақты жағдайларын анықтау;
  - б) істің заңдық негізін анықтау. Бұған құқық нормасын таңдап алу, оның түпнұсқаға сәйкестігін тексеру, құқық нормасын түсіндіру жатады;
  - в) іс бойынша шешім қабылдау.
- Құқық қолдану актісі – құзырлы органның нақты заңдық іс бойынша қабылдаған ресми түрдегі шешімі. Құқық қолдану актілері көптүрлі болып келеді.

### **Құқықты қолдану сатылары**

Құқықты қолдану бірнеше сатыдан тұрады: 1) Істің нақтылы мән-жайларын анықтау; 2) істің заңдық негізін анықтау; 3) құқықтық норманы қолдану арқылы шешім қабылдау; 4) шешімді жүзеге асыру.

Бірінші сатыда заңды айғақтар және заңды құрам анықталуы тиіс. Олар – басты айғақ немесе басты айғақты анықтайтындар. Осы айғақтар заң бойынша істі тиісті түрде, заңды жолмен шешуге жеткілікті болуы қажет. Кейде анықталынатын мән-жайлардың көлемі заңда арнайы көрсетіліп белгіленеді. Мысалы, қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша сотта қылмыстық істі қарағанда мына жағдайлар дәлелденуі қажет: а) қылмыс оқиғасы (уақыты, орны, жасалу әдістері); ә) айыпкердің кінәсі; қылмыстың себебі; б) айыпкердің жауапкершілігіне әсер ететін мән-жайлар; в) қылмыс арқылы келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; г) қылмысты жасауға түрткі болған мән-жайлар.

Екінші сатыда істің заңды негізі анықталуы тиіс: қолдануға қажетті құқықтық норманы табу; оның мәтінінің дұрыстығын анықтау-тексеру; норманың түпнұсқасы екендігін айқындау; оның кеңістіктегі, мерзімдегі (уақыттағы) күшін және субъектілерге қатыстылығын анықтау; норманың мазмұнын айқындау. Осы айтылған әрекеттердің барлығы заңдылықты, құқықтық тәртіпті нығайту үшін қызмет істейді.

Кейде заңды мәні бар әрекет жасалса да, оны шешуге арналған құқықтық норма болмауы мүмкін. Мұны заңдағы олқылық (кемшілік) деп атайды. Заңда қарастырылмаған жағдайда заң шығарушы екі тәсіл қолданады. Қылмыстық заңда ерекше принцип (қағидат) баянды етілген. Егер заңда оған жаза, шара белгіленбесе, қылмыс немесе теріс қылық жоқ деп есептеледі. Ал азаматтық заңдар бойынша іс-әрекет заңда қарастырылмаса да, тараптар үшін оның маңызы бар болса, азаматтық заңдардың жалпы мағынасына байланысты тараптардың құқықтары мен бостандықтарын туындатады. Осыған байланысты заң ұқсастығы және құқық ұқсастығы (аналогия) түсініктері бар, бұларды қолдану заңда қарастырылған.

Заң ұқсастығы — істі ұқсас қатынастарды реттейтін заңды қолдану арқылы шешу. Құқық ұқсастығы — істі заңдардың жалпы бағытына және мағынасына сүйене отырып шешу.

Құқықты қолданудың үшінші сатысы — қаралған іс бойынша құқық қолдану актісін қабылдау. Мұндай акт істің тағдырын шешеді. Сондықтан бұл жұмысқа жауаптылықпен қарау жөн. Осы актілер заңға негізделініп, заң бойынша жасалуы қажет. Құқық қолданатын акт — мемлекет атынан жасалатын, нақты заң бойынша қарауға құзыреті бар, тараптардың құқықтары мен міндеттерінің бар-жоғын анықтайтын, соған сәйкес шараларды белгілейтін органның актісі болып табылады.

Құқықтық норма болмаған жағдайда заң ұқсастығын, құқық ұқсастығын қолдану заңда қарастырылған.

Құқықты қолдану актісі – құзырлы мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің құжаттарында хатталған немесе ауыз екі түріндегі ұйғарымдары мен шешімдері. Бұл акт құқық нормалары негізінде қабылданады, заңдық күшке ие болады және құқықтық қатынастарды туындатады, өзгертеді немесе тоқтатады. Құқықты қолдану актісінде:

- 1) құқық нормасы болмайды;
- 2) нақты адресатқа (белгілі тұлғаға, ұйымға, ұжымға) бағытталуға арналған болады;

3) бір реттік сипатта болады (орындалысымен оның әрекеті аяқталады).

Құқықты қолдану актілерінің түрлері:

1. Құқықты қолдануды жүзеге асырушы субъектілер бойынша:

- а) мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың актілері;
- б) ҚР Президентінің актілері;
- в) Басқару органдарының актілері;
- г) әділ сот органдарының актілері;
- д) прокуратура органдарының актілері;
- е) алқалы және жеке тұлғаның актілері;

2. Құқық қолдану қызметі түрлері бойынша:

- а) орындау (атқару) актілері;
- б) құқық қорғау актілері;

3. Сырт көрінісінің түрлері бойынша:

а) құжат актілер - нақты органның тиісті түрде даярланған жазбаша жасалған шешімі. Негізінен алғанда құжат актілер төрт құрамдық бөлімнен: кіріспе, сипаттау, дәлелдеу және қорытындылардан тұрады.

б) әрекет-актілер – құқық қолдану субъектілерінің әрекеттері.

Бұл әрекеттердің биліктік күші болады және олар заңдық салдарға апарып соқтырады (орган жетекшісінің ауызша өкімі, жарлығы, полицейдің (милиционердің) көлік пен жаяу адамдар жүрістерін реттеудегі шарттары;

4. Қолданылу уақыттары бойынша.

а) бір рет қана күші бар актілер (мысалы, айып салу).

б) ұзаққа созылатын күші бар актілер (мысалы, некені тіркеу, зейнетақы тағайындау және т.б.).

### **Құқықтағы ақтаңдақтар (олқылықтар) және оларды болдырмаудың жолдары**

Құқықтану практикасында (іс-тәжірибелерінде) заңдық сипаты бар белгілі бір жағдайлардың құқық нормаларымен реттелінбеген кездері ұшырасады. Мұндай жағдайлар құқықтағы олқылықтар деп аталады.

Құқықтағы ақтаңдақ (олқылық) дегеніміз күші бар заң жүйесінде құқықтық реттеуді талап ететін мәселені шешу үшін қажет құқық нормасының болмауы.

Құқықтағы ақтаңдақты (олқылықты) болдырмаудың мынадай әдістері бар:

1. Заң ұқсастығы — ұқсас құқықтық норманы қолданудың барысында пайдалану (қолдану).

2. Құқық ұқсастығы - нақты істің шешімін құқықтың жалпы қағидаттарының негізінде табу (адамгершілік (гуманизм), әділдік, заң алдындағы теңқұқықтылық және т.б.).

Заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығы төтенше жағдайларда қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық құқықта құқық ұқсастығы мен заң ұқсастығына тыйым салынады, өйткені "заңда көрсетілмеген қылмыс жоқ" деген мызғымайтын қағидат бар, ол тұлғаны (адамды) қорғаудың кепілі болып қызмет етеді. Құқықтың басқа салаларында ұқсастыққа жол беріледі. Ал азаматтық және азаматтық істерді жүргізу құқығында ұқсастықты қолдану тікелей баянды етілген (бекітілген).

### **Заңдарды жүйелеу**

Әрбір мемлекетте толып жатқан түрлі құқықтық нормалар мен құқықтық нормативтік актілер болады. Пайдалануға ыңғайлы болуы үшін оларды үнемі белгілі бір жүйеге келтіріп отыру қажет. Мұндай қызметті "заңдарды жүйелеу" яғни құқықтық нормативтік актілерді нақты іс-тәжірибелерде пайдалану мақсатында оларды "тәртіпке салу" деген ұғымын білдіреді. Заң ғылымында заңдарды жүйелеудің негізгі екі түрі бар: инкорпорация және кодификация.

Инкорпорация - нормативтік материалдарды белгілі бір тәртіппен бірыңғай жинақтарға жиынтықтау және біріктіру. Мұндай жиынтықтаулар мен біріктірулер әдетте әліпбилік тәртіппен орналастыру, хронологиялық ретімен немесе субъектілері бойынша жасалады.

Инкорпорациялық жиынтықтауда нормативтік материал әртүрлі жинақтарға толық немесе бірен-сарандап орналастырылады. Мұндайда жинаққа орналастырылған актілердің мазмұндары өзгертілмейді, сол шығарылған қалпында қалады, дегенмен, кейде олардың мәнінің мазмұндалу түрінің өзгертілуі де мүмкін болады.

Инкорпорациялауда құқықтық акт мазмұны жағынан өзгертілмейді, оның өзгертулері сырттай болады: актінің бастапқы мәніне ресми түрде енгізілген өзгерістер кіргізіледі, өздерінің күшін жойған баптар, уақытша ғана маңызды болған тармақтар, сондай-ақ ашық түрде қайшылықтары барлары және тағы соған ұқсастары алынып тасталынады.

Инкорпорациялық өңдеуден өткен актілердің заңдық күші олардың қабылданған мерзімінен бастап сақталады. Субъектілері бойынша инкорпорация официоздық (жартылай ресми) инкорпорация және ресми емес инкорпорация деп жіктелінеді.

Ресми инкорпорация – мұны инкорпорация жүргізуге (жасауға) өкілеттік алған мемлекеттік органдар атқарады. Сонда ресми инкорпорация дегеніміз құқықтық нормаларды (күші барларын) жариялау және қайтадан баспа арқылы шығарудың тәсілі. Сондықтан ресми инкорпорация - заң шығарудың ресми көзі, қайнары. Бұл инкорпорация — хронологиялық және пәндік түрінде болады.

Хронологиялық ресми инкорпорация - нормативтік актілердің белгілі бір тәртібіне келтірілуін олардың ресми жариялануы барысында жасауды көздейді.

Пәндік ресми инкорпорация - жүйелеудің күрделілеу түрі. Мұның нәтижесінде мемлекеттік билікті басқарудың ең жоғары органдары шығарған күші бар нормативтік актілерінің томдары, жинақтары жасалынады.

Бұл томдар мен жинақтарға нормативтік құқықтық актілер пәндік қағидат бойынша, қатаң түрде тақырыптар бағыттарын сақтай отырып орналастырылады. Мысалы: мемлекеттік құрылысты реттейтін, әкімшілік жауапкершілік, халық шаруашылығы салаларындағы қатынастарды реттейтін нормативтік актілерді біріктіру.

Ресми емес инкорпорация - мұнда жүйелерді арнайы тапсырма алмай-ақ жекелеген ведомство, ғылыми және оқу орындары, жеке тұлғалар жасай береді. Сондықтан да ресми емес инкорпорациялық жинақтарды заңдар негіздері (қайнар көздері) ретінде бағалауға болмайды. Құқық шығармашылығы істерінде, құқық қолдануларда бұларды нормативтік актілер жариялаудың нысаны ретінде қарастырып сілтемелер жасауға болмайды.

*Кодификация - жүйелеудің ең күрделі және жетілдірілген түрі.* Бұл күші бар заңдарды түбегейлі түрде ішкі-сыртқы мән-мағыналарын өңдеу барысында жаңартылған кодификациялық акті даярлау және қабылдау жөніндегі атқарылатын қызмет болып табылады.

Осындай кодификациялаудың нәтижесінде күші бар құқықтық нормалар бірлестірілген тұтас актіге жинақталады, оны тиісті мемлекеттік органдар қабылдап алады. Кодификациялаудың барысында арнайы нысанды негіздер, кодекстер, жарғылар, қағидалар және т.б. шығарылады. Мысалы, Конституция - басты кодификациялық акт. Бұлардан басқа қазіргі кезде Қазақстан Республикасында Азаматтық, қылмыстық істерді жүргізу, азаматтық істерді жүргізу және т.б. кодекстер (жинақтар) істер атқаруда күші бар актілер ретінде танылғандар. Кодификацияланған актілерге елімізде қазіргі кезде қолданыстағы "Жол жүру ережелері", "Темір жол жарғысы" және т.б. жатады.

Кодификациялық актілерде құқықтың белгілі бір салаларындағы әртекті қоғамдық қатынастарды тәртіптейтін түрлі құқықтық нормалар, институттар біріктірілген болып келеді. Бұл актілер өздерінің тұтастығы және орнықтылығымен ерекшеленеді. Ағымдағы барлық заңдар осы кодификациялық актіде тұтастыққа, орнықтылыққа қарай бағдарландырылған, әрі қатарластыра бағындырылған.

Кодификацияның айырмашылықтарын көрсететін ерекшеліктері:

1. Кодификацияны тек өкілетті мемлекеттік органдар ғана жүзеге асырады және ол ресми сипатта болады.

2. Кодификациялаудың нәтижесінде бірнеше актілер әр түрлі нормаларға біріктіріледі, сөйтіп түрі, мазмұны бойынша жаңа құқықтық акт жасалады. Оның мәтіні түп нұсқадағыдай ресми. Құқық қолдану органдары соған сілтеме жасауы тиіс.

3. Кодификация оқтын-оқтын жүзеге асырылып отырады, ол нормативтік материалдардың жиналып қордалануына және объективтік қажеттілікке байланысты жасалады.

Кодификацияны салалық және арнайы деп айырмалайды:

Салалық кодификация - қандай бір белгілі заңдар саласының немесе оның салашасының нормативтік материалдарын біріктіру болып табылады (ҚР Азаматтық Кодексі; ҚР Қылмыстық Кодексі және тағы басқалар).

Арнайы кодификация - белгілі құқықтық институттың немесе бірнеше құқықтық институттың нормаларын біріктіреді (ҚР Су Кодексі, ҚР Орман Кодексі және тағы басқалар).

### **Құқықты талқылау**

Құқықтық нормаларды түсіндіру дегеніміз күрделі ерік-ықтиярлық процесс, оның мақсаты құқық нормасының дәл мағынасын анықтау болып табылады.

Түсіндірудің объектісі (заты) заңдар мен заңдарға сәйкес шығарылған актілер. Түсіндіру екі бөліктен - анықтау (айқындау) және түсінік берулерден тұрады.

Түсіндіру-анықтау дегеніміз іштей ойлау процесі, ол субъектінің санасында жүріп жатады. өйткені мұның құқықты қолданушы ойланып барып жасайды. Мұндай анықтауды құқық қолданушы тұлға өзі үшін және іштей жасайды, сондықтан да оның сырттай көрінісі болмайды. Анықтау - құқықты барлық нысандарында (бұлжытпай атқару, пайдалануларда) жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады. Анықтау әрқашанда түсінік беруден бұрын жүргізіледі.

Түсіндіру - түсінік беру - түсіндірушінің өзіне емес, қатынасқа түсуші басқа тұлғаларға бағытталады. Түсінік беру нәтижесі жазбаша: ресми акт, құжат, құқықтық акті немесе ауызекі: кеңес, ұсыныс түрлерінде беріледі.

Сонымен, құқық нормасына түсінік беру — нормативтік құқықтық актілерде білдірілген мемлекеттік ерік-ықтиярдың мағынасын түсіндіру және оны жазбаша мазмұндау болып табылады.

Құқық нормаларын талқылаудың қажеттілігі олардың белгілерінің, сырт көріністерінің ерекшеліктеріне байланысты. Құқық нормаларының маңызды ерекшеліктерінің бірі — олардың жалпылама, қиялдық (абстрактылы) сипаты, олардың күшінің көптеген субъектілерге және өмірлік жағдайларда қолданылуы. Сондықтан құқықтық нормаларды қолдану барысында олар қиялдағы (абстрактылы) болғандықтан нормалардың мазмұнын нақтыландыру қажеттігі туады. Сөйтіп, құқықтық норманың мазмұнын нақтылы өмірлік жағдайға жақындату керек болады.

Әрбір құқықтық норма қоғамдағы қатынастардың белгілі бір түрін реттейді және де бұл реттеу жалпылама болады. Ал қоғамдық қатынастардың белгілі түрі сан алуан нақтылы қатынастардан тұрады. Әр нақтылы қатынастың өзіндік ерекшелігі бар. Құқықтық норманы нақтылы қатынасқа қолданғанда оның ерекшеліктеріне байланысты кейбір жағдайларды анықтау қажеттілігі, қолданылатын құқықтық норманың мағынасы қандай екені туралы сауалдар туындайды. Сол сауалдарға құқықтық норманы талқылау арқылы дұрыс жауап беруге болады.

Қоғамдық өмірде жаңа қатынастар пайда болып отырады. Оларды заң дер кезінде реттеп үлгірмеуі де мүмкін. Бірақ мұндай қатынастарды қолданыста жүрген заңның мазмұны қамтуы ықтимал. Бұл жағдайды да құқықтық норманың мазмұнын талдау арқылы анықтауға болады. Демек, әлгі құқықтық мазмұны заң ұқсастығы бойынша тікелей көрсетілмеген қоғамдық қатынастарға да қолданылуы мүмкін.

Талқылаудың қажеттілігі құқықтық норманың сыртқы ресмилендірілуіне, тілінің ерекшелігіне байланысты да тууы мүмкін. Заң шығарушының ойы-пікірі сөз, сөйлем арқылы жазылады. Кейде қолданылған сөздің бір ғана мағынасы болады, ал кейде оның бірнеше мағынасы болады. Құқықтық норманы нақтылы қатынасқа қолданғанда осы жағдайды да ескеру аса қажет болады. Кейде бір түсінік, ұғым бірнеше сөздермен берілуі мүмкін. Мысалы, "міндет", "қажет", "солай істеу керек", "тыйым салынады", я болмаса, "қақысы бар, "қақылы", "істей алады" т.с.с.

Түсіндіру түрлері: 1. Субъектілері бойынша: а) ресми – түсіндіруді өкілеттік берілген (алған) субъектілер: мемлекеттік орган, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар береді. Ресми түсіндірудің заңдық маңызы болады және ол құқықтық салдарға апарады.

Ресми түсіндіру нормативтік, қазуалды, аутентикалық және легалды түрлерінде болады.

Нормативтік түсіндіру құқықтық нормаларды жаңадан жасауға алып бармайды. Ол тек бар құқықтық нормаларға түсінік береді, мағынасын аша түседі. Бұл түсіндіру жалпы сипатта және құқық нормаларын түсіну (ұғыну) мен әдеттегі қолдануларының біркелкі түрде болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазуалды түсіндіру жалпы сипатта болмайды, жалпыға бірдей міндетті де емес (маңызы бойынша), оның маңызы құқық нормасын нақты жағдайды ескере отырып түсіндіруге саяды.

Қазуалды түсіндіруді құзырлы орган тек атап көрсетілген нақты істің қарастырылуы, барысына байланысты береді. Ол бойынша әдейі шешім қабылдау мәселесіне арнайды.

Аутентикалық түсіндіру - қолдануға алынған норма мағынасына түсінік беру сол норманы қабылдаған органнан шыққандығын білдіреді.

Легалды түсіндіру ісін осы түсіндіруді атқаруға (орындауға) тапсырма алған субъектілер жүзеге асырады. Легалды түсіндіру заңға сәйкес сипатта болады.

б) Бейресми түсіндіру - құқықтық нормаға түсінік беруді өкілеттік алмаған субъектінің жүзеге асыруы. Мұндай түсіндірулер жалпыға бірдей міндетті болмайды және заңдық салдарды туындатпайды.

Бейресми түсіндіру әдеттегі, кәсіби, доктриналды (ғылыми) түрде болады.

2. Жасалу тәсілдері бойынша түсіндірудің түрлері:

а) грамматикалық-нормативтік акт мәтінін талдау, заң аталымдарының (терминдердің) мағынасын анықтау ретінде;

б) логикалық (қисындық) - заңның жекелеген қағидаларының логикалық (қисындық) байланыстары пайымдалып зерттелінеді.

в) жүйелі — құқық нормалары мазмұнын осы нормативтік **актілі** институт, құқық саласымен өзара байланыстыра отырып олардың алған орны мен маңызын тұтастай анықтауға арнайды;

г) арнайы заңдық — заң ғылымы мен заң қабылдау техникасының кәсіби білімдеріне негізделеді;

д) тарихи-саяси актінің жасалуы кезіндегі тарихи жағдайларға байланысты болған заңдық ерік-ықтияр, саяси күштердің ара салмағы мен олардың орналасулары және т.б. жайлар анықталады.

3. Көлемі бойынша:

а) адекваттық (дәлме-дәл, барабар) түсіндіру - мұнда заң "рухы мен оның әрбір әрпі" бір-біріне дәл келеді, яғни құқық нормасының сөз түріндегі білдірулері мен оның шын мағынасы және мәні құқық нормасына пара-пар, тең болып келеді;

б) кеңейтілген - құқық нормасының ақиқат мағынасы мен мәні оның сөз арқылы білдіруінен едәуір кен болады;

в) шектелген - құқық нормасының ақиқат мағынасы мен мәні оның сөз түріндегі білдіруінен едәуір шағын болады; Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабына сәйкес Конституция нормаларына ресми түсіндірулерді Конституциялық Кеңес береді.



## Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі

### Негізгі әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2011.
2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
3. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
4. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
5. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
6. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
7. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
8. Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.
9. Зиманов С.З. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Парламенті. Алматы, 1996.
10. Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов // В кн. Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.
11. Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы. 2002.
12. Копабаев О.К. Конституционно-правовые основы разделения властей в Казахстане. – Алматы, 1999.
13. Котов А., Котов Д. Действующее право как система и толкование его норм. Алматы. 1999.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Сартаев С.С. Дар мен ар алдындағы сөз. Алматы. 2001.
  2. Сартаев С.С. Некоторые вопросы истории и теории правового государства // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук. 1989. № 5
  3. Соловьев Э.Ю. Правовой нигилизм и гуманистический смысл права // Квинтэссенция. Философский альманах. М. 1990
  4. Өзбек-ұлы С. Көшпелі өркениеттің құқығы. Алматы. Мектеп. 2002.
  5. Өсеров Н.Ө. Ислам-халықтар арасындағы татулық жайлы // Право и государство. №1 (20) 2001.
  6. Сапарғалиев Г.С. Проблемы идеологии унитарного государства Казахстан // Научные труды «Әділет». 2000, №1 (7)

**14– тақырып. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм. Құқыққа сай мінез-құлық. 14 апта, 1 сағат.**

**Түйінді сөздер:** құқық, құқықтық сана, құқықтық мәдениет.

**Негізгі сұрақтар:** Құқықтық сана және құқықтық мәдениет түсінігі. Құқықтық нигилизм ұғымы. Құқыққа сай мінез-құлық түсінігі.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- Құқықтық сананың қоғамдық санадағы орнын анықтауға;
- құқықтық нигилизмнің түсінігін беруге.
- 

**Құқықтық сана және құқықтық мәдениет**

Құқықтық сана — Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтарымен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқық сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі.

Құқықтық сана қоғамдық сананың жеке бір саласы болып табылады. Ол құқықтық болмысты заң білімдері, құқықты бағалау және оны жүзеге асыру практикасы, құқықтық мақсаттар, құндылық бағдары түрінде бейнелейді. Осы аталған бес бейне (заң білімдері; құқықты бағалау және оны жүзеге асыру практикасы; құқықтық мақсаттар; құндылық бағдары (әрине бұлар құқықтық сананы бейнелейтіндер) заңдық мәні бар жағдайлар туындағанда адамдардың жүріс-тұрыстарын реттейді.

Басқаша айтқанда құқықтық сана дегеніміз адамдардың, әлеуметтік бірліктердің қоғамда бар және олардың тілек-ықыластарына сай келетін құқыққа қатыстылықтарын білдіретін көзқарастарының, идеяларының, түсініктері мен сана-сезімдерінің жиынтығы.

Құқықтық сананың функциялары:

- а) танымдық;
- б) бағалау;
- в) реттеу.

Құқықтық сананың танымдық функциясына – құқықтық сана арқылы өмірдегі болмысты тану жүріп жатқандығы жатады;

Құқықтық сананың бағалау функциясына құқықтық сананың көмегі арқылы заңды маңызы бар өмірдегі нақты болмыстық жағдайларға баға берілетіндігі жатады.

Құқықтық бағалау қатынастарының негізгі төрт түрін атан көрсетуге болады:

- құқыққа және заңдарға қатысты (оның қағидаттарына, нормаларына, институттарына);

- маңайындағылардың құқықтық жүріс-тұрыстарына қатысты (қылмыстылыққа, қылмыстарға, қылмыскерлерге);

- құқық қорғау органдарына қатысты;

- өзінің құқықтық жүріс-тұрысына қатысты (өзін өзі бағалауға).

Құқықтық сананың реттеу функциясы дәлелдер жүйесі, бағалаулықтар бағдарлары, құқықтық мақсаттар арқылы жүзеге асырылады. Бұлар жүріс-тұрысты ерекше реттеуші түрінде оларды сот реттеуі арқылы қалыптастырудың ерекше механизмдері бар.

Мұндағы айрықша рөлді құқықтық мақсат орындайды. Ал құқықтық мақсат — субъектілердің заңды немесе құқыққа қарсы жүріс-тұрыстарға бару-бармауға бейімділігі. Ал, мұндай бейімділіктің құқық субъектісінің бойында қалыптасуы бірсыпыра әлеуметтік және психофизиологиялық себептерге байланысты болады.

Құқықтық сананың құрылымы негізгі екі элементтен: құқықтық психология және құқықтық идеологиялардан тұрады.

Құқықтық психология - сана-сезім, күшті сезім (эмоция), әсерленушілік (қуану-ренжу, қайғыру, уайымдау, ашулану-разы болу, ауан, көңіл күйі (шаттық, сергектік, шадымандық және т.б.), дағды, стереотип түрлерінде көрінеді. Ал осы аталғандар адамдарда болатын мән-жайлар көрсеткіштері қоғам болмысында бар заң нормалары мен оларды жүзеге асыру практикасымен (іс тәжірибелерімен) байланысты пайда болады. Құқықты жете түсінудің бұл ең "таралған" түрі. Құқықты жете түсінудің мұндай түрі азды-көпті дәрежеде заң элементтерінің қатысуымен пайда болған барлық қоғамдық қатынастарға тән.

Құқықтық идеология дегеніміз заңдық идеялардың, теориялардың, көзқарастардың жиынтығы. Бұл жиынтыққа кіргендер - концептуалдық және жүйеге келтірілген түрде объективті құқықтық шындықты көрсетеді және оның бағасын береді. Құқықтық идеология құқыққа тұтас әлеуметтік институт ретінде мақсаттылық қағидасы бойынша ғылыми немесе философиялық мән беру арқылы сипатталады.

Идеология аясынан және идеология арқылы бәрінен бұрын әлеуметтік топтар мен таптардың, халықтар мен мемлекеттердің және әлемдік бірлестіктердің мұқтаждықтары мен мүдделері көрініс табады.

Гегельдің құқық философиясы, мемлекет және құқықтың табиғи-құқықтық, позитивистік маркстік доктринасы (ғылымы), осы заманғы көптеген құқықтық сана концепциялары (көзқарастары, тұжырымдамалары) құқық арқылы болмысты түсіну тәсілі ретінде құқықтық идеологияның қызмет атқарғандығына мысал бола алады.

Бүгінгі күнге құқықтық мемлекет доктринасы (ғылымы) көптеген мемлекеттер (оның ішінде Қазақстан Республикасы да бар) дамуының идеологиялық негізі болып табылады. Саяси-құқықтық идеологиясыз осы заманғы өркениетті қоғамның болуы мүмкін емес. Сонымен, жоғары идеологиялық құжаттар бола алатындар мысалына АҚШ Конституциясын, ГФР Конституциясын, француздардың 1789-ы жылғы Адам және азамат құқықтары Декларациясын жатқызуға болады. Аталған құжаттар батыс елдері демократиясы мен құқықтар жүйесінің идеологиялық тұғыры болып табылады.

Сонымен, ұлттық-құқықтық идеология - қоғамның ең маңызды мәдени-құқықтық құндылықтарын сипаттайды, бұлар болса әлемнің өркениетті халықтарының құрамына (семьясына) кіру үшін берілген өзінше бір "рұқсат құжат".

Құқықтық сананың түрлері:

1. Субъектілері бойынша:

- дербес (жеке);
- топтамалық;
- қоғамдық.

2. Құқықтық қызмет деңгейінің жоғары-төмендігі бойынша:

- әдеттегі (үйреншікті-эмпирикалық) құқықтық сана - адамдардың құқық жөніндегі жаппай көпшілік түсінігі;

- кәсіби құқықтық сана – кәсіпқой-заңгерлер араларында қалыптасатын құқықтық ұғымдар, түсініктер, идеялар, сенімдер, дәстүрлер, стереотиптер;

- ғылыми-құқықтық сана - құқықты жүйелі түрде теория бойынша игергендігін білдіретін идеялар, концепциялар, көзқарастар;

Құқықтық мемлекеттің ең маңызды белгісі - халықтың құқықтық мәдениетінің, құқық қорғаушылары мен басқа да лауазымды тұлғалардың кәсіби мәдениетінің болуы. Бұл белгі құқықтық мемлекетті құрудың міндетті шарты.

Құқықтық мәдениет — қоғамның құқықтық болмысының сапалық күйі. Бұл күй құқықтық актілердің, құқықтық және құқық қолданушылық қызметтің қаншалықты деңгейде екендігін білдіреді.

Осы сапалық күй тұлғаның құқықтық санасын, құқықтық дамуын, оның жүріс-тұрыс еркіндігі дәрежесін, мемлекет пен тұлғаның өзара жауаптылығы деңгейін де білдіреді. Және де бұл күй қоғам дамуына және қоғамның тіршілік ету жағдайларына ықпал жасап қолдау көрсетудегі қол жеткізілген деңгейін де көрсетеді.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті - құқықты білу, ұғыну (түсіну) және құрметтеуден (құрмет тұтудан) тұрады. Ал мұның өзі құқықтық ұйғарымдарды жете түсініп барып орындаудан білінеді (көрінеді).

Құқықтық мәдениет (кең мағынада) дегеніміз нақты іс-қимыл, әрекет жасау үстіндегі заң қондырғысы компоненттерінің жиынтығы және құқық жөнінде, оның жүзеге асырылуы туралы, мемлекет органдарының, лауазым иелерінің іс-әрекеттері жөнінде адамдардың жалпы түсінігі мен пайымдаулары.

Құқықтық мәдениет (тар мағынада) дегеніміз тұлғаның құқық туралы ой-пікірлері, сезімдері мен пайымдаулары және де саналы түрдегі қажеттіліктері. Осы қажеттіліктер тұлғаның құқыққа сай мінездерінен, жүріс-тұрыстарынан көрініс табады.

Құқықтық мәдениеттің антиподы құқықтық нигилизм болады; нигилизм (немқұрайдылық – қоғамда құқық пен заңдылықтың девальвацияға ұшырауынан

(күнсыздануынан), заңдылықты елемеуден, немесе олардың әлеуметтік реттеуші рөлін жете бағаламаудан көрінеді.

Құқықтық нигилизм — құқықтың әлеуметтік және тұлғалық құндылығын жоққа шығаратын, оны қоғамдық қатынастарды реттеудің ең жетілдірілмеген тәсілі деп санайтын қоғамдық ой-пікірдің бағыты мен бағдары болып табылады.

Құқықтық нигилизмнің (немқұрайдылықтың) бірнеше түрі бар, ол құқықтың рөлі мен маңызына парықсыз, ықылассыз (немқұрайдылықпен) қараудан оған (құқыққа) толығынан сенбеу және құқықты ешбір дәлелсіз теріске шығарып мойындамауға дейінгі алапты жайлап жатқан түрлері болады.

Құқықтық нигилизмнің (немқұрайдылықтың) көріну түрлері:

1. Қоғамдағы бар заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді қасақана тікелей бұзу.

2. Жаппай, барлық жерлерде заңдық ұйғарымдарды сақтамау, орындамау.

3. Бір-біріне қайшы келетін құқықтық актілерді қабылдау.

4. Заңдылықты саяси, идеологиялық және прагматикалық пайдалылыққа әдейі ауыстырып жіберу.

5. Адам құқықтарын бұзу, әсіресе адамның өмір сүруге құқықтылығын, арнамысы мен қадір қасиетін қорғауға құқықтылығын және тағы басқа да құқықтарды бұзу.

6. Құқықтық формалды талаптар мен құқықтық шындықтар арасының алшақтығы, мұндағы талаптардың орындалмай қалуы.

Құқықтық нигилизмді (немқұрайдылықты) жеңудің негізгі жолдары - азаматтардың жалпы және құқықтық мәдениетін көтеру, олардың имандылық өнегелік және құқықтық санасын жоғары сапаға жеткізу; заңдарды жетілдіру; құқық бұзушылықтардың алдын алу, сөйтіп барлық қылмыстарды азайту; заңдылық пен құқықтық, мемлекеттік тәртіпті нығайту; тұлғалардың құқықтарды құрметтеуі мен оларды барлық мүмкіндіктерді қолданып қорғауына қол жеткізу; халыққа жаппай құқықтық білім беру және тәрбиелеу ісін біліктілігі жоғары әрі өз ісіне адал, жан аямай берілгендік танытатын тұлғалар категориясынан ғана маман заңгерлерді даярлау, олардың кәсіпқойлығын арттыру; құқықтық реформаны әрі қарай дамыту, сөйтіп ақырғы қорытындыда қоғамды асқынған әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани, өнегелік дағдарыстан алып шығу.

### **Құқықтық нигилизм**

Бүгінгі қоғамда қарапайым қоғам мүшелері арасында құқыққа деген көзқарастың өзгеруі, жалпы құқыққа байланысты бағаның төмендеуі нигилистік сананың өрістеуіне жетелеуде. Нигилизмді адамдар арасындағы қарым-қатынасты ұтымды реттеу құралы ретіндегі құқықтың мәнін терістеп, жоққа шығару сипатында түсінсек, құқықтық қатынас субъектілерінің құқықты айналып өтуді құқық талаптарын орындаудан қарағанда тиімді санауы елде сыбайлас жемқорлық, рәйдерлік, құқық талаптарын мойындамаушылық, жауапсыздық сияқты негативтік салдарларға әкеліп соғуда.

Бұл өз кезегінде мемлекеттегі құқықтық саясатты қайта қарастыру, осыған байланысты қоғамды басқару жүйесінде жүйелі өзгерістер енгізу қажеттігін алға тартады. Жалпы қоғамда тыныштық пен құқықтық тәртіптің орнығуы ең алдымен сол қоғам мүшелерінің құқыққа деген оң көзқарасының нәтижесі болып табылады. Осы себептен де мемлекет қоғамда құқықтың жүзеге асырылуына байланысты оң нәтижелерге қол жеткізуге мүдделі болуы тиіс.

Әр мемлекетте қоғамның құқықтық сауатын арттыру, осы бағытта әртүрлі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, БАҚ арқылы құқықтық ақпараттар тарату, қоғам мүшелерінің құқық талаптарын орындауға мүдделілігін арттыру бойынша үздіксіз шаралар ұйымдастырылады. Бірақ, олардың тиімділігі сол мемлекеттегі биліктің ұстанымдарының қоғам мүддесімен ұштасуына байланысты, сол себептен кейбір мемлекеттер әлі де болса қоғамға қатысты құқықты орындауға байланысты репрессивті шараларды басым жағдайларда қолданып келеді.

Құқықтың әлеуметтік маңызын жоққа шығару, құқыққа, заңдарға, құқықтық тәртіпке деген құрметтің болмауы бүгінгі нигилизмнің басты сипаттары. Сонымен бірге, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың тарапынан орын алатын құқыққа деген немқұрайлылық, менсінбеушілік, сенімсіздік көрсету сияқты қатынастар да нигилизмнің көрінісі болып табылады. Нигилизм екі нысанда орын алады: біріншісі, құқықты ашық түрде жоққа шығару, оның қағидалары мен нормаларын ескерусіз қалдыру; екіншісі, құқықты нормаларды біле отырып оларды өз мақсатына пайдалану [2, 270 б.]. Қазіргі қоғамда халықтың кей бөлігі құқықты жоққа шығарып, оған мойынұсынғысы келмесе, екінші бөлігі сол құқық нормаларын мұқият зерттеп оларды айналып өту тетіктерін қарастыруда. Құқықтық нигилизм тек қарапайым халық арасында ғана емес, сол құқықтың жүзеге асырылуын қадағалайтын мемлекеттік қызметшілер арасында да өрістеуде.

Бүгінгі еліміздегі нигилизмнің кең өріс алуына нақты жағдайлар өз әсерін тигізді, ол әсіресе еліміздің бір қоғамдық формациядан екіншісіне еш даярлықсыз өтуімен байланысты болды. Әсіресе, бұл белгілі бір идеология, құндылықтар негізінде өмір сүрген қоғам үшін үлкен қиыншылықтар тудырды. Өздері үшін мызғымас саналған қағидалардың жоққа шығарылуы, бұрынғы Одақтың күйреп, орнына мүлдем жаңа мемлекеттің орнығуы, мемлекеттік меншікке негізделген шаруашылықтың жеке меншікке ырықсыз өткізілуі қоғам мүшелері арасында жаңа қалыптасқан құқыққа деген сенімсіздікті, қабылдамау сезімін тудырды.

Бұл турасында ресейлік ғалым В.А.Тумановтың пікірі өте ұтымды айтылған, «говорят, что юридическому нигилизму немало способствовали перестройка с сопровождавшими ее "войной законов", национальными конфликтами, падением государственной дисциплины, противостояние исполнительной и представительной властей и т.п. Все эти обстоятельства нельзя игнорировать. Однако более значимым представляется другое объяснение: как только общество отказалось от авторитарных методов не правового государственного управления и попыталось встать на путь правового государства, как только скованные ранее в политическом и экономическом плане люди получили более или менее реальную возможность пользоваться правами и свободами, так тотчас же дал о себе знать низкий уровень правовой культуры общества, десятилетиями царившие в нем пренебрежение к праву, его недооценка. Юридический нигилизм при востребованном праве оказался куда более заметен и опасен, чем при праве невостребованном» [3, 1 б.].

Шындығында да бұрындары тек қатаң режимде өмір сүріп, не істеу қажеттігін мемлекеттің көрсетуімен біліп үйренген тұрғындар үшін еркін түрде өз құқықтарын жүзеге асыруға берілген мүмкіндік олардың сол құқықтарды жүзеге асыруға жаңаша ұстанымдарын қалыптастырды. Бұл ұстанымдар қазір құқықтық қағидалармен ұштаса алмауда, басты себеп, адамдар өз құқықтарын біле отырып міндеттер жайлы ұмыт қалдырады немесе сол құқықтарын жүзеге асыру жолында заңға қайшы тетіктерді пайдаланады.

Еліміздегі құқықтық нигилизмнің бұқаралық сипатқа ие болуына себеп болған негізгі жағдай қабылданған заңдардың сапасының төмендігі болып отыр. Тіпті, парламент мәжілісінің төрағасы болған О.Мұхамеджанов та бұл жайды жасыра алмаған еді, «парламент Мәжілісінің қарауына енгізілетін заң жобаларының сапасы туралы қаншама айтылып жатқанымен, бұл мәселеде көңіл көншітерлік нәтиже жоқ деуге мәжбүр болып отырмыз. Заң жобаларына қатысты енгізілетін материалдар да тиісінше ресімделмейді. Нақ осы себептен өткен сессия ішінде Үкіметтен түскен 130 заң жобасының 72-сі немесе жартысынан астамы алғаш келген кезінде тіркелмей, кері қайтарылды. Соның ішінде 28 жоба қазақ тіліндегі мәтінінің сапасына байланысты қабылданбады. Депутаттар Үкімет ұсынған заң жобаларының заңдық, логикалық, тіпті лингвистикалық және грамматикалық сапасын өткір сынға алып жүргені белгілі» [6, 1 б.].

Қабылданған заңдардың қоғамдық қатынастарды реттеуде қауқарсыз болуы, алдын-ала орын алатын жағдайларға, тұрғылықты халық менталитетіне бейімделмеуі олардың

қабылданбастан жатып өзгерістер мен толықтыруларға ұшырауына алып келуде. Сонымен қатар, кейбір заңдар қабылдану арқылы жаңа қатынас түрлерін айналымға енгізгенімен ол қатынас түрлері халыққа бұрын таныс болмағандықтан ақпарат толымсыздығы салдарынанан көптеген тұрғындар жағымсыз жағдайға душар болды, нәтижесінде халықтың наразылығы туындауда (мысал ретінде 23.12.1995 N 2723 Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы заңды келтіруге болады). Мұндағы кемшіліктердің орын алуы парламенттің де, үкіметтің де кәсібилік қағидасына негізделіп жасақталмауында болып отыр.

Себебі, үкіметте жасақталатын заң жобалары тек өзге елдер тәжірибесіне негізделмей жергілікті халықтың өзгешеліктеріне бейімделіп, жан-жақты зерттеу жүргізіліп, сол зерттеу нәтижелері талқыланған соң ғана парламентке жіберілуі тиіс, ал парламент келіп түскен заң жобаларының сапасын арттырып, толықтырып, байыту үшін ондағы депутаттардың басым бөлігі заңгерлер болуы керек.

Екіншіден, елдегі заңдардың қоғам мүшелерінің кейбір бөлігіне таралмайтындығы, яғни белгілі бір істер бойынша нақты жазаға тартылуы тиіс адамдардың олардың нақты бір үлкен қызметтегі туысының болуы немесе ақшасының болуы нәтижесінде жазаға тартылмауы. Мұндай жағдайлардың көптеп орын алуы қоғамда құқыққа деген сенбеушілік, жек көру сезімдерін тудыруда. «Заң алдында барлық адам тең» деген қағиданың тәжірибеде керісінше жүзеге асырылуы онсыз да құқыққа деген көзқарасы таяз адамдар үшін теріс мысал болуда. Мұндай көзқарастар әсіресе, жер кодексінің қоғамдық пікірмен санаспай қабылдануынан кейін орын алған жер үлестеріне байланысты даулар негізінде көптеп орын алуда, нақты елді мекендер маңындағы жер телімдерінің сол тұрғылықты халықтың еш қатысынсыз өзге адамдардың басына рәсімделініп, сол аумақты мекендейтін халыққа Конституция бойынша тиесілі 10 соток жердің берілмеуі халықтың наразылығын тудыруда.

Соңғы жылдары мемлекеттің шет елдік фермерлерге жерді жалға беретіндігі жайлы ақпараттың таралуы халық арасында билікке деген наразалықты арттыра түсті [8, 1 б.]. Халық арасында ақшасы бар немесе күшті тірегі бар адамдардың заңдарды айналып өтіп кәсіпкерлікпен айналысуы, қылмыс жасай отырып жауапқа тартылмауы, белгілі бір мемлекетпен берілетін жеңілдіктерді асыра пайдалануы (тұрғын үймен қамту бағдарламасы және т.б.) өзге адамдар тарапынан тек айналыстағы заңдарға ғана емес елдегі билік жүйесіне деген наразылық сезімдерін туындатуда, оларды құқықты айналып өту тетіктерін қарастыруға жетелеуде.

Үшіншіден, басқару аппаратының елдегі заңдарды өз мүддесіне қарай икемдеуі, өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырушы мемлекетте жоғары дәрежелі заң актілерінің билік мүддесіне сай түрлі өзгерістерге ұшырауы халық арасында сол заңдарға деген құрмет сезімінің төмендеуіне алып келеді. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституцияға он бес жыл ішінде (7 қазан 1998 жылы, 21 мамыр 2007 жылы, 2 ақпан 2011 жылы) үш рет өзгертулер мен толықтырулар енгізу сол негізгі заңның мәңгілік еместігін, оның да қолданыстағы заңдар сияқты өзгермелі сипатын көрсетті. Мұның өзі Конституцияның мызғымастығына сенімді төмендетті деуге болады.

Төртіншіден, мемлекеттік қызметшілердің өкілеттіктерін өз мүддесіне пайдалануға ұмтылысы, бұл әсіресе, нарықтық қатынастарды орнықтырумен байланысты орын алған жағымсыз көзқарас болды. Кәсіпкерлік саласындағы құқықты қабылдамаушылыққа осыған дейін кәсіпкерліктің мемлекетпен тыйым салынған әрекет түріне жатқызылғандығы себеп болды. Ең алғашында кәсіпкерлікті қоғам жат қылық ретінде қабылдады, уақыт өте келе оған еті үйренді, шет елдік тәжірибе негізінде кәсіпкерлік өз арнасына түсті. Ендігі жерде кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасында жиі түсініспеушіліктер туындай бастады. Оған себеп, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлердің өз өкілеттіктерін асыра пайдалану арқылы кәсіпкерлерге қысым көрсете отырып, оларды өз мүддесіне сай әрекет жасауға итермелеуі болды.

Мұндағы басты мәселе, мемлекеттік қызметкерлердің құқыққа деген көзқарасындағы өзгеріс, яғни, заңдарды өз мүдделеріне сай пайдалануға ұмтылысы болды, мұндай жағдайда кәсіпкерлер де мемлекеттік қызметшілерді өз сыбайластарына айналдырып көлеңкелі бизнесті өрістетуді жөн көруде. Кейбір қылмыстық элементтердің кеден арқылы елімізде тыйым салынған дәрі-дәрмектерді, психотроптық заттарды, сапасы күмән тудыратын азық-түлікті еш тексеріссіз өткізіп саудаға салуы, оларды кеденнен кедергісіз өткізген мемлекеттік қызметшілердің ешқандай жаза тартпауы көлеңкелі бизнестің өрістеуіне жол ашуда. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан көтерілген бастамалардың көпшілігінің аяқсыз қалуы, салынған құрылыстардың сапасыздығы, кейбірінің аз уақытта қирап қалуы, ашылған кәсіпорындардың тек есептілік үшін көзбояушылықпен ашылып, артынша жабылып жатуы, ең сорақысы мемлекетке келтірілген орасан зор зиян үшін ешкімнің жауапқа тартылмауы заңдылық қағидасына деген көзқарастардың өзгеруіне алып келді.

Мемлекеттік қызметтегі тұлғалардың құқық нормаларын өз мүдделерін қанағаттандыруға пайдалануы қоғамдық өмірдің өзге де салаларында көптеп көрініс таба бастады, қылмыстық істерді жүргізу, сот шешімін шығару, кеден ісі, мемлекеттік қызметке кіру, мемлекеттік тендерлер, мемлекеттік тексерулер, мемлекеттік жәрдемақы, төлемақы тағайындау және т.б. Мемлекеттік қызметтегі, мемлекеттік кәсіпорындардағы жоғары лауазымды қызметтерді атқарған тұлғалардың өз өкілеттіктерін асыра пайдалануы, соның нәтижесінде қылмыстық жауапкершілікке тартылуы, кейбірінің еш жауапкершіліксіз шет елдердегі ең бай адамдар тізімін толықтыруы мемлекеттік қызметшілер арасында да, қарапайым тұрғындар арасында да мемлекеттік қызмет турасындағы көзқарастарды түбегейлі өзгертуге алып келді.

Мемлекеттік қызметшілер өз лауазымдарын жеке мақсаттарға жету жолындағы тиімді құрал деп түсінсе, мемлекеттік қызметке қатысы жоқ әр салада заңды айналып өтуді жөн көретін адамдар оны өз мақсаттарына жету жолындағы сыбайлас ретінде қабылдай бастады. Бұл өз кезегінде қарапайым тұрғындар арасында құқыққа деген сенімсіздікті тудырып, оны айналып өту механизмдерін қарастыруға әкелді. Осы тектес жайлар жалпы қоғам үшін мемлекеттің мәнін төмендетуде, сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік қызметте кең етек алуы тұрғындар санасында оның болуы тиіс кәдімгі жағдай ретінде қабылдануына септігін тигізді. Осылайша, сыбайлас жемқорлық тек мемлекеттік органдарда ғана емес тұрмыста да кеңінен орнықты. Нақты жағдай бойынша құқыққа қайшы әрекеті үшін жауапқа тартылуы тиіс адам ең алдымен білікті заңгердің көмегіне емес, билігі бар, ықпалды туыс немесе танысты іздейтіндігі адамдар арасындағы құқыққа деген сенімсіздіктің көрсеткіші бола алады.

Бесіншіден, жалпы халықтың құқықтық сауатының төмендігі, халқымыздың әлемдегі білімі жағынан ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгендігіне қарамастан құқықтық сананың төмен болуы оның жүргізіліп отырған саясатқа қатыссыздығына алып келді. Өткізіліп жатқан сайлауларға қатыспау, кейбір саясаткерлердің өзі жүргізген реформаларының аяқсыз қалғаны үшін жауап беруін талап етпеу, нақты бір жағдайларда бүкілхалықтық ұстанымдарды біріге алға тартуға қауқарсыздық таныту құқықтық сананың төмендігінің көрінісі. Тіпті, қарапайым жағдайларда да қоғам мүшелерінің өз құқықтарын білмеуі олардың әртүрлі жағдайларда зәбір шегуіне алып келуде.

Алтыншыдан, тәуелсіздік алған жиырма жыл ішінде қазақстандық халықтың басын біріктіретін жалпыұлттық идеяның жасалынбауы, жалпыұлттық құндылықтардың айшықталып, халыққа насихатталмауы халықтың отаншылдық сезімінен жұрдай болуына, жаңа ұрпақтың тек пайдакүнемдік сипатқа енуіне септігін тигізді. Жергілікті ұлт өкілдерінің жүзшілдік, рушылдық психологиядан арылмауы, ал өзге ұлт өкілдерінің кейбірінің өздерін қонақ сезінуі, басты мақсат ретінде тезірек байып, ақша жинап өзге елге кетуді қоюы осыған мысал бола алады.

Мемлекеттік қызметшілердің халық арасынан шығатынын ескерсек, онда орын алып жатқан жағдайлардың негізі осында екендігін түсінуге болады. Жалпы мемлекеттің өзінің

құқықты орындау сипатына қатысты кейбір ерекшеліктер кез-келген азаматты өзге ойға жетелейді, мысал ретінде мемлекеттегі жоғары лауазымдарды иеленген азаматтардың мемлекеттік тілді білмесе де биік лауазымдарды иеленуі азаматтар тарапынан мемлекеттік тілді үйренуге деген селқостық көңіл-күйін туындатып отыр. Яғни, нақты мысалдарға қарап қарапайым азаматтар, әсіресе, студент жастар мемлекеттік тілді меңгермей-ақ үлкен лауазымдарды иеленуге сенімді, соның салдарынан мемлекеттік тілге деген құрмет азая түсуде.

С.Өзбекұлының пікірінше, құқықтық нигилизм – қоғамда қабылданған, мойындалған құқықтық құндылықтарды, қағидалар мен заңнаманың мүмкіндіктерін жоққа шығару, сенімсіздік таныту арқылы биліктің заңсыздығы мен бассыздығына көз жұмып қарау [7, 149 б.]. Біз бұл автордың берген анықтамасымен толық келісе алмаймыз, себебі, құқықтық нигилизм уақыт өте келе асқынып, жаңаша сипатқа ауысады және қоғамда мемлекетке деген қарсылық сезімін тудырады, бұл өз кезегінде мемлекетке қарсы нақты әрекеттердің орын алуына алып келеді. Сөзіміздің дәлелі ретінде өзімізде орын алып жатқан жағдайларға тоқталуды жөн көрдік, біздің мемлекетте орын алып жатқан күнделікті келеңсіз жағдайлар ендігі жерде тек құқықты мойындамаушылық емес сол құқықтық жүйені қалыптастырып отырған мемлекеттегі билікке деген көзқарастың өзгеруіне алып келді. Елдегі жағдайларға қатысты халық арасында наразылықтар біртіндеп бас көтерулерге ұласуда.

Егер жағдай осылай жалғаса берсе, елдегі халық арасында мемлекетке деген наразылық оған жаппай қарсылыққа алып келері сөзсіз. Теориялық тұрғыда мұндай жағдай туралы тағы да В.А.Тумановқа жүгінуді жөн көрдік, «на высоком этапе общественного сознания нигилизм предстает в виде идеологических течений и теоретических доктрин. Например, анархизм, левый радикализм, и связан с именами Прудона, Бакунина, Штирнера и др.» [4, 1 б.]. Жаңаөзен қаласында орын алған баскөтеру осының айғағы іспетті, осы оқиғаға байланысты Алматы қаласында 2012 жылдың 19 наурызында өткен зиялы қауымның - халық өкілдерінің форумына қатысушылар өз үндеулерін жариялады, оған сәйкес, билікке нақты талаптар қойылды.

Сонымен қатар, жалпы ескерту де жасалынды, «Қазақстан құқық қорғау және күштік құрылымдарының іс-әрекеті мен қызмет ету тәсілдері жеке талқылау мен арнайы қарастыруды талап етеді. Біз бейбіт халыққа қарсы оқ атуға және ішкі қақтығыстарға әскерді қатыстыруға түбегейлі қарсымыз. Әлеуметтік қақтығыс пен қоғамдық наразылық кез келген жағдайда және үнемі бейбіт жолмен әрі келіссөз арқылы шешілуі тиіс. Соттың шешімінсіз ешкім де азаматтарды олардың бұлжымайтын құқығы - өмір сүруге деген құқығынан айыра алмайды! Олай ету - ең үлкен және қауіпті қылмыс. Ал бұл қылмыс биліктің, азаматтардың осы конституциялық құқығын қорғауға тиіс адамдардың қолымен жасалса, онда бұл екі есе қауіпті. Осы негізгі ұстаным жойылса, онда қалған нәрселердің де еш мәні қалмайды.

Егер адам өмірі құнсызданса, барлық жетістік пен табыс екінші немесе үшінші қатарға ысырылып, барлығы көмескіленеді. Міне, сондықтан біз қоғамның бұл оқиғаларды жан-жақты, әділетті және ашық түрде зерттеу жөніндегі талабын табанды түрде қолдаймыз. Тергеу мен сот 2011 жылғы 16-17 желтоқсан күнгі оқиғалардың ғана емес, бұдан бұрынырақтағы оқиғаларға да нақты құқықтық бағасын беруге тиіс. Ал бұл биліктің барлық органдары мен институттарының, мұнай-газ компанияларының, салғырттығы мен салақтығы шектен асқан шенеуніктердің әрекетіне құқықтық және саяси баға берілуі керек деген сөз. Онсыз қоғамдағы сенімді қайта қалпына келтіру жөнінде сөз қозғаудың өзі қиын. Түйіні шешілмеген мәселелер бүкіл қоғамдық-саяси қарым-қатынасқа кері әсер етпек. Мұның салдары қазіргі билік үшін ғана емес, мемлекеттілік пен Қазақстан тәуелсіздігі үшін де ауыр болмақ»[5, 1 б.].

Құқықтық сананың деформацияға ұшырап, құқықтың құнының төмендеуін болдырмау жолдарын қарастыруда тек мемлекет қана емес азаматтық қоғам институттары да, жалпы елі үшін жаны ашитын азаматтардың да атсалысуы қажет. М.М.Рассоловтың пікірінше,



құқыққа деген құрмет сезімінің қалыптасуы бірден болмайды. Ол үшін адамдар бойында құқыққа деген оң көзқарас қалыптастырып, оған дұрыс баға берушілікті және өзінің жүріс-тұрысын құқыққа негіздеушілікті қамтамасыз ететіндей адамдардың өміріне, еркі мен санасына, көңіл-күйі мен көзқарастарына әсер етуді жақсарту алатын тиімді жүйе керек. Бұл үрдіс тек сырттай әсер ету арқылы қамтамасыз етіле алмайды. Себебі, адамның құқыққа деген құрметі оның қоғамда жарияланған саяси, әлеуметтік-құқықтық қағидалардың құндылығын жеке басының мойындауы нәтижесінде пайда болады [1, 368 б.]. Біздің елдегі орын алған жағдайды түзетіп, халықтың құқықтық санасын арттыру үшін келесідей мәселелер өз шешімін табуы тиіс:

- Ең алдымен мемлекеттік билік құқықтық мемлекет қағидалары бойынша қызмет етуі тиіс, яғни, құқықтың тек қоғамды басқару құралы емес мемлекеттік билік үшін де міндетті ережелер жиынтығы екендігін мойындауы қажет;

- Екіншіден, мемлекетте кәсібилілік қағидасы басты орынға шығуы тиіс, жоғары лауазымды саяси қызметшілер өз бастамалары мен реформаларының нәтижесіне жауапты болуы тиіс;

- Үшіншіден, жалпыұлттық идеология жасақталынуы, жалпыхалықтық құндылықтар кеңінен насихатталуы, сонымен қатар, құқықтық сауаттылықты арттыру жұмыстары кең ауқымда жүзеге асырылуы қажет;

- Төртіншіден, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек көрсетпелік сипаттан арылып, жоғары дәрежеде жүзеге асырылуы керек, осы саясатты жүргізушілер тексерісті алдымен өздерінен бастауы тиіс. Осы мәселелер шешімін тапқан жағдайда жалпы қоғамдағы құқықтық нигилизмді жеңіп, азаматтардың құқықтық санасының көтерілуіне қол жеткізуге болады деп тұжырымдауға болады. Бұл өз кезегінде қазіргідей шиеленісті жағдайдың жағымды сипатта шешілуіне кепіл бола алады.

#### **Құқыққы сай мінез құлық.**

Заңды мінез-құлық — құқық нормаларының нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның мінез-құлқы. Заңды мінез-құлық арқылы заң орындалады, жүзеге асырылады. Заңның талаптары орындалмаса, ол жансыз. Тұлғаның заңды мінез-құлқының көлемі мен үлгісі құқықтық норманың диспозициясында көрсетілген. Егер адамдардың мінез-құлқтары құқық нормаларының талаптарына сәйкес келсе, онда құқықтық тәртіп нығаяды.

Заңды мінез-құлық арқылы қоғам басқарылады, оның өмірі қалыпты жағдайда жүргізіледі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Мұны азаматтардың көбі түсінеді, сондықтан пайда болатын, жүзеге асырылатын құқықтық қатынастардың басым көпшілігі заңды мінез-құлық негізінде құрылады.

Азаматтар заңның талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес мінез-құлық екіге бөлінеді: 1) белсенді заңды мінез-құлық; 2) бәсең (енжар) заңды мінез-құлық.

Белсенді заңды мінез-құлық — лауазымды тұлғалардың, азаматтардың өз бастамасымен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері. Ондай әрекеттер қосымша уақыт, күш, кейде қаражат жұмсаумен байланысты. Осындай мінез-құлық басым болуы үшін қазіргі кезеңде қажетті шарттар баршылық. Ол — егеменді, дербес мемлекет пен ұлттық құқық жүйесінің қалыптасуы, экономикалық дағдарысты тоқтату үшін барлық күш-жігерді жұмсаудың қажеттігі, асқынып бара жатқан қылмысқа қарсы азаматтардың әлінше күресу борышы. Демек, заңдардың қағидаларын белсенділікпен орындау — заманымыздың талабы. Белсенді түрдегі заңды мінез-құлықтың көріністері сан алуан. Ол — лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін адал ниетпен, сапалы атқарып, азаматтардың өздеріне жүктеген міндеттерін қалтқысыз, саналы түрде орындауы, сонымен қатар құқықтарын жүзеге асыра отырып, мемлекеттің, қоғамдық бірлестіктердің жұмысына белсене катысып, әлінше көмектесу, заңдардың жобаларын талқылауда бой көрсетіп, өз пікірін ортаға салу—міне, құқықтық белсенділікке осындай әрекеттер жатады.

Енжар заңды мінез-құлықтың көрінісі де сан алуан. Азамат өзіне жүктелген міндеттерді қалай болса солай орындайды. Ал өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға енжарлықпен, немқұрайдылықпен қарайды. Мысалы, сайлауға, заңның жобасын талқылауға қатыспайды, отбасын құрғысы келмейді, оқып-білім алуға ерінеді, тіпті, жақсы істеп, табыс та тапқысы келмейді. Әрине, мұндай мінез-құлық заңға қайшы келмесе де, адамның ең алдымен өзіне зиян келтіреді, себебі адамның игілігі үшін берілетін заңды мүмкіндіктер іске аспай қалады. Мұндай мінез-құлықтан қоғам да ештеңе ұтпайды. Демек, екі тарап та ұтылыста болады. Мұндай енжар мінез-құлық басым болса, мемлекетке де зиян келеді. Азаматтардың енжарлығын, немқұрайдылығын пайдаланып, қара ниетті лауазымды тұлғалар мемлекет органының қызметін халықтың бақылауынан тыс қоюға әрекет жасаулары мүмкін.

Әрине, тек насихатпен адамдардың енжар мінез-құлықын белсенділікке айналдыру оңай емес. Ең алдымен белсенділік жастайынан қалыптасатын қасиет. Оның негізгі шарты — еңбекке баулу. Заңдар да адал, ақ ниетпен істелген жұмыс үшін көтермелеу шараларын белгілесе, ол құқықтық белсенділікке негіз болады.

Заңды мінез-құлық бірнеше түрде болуы мүмкін.

Құқықтық сананың деңгейіне байланысты заңды мінез-құлық (жүріс-тұрыс) төмендегідей түрлерге жіктеледі:

1. Маргиналды (маргинал - жік аралық) заңды мінез-құлық - бұл мінез-құлық бәрінен бұрын заң бойынша жазаланудан қорқу мен өз есебінен жаңылып қалмау мақсатына негізделеді. Маргиналды мінез-құлықты адамдар қайсы сәтте де болса заңды оп-оңай аттайды (бұзады), сәті келсе, ыңғайлы жағдай туа қалса құқықтық талаптарды орындамауға да дайын тұрады.

2. Конформистік құқыққа сай мінез-құлық. Мұндай мінез-құлық адамның құқықтық талаптарға конформистік түрде бас июіне (көніп бағынуына) негізделеді. Мұндай мінезді адамның ұстанатын қағидаты "бәрі қандай болса, мен де сондаймын" болады. Мұндай мінез-құлық құқықтық нормаларды жете түсінбей, олардың байыбына бармай бұлжытпауға (сақтауға) негізделеді.

2. Жағымды құқыққа сай мінез-құлық - мұндай мінез-құлық қоғамда бар құқық нормаларының әділ және әділеттілігіне деген мызғымас сенімге, құқықты құрметтеуге және оны терең білуге негізделеді. Мұндай мінез-құлық құқықтың әдеттегі қалып бойынша, әртүрлі себептермен дәлелдердің іштей арпалысуынсыз орындалуынан (атқарылуынан) көрінеді.

Құқыққа сай, әлеуметтік тұрғыдан белсенді мінез-құлықтың мұндай түрі құқықтың құндылығының қажеттілігі жөніндегі мызғымас сенім мен құқықты құрметтеуге ғана емес, сонымен бірге құқыққа дәлелді түрде қарау мен оны жете түсінуге негізделген.

## **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер:**

- 1.Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2011.
- 2.Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
- 3.Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
- 4.Алексеев С.С. Теория права. М.1996
- 5.Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
- 6.Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
- 7.Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
- 8.Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның

институттары. Алматы, 1996.

9. Зиманов С.З. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Парламенті. Алматы, 1996.
10. Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов // В кн. Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.
11. Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы. 2002.
12. Копабаев О.К. Конституционно-правовые основы разделения властей в Казахстане. – Алматы, 1999.
13. Котов А., Котов Д. Действующее право как система и толкование его норм. Алматы. 1999.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. М.М.Рассолов. Актуальные проблемы теории государства и права. М, ЮНИТИ-ДАНА, 2010
2. Теория государства и права. под редакцией А.У.Бейсеновой. А., Атамұра, 2006
3. [ufnovgu.narod.ru/tgp/lituma2.htm](http://ufnovgu.narod.ru/tgp/lituma2.htm) Статья: В.А. Туманов "Правовой нигилизм в историко-идеологическом ракурсе".
4. [ufnovgu.narod.ru/tgp/lituma1.htm](http://ufnovgu.narod.ru/tgp/lituma1.htm) Статья: В.А. Туманов "О правовом нигилизме".
5. Қазақ зиялылары форумының биліктің саяси қарсыластарын қудалауды тоқтатуын талап еткен үндеуі // [abai.kz](http://abai.kz)
6. Сессия жұмысы қорытындыланды // [www.egemen.kz/?p=308164](http://www.egemen.kz/?p=308164)
7. С.Өзбекұлы. Мемлекет және құқық теориясы. А., Жеті Жарғы, 2006
8. Есенгүл Кәпқызы. 3,5 миллион гектар жерді кім иеленеді? // [abai.kz](http://abai.kz)

**15– тақырып** Құқық бұзушылық және заң алдындағы жауапкершілік. Заңдылық және құқықтық тәртіп. **15 апта, 1 сағат.**

**Түйінді сөздер:** мемлекет, құқық, заң, құқық бұзушылық, заң алдындағы жауаптылық, кінәлілік, заңдылық. .

**Негізгі сұрақтар:** Құқық бұзушылық және заң алдындағы жауаптылық. Заңдылық сипаттамасы. Құқықтық және қоғамдық тәртіп.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент қабілетті болады:**

- құқық бұзушылықтың және заң алдындағы жауаптылықтың түсінігін беруге;
- заңдылықты ашуға;
- құқықтық және қоғамдық тәртіпті анықтауға.

**Құқық бұзушылық және заң алдындағы жауаптылық**

Құқық бұзушылық дегеніміз құқықтық талаптарды бұзудағы немесе оларды орындамау барысындағы әрекеттер (әрекеттіліктер немесе әрекетсіздіктер).

Адамдардың қандай да әрекеттері (әрекеттіліктері немесе әрекетсіздіктері) қоғамға қауіп тудырған немесе туындататын болса ондай әрекеттілік немесе әрекетсіздік құқық бұзушылық деп бағаланады.

Адамның әрекеті (әрекеттілігі немесе әрекетсіздігі) қоғамға қауіпті болмаса, онда мұндай әрекеттілік немесе әрекетсіздік құқық бұзушылық қатарына жатқызылмайды. Әрекеттің (әрекеттілік немесе әрекетсіздіктің) қоғамға қауіптілігі ұғымы екі сәттен тұрады, олар: зиянның болуы және оның қоғам тарабынан бағалануы. Құқық бұзушылық дегеніміз, адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін кінәлі, соңы заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі.

Құқық бұзушылықтың белгілері (нышандары):

а) қоғамға зияндылығы, қауіптілігі - құқық бұзушылықтың негізгі объективтік нышаны, айырымдық белгісі және оның заңнан құқыққа қайшы болу шегін ажыратуға негіз болатын объективтік тұғыры. Құқық бұзушылықтың қоғамға келтіретін зияны мен оның қауіптілігі қоғамға маңызды құндылықтар мен оның тіршілік ету жағдайларына қол сұғулардан тұрады;

б) құқыққа қайшы келушілік - әрекеттің немесе әрекетсіздіктің қоғамға қауіптілігін, зияндылығын заң атауы арқылы білдірілуі. Құқыққа қайшы (қарсы) келудің және ол үшін жауапты болудың шегін, мөлшері мен шамасын мемлекет анықтайды, әрі оны бекітеді де;

в) кінәлілік - басқаша айтқанда - құқық бұзушылыққа бару құқық бұзушының тысқарыдан ешбір ықпалсыз-ақ өзінің ерік-ықтиярын әлгіндей түрде білдіруі, ал мұның өзі кінәлі жүріс-тұрыс (мінез-құлық). Егер де жеке адамды таңдау еркі (ықтияры) болмаса, егер ол өзінің жүріс-тұрысының құқыққа қайшы келетінін жете түсінуге қабілеті болмаса, онда оның кінәлі әрекеті құқық бұзушылық болмайды да, ол объективті түрдегі құқыққа қайшы әрекеттік болып шығады. Сондықтан мұндай адам заң алдындағы жауаптылыққа тартылмайды;

г) әрекеттілік немесе әрекетсіздік түріндегі әрекеттер. Мұндағы әрекетсіздік түріндегі құқық бұзушылық - тұлға заңдық талаптарды орындауға міндетті бола тұрып, оларды орындамаған жағдайда болады;

д) жазаланушылық - мемлекет тарапынан мәжбүрлеу шараларының қолданылу мүмкіндігі.

Құқық бұзушылықтар әлеуметтік қауіптілігіне байланысты және зиян келтіру дәрежелеріне қарай қылмыстар және теріс қылықтар деп жіктеледі.

Қылмыстар қоғамға қауіптілігі (зияндылығы) жағынан барынша жоғары дәрежеде болатындығымен ерекшеленеді. Олар қоғамның ең маңызды, едәуір мәнді мүдделеріне нұқсан келтіреді. Мұндай ең маңызды, едәуір мәнді мүдделерге нұқсан келтірулер мен қол сұғулардан қылмыстық заңдар қорғайды. Жасалған қылмыстар үшін заң аса қатал жазалау шараларын белгілейді,

Формалды түрде қылмыстың барлық белгілері бар болса да қайсы бір қылмыстар қылмыс болып саналмайды. Олай болатын себебі кейбір жағдайларда әлгі қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі мен зияндылығының маңызы мардымсыз болып келеді.

Теріс құқықтар - әлеуметтік зияндылығы мен қоғамдық қауіптілігі төмен дәрежеде болатындығымен ерекшеленетін құқық бұзушылықтар.

Бұлардың нұқсан келтіретін объектілері мен заңдық салдары да түрлі-түрлі болып келеді және де олар қоғам болмысының әр түрлі салаларында болып жатады.

Теріс қылықтардың қоғамдық қауіптілік дәрежесін анықтауда төмендегідей айырымдық белгілері ескеріледі:

а) нұқсан келтірілген қоғамдық қатынастардың объект түріндегі маңыздылығының дәрежесі;

ә) келтірілген зиянның мөлшері;

б) құқыққа қарсы (қайшы) әрекеттің жасалу тәсілі, уақыты мен орны;

г) құқық бұзушының өз басы.

Теріс қылықтардың жіктелуі:

1. Мүліктік және кейбір жекелік мүліктік емес қатынастар аясындағы құқық нормаларын бұзу азаматтық-құқықтық нормаларды бұзушылықтар деп аталады;

2. Заң белгілеген қоғамдық тәртіпке, мемлекет органдарының атқару-орындау саласындағы қатынастарға нұқсан келтіруін әкімшілік құқық бұзушылықтар деп аталады;

3. Еңбек қатынастары аясындағы кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың ішкі еңбек ұйымдастыру тәртібіне нұқсан келтіруін тәртіптік құқық бұзушылықтар деп аталады;

4. Заң арқылы белгіленген рәсімдерді әділсоттың жүзеге асыруына (куәлардың сотқа келмей қалуы) нұқсан келтіруін жүргізу қатынастарындағы құқық бұзушылықтар деп аталады.

Құқық бұзушылықтың заңдық құрамы:

1. Құқық бұзушылықтың субъектісі – кінәлі, құқыққа қайшы (қарсы) әрекет жасаған адам. Мұндай субъект ретінде деликт қабілеттілігі бар адам және заңды тұлға танылады.

2. Құқық бұзушылықтың объектісі - қандай затқа құқық бұзушылық бағытталып, оған нұқсан келтірілсе сол зат аталған объект болып табылады. Мұндағы тектік объекті - қоғамдық қатынастар, ал түрлік объект - өмір, ар-намыс, денсаулық, т.б.

3. Объективтік жағы - құқыққа қайшы (қарсы) әрекеттің (әрекетсіздіктің) сыртқы көрінісі.

Объективтік жақтың элементтеріне сол әрекеттің (әрекетсіздіктің) өзі, одан туындаған зиянды нәтиже және осы әрекетсіздіктен пайда болған зиянды нәтижесінің себеп-салдарлық байланысы жатады.

Әрекет (әрекеттілік, әрекетсіздік) - адамның ерік-ықтияры мен ақыл-парасатының қадағалауы мен бақылауындағы жүрісі-тұрысы (мінез-құлқы) және ол адамның әрекеттілігі немесе әрекетсіздігінен көрінеді.

Ерік-ықтияр еместігіне қарамастан адамды күштеу арқылы құқық бұзуға итермелеп көндіруден туындаған әрекет құқық бұзушылыққа жатпайды.

Әрекеттің құқыққа қайшы келушілігі - тікелей, жанама тыйымдар мен жарасымды (оңды) заңды жүріс-тұрыстың (мінез-құлықтың) құқық нормасында жіктелуінен көрінеді.

Зиян - қолайсыз салдар, бұлар мүліктік, мүліктік емес, ұйымдық, жекелік (дербес) және басқалай да сипаттар түрінде болуы мүмкін. Зиянның объективтік жағына сондай-ақ құқық бұзушылықтың болған орны мен уақыты да кіреді.

4. Субъективтік жағы - бұған өзінің жасаған әрекетіне және оның салдарына сол тұлғаның субъективтік қатынасын (қарауын) сипаттайтын үлгілердің (нышандардың) жиынтығы жатады. Мұнда басты категориялары болып – кінә, себеп және мақсаттар көрінеді.

Кінәнің - қасақаналық және абайсыздық деген екі түрі ажыратылып көрсетіледі. Құқық бұзуға ниеттенген адам өз әрекетінің құқыққа қайшы және оның зиянды салдарын біле тұра сондай әрекетке баруы қасақаналық деп бағаланады. Құқыққа қайшы әрекетке баруда адам оның зияндылығын жете түсініп тұрып сондай салдардың болуын тілеген болса бұл тікелей (әдейі) қасақаналық болып шығады. Ал енді сондай әрекетке баруда құқық бұзушы адам сол әрекетінің нәтижесінде зиянды салдардың болуын болжалдаған болса, онда бұл әрекет жанама қасақаналық болады.

Абайсыздық қылмыс астамшылық және қылмыстық астамшылық (менменсу) деп жіктеледі. Қылмыстық ұқыпсыздық болғанда адам өз әрекетінің құқыққа қайшы екендігіне мән бермейді, ол әрекетінің салдары қандай болатындығын да болжай алмайды.

Қылмыстық астамшылықта адам өз әрекетінің құқыққа қайшы келетіндігін түсінеді, оның қандай салдарға апарып соқтыратынын да, оның қауіпті нәтиже беретінін де болжайды, дегенмен жеңілтектік жасап ондай салдарды болдырмауға тырысады, үміттенеді.

Себеп - құқық бұзуға іштей талаптану. Мақсат - құқыққа қайшы әрекетке барудағы құқық бұзушының ұмтылыс жасап жетсем, алсам деген түпкілікті ойындағы көздеген нәтижесі.

Кінә және казус - факт ұғымы тығыз байланысты, ол адамның ерік-ықтияры қалауына байланысты туындамайды.

4. Заң алдындағы жауаптылық - құқық бұзушылыққа барған жағдайда оны жасаған адамның мемлекеттік мәжбүрлеу шараларына тартуының қажеттілігі.

Заң алдындағы жауаптылық белгілері:

а) құқықтық ұйғарымдар түрінде мемлекет белгілейді;

ә) құқық нормасының санкциясын жүзеге асыру түрінде көрінеді;

б) мемлекеттің мәжбүрлеуіне негізделеді;

в) құқық бұзушылықтың жасалуын нәтижесінде ғана туындайды;

г) құқық бұзушылық жасаған адамға қолайсыз салдар – жаза түрінде қолданылады;

д) міндет жүктеумен байланысты болады;

- е) іс жүргізу нысанында (түрінде) жүзеге асырылады;
- ж) мемлекеттің құзырлы органдары арқылы ғана қолданылады.

5. Заң алдындағы жауаптылық қай салаға жататындығына байланысты мынадай түрлерге бөлінеді.

- әкімшілік – әкімшілік сипаттағы теріс қылық жасалған жағдайда туындайды және шара қолдану (жаза қолдану) немесе айыппұл салу түрінде болады;

- азаматтық — заң алдындағы жауаптылық міндеттеме шарттарының бұзылу нәтижесінде туындайды;

- қылмыстық – заң алдындағы жауаптылық қылмыс жасалуының нәтижесінде ғана қолданылады;

- материалдық (дүниемен байланысты) – қандай бір мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер ұйымдарға зиян немесе залал келтірілген жағдайда заң алдындағы жауаптылық туындайды;

- тәртіптік — заң алдындағы жауаптылық әскери, еңбек, оқу орнындағы тәртіптер бұзылған жағдайда туындайды, бұлар шара қолдану, сөгіс жариялау, ескерту жасау түрлерінде болады.

Заң алдындағы жауаптылықты, оны анықтап жүктейтін органдарға байланысты мынадай түрлерге бөлуге болады:

- сот арқылы анықталып жүктелетіндері;

- мемлекеттік басқару органдары арқылы анықталып жүктелетіндері;

- басқа құрылымдар арқылы жүктелетіндері.

Заңдық жауапкершілік жүктеудің мақсатын, қызметтері (функциялары) мен қағидаттарын қарастырайық.

Заңды жауапкершіліктің мақсаты осы құқықтық амал, тәсіл арқылы қайсындай нәтижелерге қол жеткізуге болатынын көрсетеді, анықтайды. Және де осы нәтижелердің қандай болатынын анықтайды. Сөйтіп олардың мәнін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Заңдық жауапкершіліктің негізгі мақсаты субъектілердің құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау әрі қорғау болып табылады. Атап айтқанда осы заңдық жауапкершілік аспабы құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру және әлеуметтік байланыстардың әділетті түрде реттелінуіне бола белгіленеді.

Заңды жауаптылықтың қызметтерін оның алдына қойылған мақсаттар анықтайды, әрі содан туындайды.

Жазалау қызметі (функциясы) - орын алып отырған құқық бұзушылыққа мемлекеттік жаза қолдану түріндегі жауабы. Бұл жаза түріндегі жауап кінәлі адамға, оның жеке басына мүліктік немесе ұйымдық тауқымет тартқызу немесе мұқтаждыққа ұшырату, сөйтіп қолайсыз зардаптар шектіру арқылы сазайын беру түрінде білдіріледі.

Құқықты қалпына келтіру қызметі (функциясы) - құқыққа өкілетті субъектінің мүддесін қамтамасыз етудің барысында кінәліден келтірілген зиянды өндіріп алуға, шыққан шығынды, шеккен залалды өткізуге, жоғалған мүліктің орнын толтыртқызуға мүмкіндік береді.

Тәрбиелік қызметі (функциясын) – заңға теріс жүріс-тұрыстардың, құқық бұзушылықтардың алдын алудың, ондайларды болдырмаудың қажеттілігі дәлелдерін субъектілердің саналарында қалыптастыру, күнделікті болмыстағы қызметтерінде әдетке айналуын қамтамасыз етуге күш салу болып табылады.

Осы қызметтер заңдық жауапкершілік белгілеген мақсаттарға жетуге қолғабыс етіп көмектеседі.

Заңдық жауапкершілік қағидаттары (принциптері) - осы институттың іргетасын құрайтын ең басты негіздері, идеялары, тезистері болып табылады.

Заңдық жауапкершіліктің қағидаттарын төмендегідей етіп бөліп көрсетуге болады.

а) әділеттілік - мұның өзі тағайындалатын жазаның болған құқық бұзушылыққа мөлшерлестігі арқылы, теріс қылық үшін қылмыстық санкцияның белгіленуін болдырмау арқылы, жауапкершілікті бекітетін немесе оны күшейте түсетін заңның кері күшін жоққа

шығару арқылы, кінәлыға бір бұзықшылығы үшін тек бір ғана жаза түрінің жүктеліп (қолданылуы) арқылы білдіріледі.

ә) заңдылық — заңдық жауаптылық кінәлы адамға қатал түрде заң бойынша және заңда көзделген әрекеттері немесе әрекетсіздіктері үшін жүктеледі (қолданылады).

б) дәлелділік - істің нақты жағдайын жан-жақты және әділдікпен қарап, әрі тек жинақталған дәлелдемелер бойынша шешудің қажеттілігін, адамның құқық бұзушылық жасаудағы айғақтарын, құқық бұзушылығының нақты түрін, соған сәйкес келетін құқық нормасын анықтау бойынша білдіріледі.

в) жазадан құтылмайтындық - құқық бұзушылық үшін заң алдындағы жауаптылықтың болмай қоймайтындығы; құқық бұзушылықтың ашылуының ұтымдылығы, сапалылығы және толықтығы, кінәлы адамдарға мемлекет тарапынан жазалау түріндегі жауаптылықтың міндетті және ұтымды түрде жүктелетіндігінің сөзсіз болатындығы.

г) мақсатқа лайықтылық - жазаның заңдық жауаптылық мақсаттарына сәйкестігі, санкцияларды даярлау; жасалған әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) түрлі жағдайларын есепке алуда оны жұмсартатын да, ауырлататын да жақтарын ескеру.

Заңдық жауаптылықпен қатар құқық негізімен соның шегінде жүзеге асырылатын мемлекеттік ырықтандырудың басқа да түрлері атқарылады, оларға қорғау шаралары, бұлтартқызбау шаралары, тәрбиелік ырықтандыру шаралары, медициналық сипаттағы ырықтандыру шаралары жатады.

Егер заңдық жауаптылық, қосымша заңдық міндет жүктеумен байланысты болса (мысалы: еркінен айырумен), онда қорғау шарасы "ескі" яғни, "бұрынғы" осы субъектіге жүктелген міндетті орындаумен байланысты болады. Қорғау шарасының мақсаты - жазалау емес, тек құлық бұзушылық жасаған адамды жауаптылыққа тартпай, бұзылған құқықты қалпына келтіру болып табылады (мысалы, балаларын бағып-қағу үшін оның әкесінен нәпақа өндіруді заң жолымен еріксіз түрде алу).

Қылмыстық, әкімшілік, азаматтық істер бойынша өндірістің қалыпты жүргізілуін қамтамасыз етуге бағытталған бұлтартпау шаралары (ешқайда кетпейтіндік қолхаты, ұстау), сондай-ақ бұлардан басқа іс жүргізу шараларында (дербес тексеріс, куәландыру, күш қолданып тінту және т.б.) заңдық жауапкершілік шараларына қарағандағы айырмашылығы, олар тек құқық бұзушылықтың алдын алып болдырмау мақсатында қолданылады. Осы айтылып (жоғарыда мысал түрінде келтірілген) отырған жағдайда құқық бұзушылықтың орын алмауы себебінен жазалаудың да болуы орын алмайды.

Жаза қолданумен сипатталмайтын ырықтандыру шараларына: еріксіз түрде сақтандыру (алдын алу) шаралары (мысалы, карантин жағдайында жүріп-тұру еркіндігін шектеу); қоғамға қауіпті әрекеттерге (әрекеттіліктерге немесе әрекетсіздіктерге) барғаны үшін кәмелет жасына толмаған жастарға (әрекет қабілеттігі жоқ) қолданылатын тәрбиелік ырықтандыру шаралары; мемлекеттің немесе қоғамның мүддесіне бола құнының өтемін төлеп меншік иесінен мүліктерін төтенше, шұғыл жағдайларда (апатты ауыр жағдайларда, аварияларда, эпидемия-эпизоотия таралғанда) және басқа да төтенше сипаттағы жағдайларда қолданылатын алып қою шаралары жатады.

Сонымен, қоғамға, тұлғаға немесе мемлекеттік зиян келтіретін жағдайлар да бар. Бірақ мұнда зиян, залал келтірген тұлға заңдық жауаптылыққа тартылмайды. Міне осы жағдайлар әрекеттің құқықтық қайшылықтарын жоққа шығаратын жағдайлар деп аталады. Бұларға мына жағдайлар жатады:

1) қабілетсіздік - тұлғаның өз әрекеттеріне есеп бере алмайтын ессіздік күйі;

2) қажетті қорғану - бұл жағдайда қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер телімін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан сол қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса (ҚР ҚК-нің 32-бабы);

3) қылмыс жасаған адамды ұстау — қылмыс жасаған адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылыққа бару мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе;

4) аса қажеттілік - заң арқылы қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмеген жағдайында (ҚР ҚК-нің 34-бабы);

5) күштеп және психикалық мәжбүрлеу (жүйкесіне зақым ету) – егер күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде заңдармен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру жағдайында (ҚР ҚК-нің 36-бабы);

6) орынды тәуекелге бару - қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін орынды тәуекел еткен ретте заң арқылы қорғалатын мүдделерге зиян келтіру жағдайы (ҚР ҚК-нің 35-бабы);

7) бұйрықты немесе өкімді орындау - адамның өзі үшін міндетті болып табылатын бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасағанда оның заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру жағдайы - көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау жағдайы (ҚР ҚК 37-бабы);

8) елеулі маңызы болмайтын құқық бұзушылық - қоғамға мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туындатпаған жағдай (ҚР ҚК-нің 9-бабы);

9) казус (уақиға, шытырман қиын жағдай) және тағы басқалар.

Құқық бұзып, кінәлы болған субъектіге мемлекет өзінің мәжбүрлеу шараларын қолданады. Ол бойынша кінәлы субъектінің жеке өз басы мүліктік шектеуге ұшырайды немесе ұйымдық сипаттағы қысым мен шектеуге түседі.

Заң алдындағы жауаптылық бірнеше түрге бөлінеді — қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртіпсіздік және материалдық жауаптылық.

Заң алдындағы жауаптылық тек құқық бұзушылық орын алған жағдайда ғана туындайды. Мемлекеттің құқық бұзушыны жауапқа тартуға хақысы бар, ал құқық бұзушы мемлекеттің мәжбүрлеу шарасын мойындауы тиіс. Жауапқа тартылушы тұлға, мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы тек қана құқық бұзушылықтың бар екендігі анықталғанда және ол заңға сай келсе ғана мойынсұнуға құқылы. Жауапқа тартылушы адам, өзін заңсыз түрде жауапқа тартудан қорғауды талап етуге құқылы.

#### **Заңдылықтың сипаттамасы**

Заңдылық — заңдардың, басқа да нормативтік-құқықтық актілердің Республика аумағында мүлтіксіз және дәлме-дәл орындалуы. Заңдарды сақтайтын, орындайтын, жүзеге асыратын мемлекет органдары, ұйымдары, мекемелері, кәсіпорындары, лауазым иелері, азаматтар, қоғамдық бірлестіктер. Егер аталған субъектілер заңдарды мүлтіксіз орындаса қоғамда, мемлекетте заңдылық үстемдік етеді деп айтуға болады. Егер заңдар орындалмаса, бұзылса қоғамда заңдылық бұзылды деп айтады. Заңдылықтың сақталуы, үстем болуы — қоғам өмірінің тұрақтылығының алғы шарты. Заңдылық бұзылса демократияға, адамдардың құқықтары мен бостандықтарына зор нұқсан, зиян келтіріледі, қоғамдық тәртіп бұзылады.

Заңдылық қағидаттары (принциптері) - заңдылықтың мазмұнын ашатын, білдіретін негізгі идеялар, негіздер (бастаулар). Бұларға жататындар:

а) заң үстемдігі - ең жоғарғы акт ретінде бүкіл нормативтік актілердің және құқықты жүзеге асырудың бүкіл актілерінің заңға бағыныштылығы;



ә) заңдылықтың тұтастығы (жалпыға бірдей міндеттілігі) — белгілі бір мемлекеттік бүкіл аумағында құқық шығармашылығы мен құқықты жүзеге асырудың құқықтық қатынастардың субъектілері қызмет атқаруларының бірыңғай бағыттылығы.

б) заңдылықтың мақсаттылығы - қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін, өзі ең қолайлы әрі қатал түрде заң аясынан шықпайтын құқықтық әрекеттер нұсқасын таңдап алудың қажеттілігі;

в) заңдылықтың іске асатындығы - барлық қызметтердің түрлерінде құқықтық нормалардың орындалуына шын мәнісінде жету және қандай да болсын құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктен құтылмайтындықтың орнығуы.

Заңдылық Қазақстан аумағының барлық жерінде біртұтас құбылыс болып орнауы қажет. Мемлекеттің өр жерінде өр түрлі заңдылық болмайды. Алматының өз заңдылығы, Семейдің өз заңдылығы - бірінен-бірінің ерекшелігі болуы мүмкін емес. Егер олай болса, қоғамда тәртіпсіздік, бассыздық орын алатын болады. Заңдылық барлық Республика аумағында тұтас орнатылуы тиіс. Заң Батыс Қазақстанда сақталып, Шығыс Қазақстанда сақталмайтын, мойындалмайтын болса, ол заңдылықты бұзған болып саналады. Заңдылықты мақсаттылыққа қарсы қоюға болмайды. Себебі кез келген заң бір мақсатқа жету үшін жасалады. Заңдылықтың бұзылуының бір себебі — оны мақсаттылыққа қарсы қою. Жергілікті жердің ерекшелігін немесе басқа жағдайларды сылтауратып заңды бұзушылыққа жол берілмеуі керек.

Заңдылықты нығайту үшін кепілдіктер қажет. Олар: а) экономикалық кепілдік — қоғам шаруашылығының деңгейі жоғары болып, заңды жүзеге асыру үшін қаражат жеткілікті болуы керек; ә) саяси кепілдік — мемлекет органдары заңға сүйене отырып, өзіне тапсырған қызметті оралымды, тиімді істеуі қажет; б) құқықтық кепілдік — заңдарды үнемі жетілдіріп отыру, заңды бұзушылықтың алдын алу, сот әділдігін жүзеге асыру, жауаптылықтан бұлтартқызбау, әлеуметтік бақылау, т.с.с.

### **Құқықтық және қоғамдық тәртіп**

Қоғам тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген.

Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, былайша айтқанда, адамдардың мінез-құлқын реттейтін қағидалардың өсерімен яғни күшімен орнатылады.

Әлеуметтік нормалардың ең негізгісі, алғашқы пайда болғаны әдет-ғұрып, дәстүр қағидалары. Әр халықта олар ежелден-ақ қалыптасқан. Қазақ халқы әдеттерінің заң түрінде күші болған, "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы", "Тәуке ханның Жеті жарғысы" – бұлар негізінен әдеттік заңдардың жинақтары. Осындай әдеттердің күшімен қоғамда тәртіп орнатылған.

Әлеуметтік нормалардың маңызды түрі - әдептік нормалар. Әдептік нормалардың құқықтық сипаты болмайды. Олар адамға құқық бермейді, міндет жүктемейді. Олар адамның ар-ұятын, намысын қалыптастырып, солар арқылы қоғамдық тәртіп орнатуға ұйтқы балады. Әдептік нормалар құқықтық нормаларға түрткі, негіз балып отырады. Құқықтық нормалардың басым көпшілігі әдептік нормалардан нәр алады, соларға арқа сүйейді. Неғұрлым құқықтық нормаларға әдептік нормалар арқау болса, соғұрлым заңдардың әділеттік, адамгершілік мәні жоғары балады.

Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде қоғамда құқықтық тәртіп орнығады. Демек, құқықтық тәртіп дегеніміз құқықтық нормаларды жүзеге асыру нәтижесінде қалыптасатын қоғамдық тәртіп.

## **Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер:**

1.Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана,

Фолиант баспасы 2011.

2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Эверо”. 2004.
3. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. Алматы. 2002.
4. Алексеев С.С. Теория права. М.1996
5. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия. М.: Статут, 2000
6. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. Оқулық. Қарағанды. Болашақ баспасы. 2000.
7. Жоламан Д. Мухтарова А.К. Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы. 1999
8. Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы: Президент, Демократияның институттары. Алматы, 1996.
9. Зиманов С.З. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Парламенті. Алматы, 1996.
10. Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов // В кн. Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.
11. Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы. 2002.
12. Кобабаев О.К. Конституционно-правовые основы разделения властей в Казахстане. – Алматы, 1999.
13. Котов А., Котов Д. Действующее право как система и толкование его норм. Алматы. 1999.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Зиманов С.З. Сот тәуелдігі – сот әділдігінің кепілі // Тураби. 2001. № 3.
  2. Зиманов С.З. Быть олицетворением добра и справедливости... // Заңгер. 2001. № 1.
  3. Қасымбеков М.Әр елдің заңы басқа // Парасат 2002. № 8.
  4. Матюхин А. Государство в сфере права: институциональный подход. – Алматы: ВШП “Әділет”, 2000.
  5. Мынбатырова Н. Қазақ хандығы тұсындағы билер институты. // Право и государство. № 4 (23) 2001.
  6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы оның идеялық бірлігінде. Алматы. 1993.
  7. Нурпеисов Е.К. Психология правомерного поведения. Алма-Ата. Наука (КазССР). 1984
  8. Сартаев С.С. Дар мен ар алдындағы сөз. Алматы. 2001.
  9. Сартаев С.С. Некоторые вопросы истории и теории правового государства // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук. 1989. № 5
  10. Соловьев Э.Ю. Правовой нигилизм и гуманистический смысл права // Квинтэссенция. Философский альманах. М. 1990